

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясы

САБИТОВА ТОЛГАНАЙ АЛТЫНБЕКОВНА

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге шарасы ретінде мүлікті
тәркілеу: қазіргі жағдайы және даму перспективалары

7М12303 «Құқық қорғау қызметі» (ғылыми және педагогикалық бағыт) білім
беру бағдарламасы бойынша ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі
дәрежесін алуға диссертация

Ғылыми жетекші

Қазақстан Республикасы Бас

прокуратурасының жанындағы Құқық

қорғау органдары академиясының Арнайы

заң пәндері кафедрасының доценті, заң

ғылымдарының кандидаты, кіші әділет

кеңесшісі

А.М. Алибекова

Қосшы қ., 2022 жыл

ТҮЙІНДЕМЕ

Диссертациялық жұмыс өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу институтына арналған мемлекеттік тілдегі алғашқы кешенді зерттеу. Оның аясында институтты регламентациялау бөлігінде нормативтік-құқықтық актілер нормаларға талдау жүргізілді, шетелдік тәжірибені ескере отырып, заңнамалық және практикалық проблемалар анықталып, оларды шешу жолдары мен жетілдіруге бағытталған шаралар ұсынылды.

РЕЗЮМЕ

Диссертационная работа является первым комплексным исследованием на государственном языке посвященный институту конфискации имущества как иной меры уголовно-правового воздействия. В ее рамках проведен анализ норм нормативно-правовых актов в части регламентации института, определены законодательные и практические проблемы, предложены пути их решения и другие меры, направленные на совершенствование, с учетом зарубежного опыта.

SUMMARY

The dissertation work is the first comprehensive study in the state language dedicated to the institution of confiscation of property as another measure of criminal legal impact. Within its framework, an analysis of the norms of normative legal acts regarding the regulation of the institute was carried out, legislative and practical problems were identified, ways to solve them and other measures aimed at improvement were proposed, taking into account foreign experience.

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ.....	5
1. ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАЛАРЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МҮЛІКТІ ТӘРКІЛЕУ	
1.1. Қылмыстық құқық институты ретіндегі мүлікті тәркілеудің ұғымы және тарихи-құқықтық талдау	10
1.2. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеудің мақсаты мен құқықтық табиғаты	22
1.3. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеудің халықаралық стандарттары	38
1.4. Кейбір шетел мемлекеттерінің тәжірибесі бойынша өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу	50
2. ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАСЫ РЕТІНДЕГІ МҮЛІКТІ ТӘРКІЛЕУДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕГЛАМЕНТТЕУ	
2.1. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге шарасы ретінде мүлікті тәркілеуді құқықтық реттеу	64
2.2. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде мүлікті тәркілеуді жүзеге асыру проблемалары	79
2.3. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде мүлікті тәркілеу институтынның даму перспективалары	90
ҚОРЫТЫНДЫ.....	101
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ.....	106
ҚОСЫМША 1. Енгізу актісі	121
ҚОСЫМША 2. Нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстарға салыстырма кесте.....	122

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Диссертациялық жұмыста сәйкесінше белгілер және қысқартулармен келесі терминдер қолданылады:

ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚК	Қылмыстық кодексі
АҚ	Азаматтық кодексі
ҚПК	Қылмыстық-процестік кодексі
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
КСРО	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
РКФСР	Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы
ОАК	Орталық атқарушы комитеті
ЖЭС	Жаңа экономикалық саясат
ХКК	Халық комиссарларының кеңесі
РФ	Ресей Федерациясы
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достығы
СДТТБТ	Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. «Қазақстан – 2050» стратегиясында дәл байқалғандай, корпоративтік ойлаудың қуаты – барлық процестердің біртұтас алып қаралуында [1]. Қылмыстылық аясындағы процестерді қарастырсақ, қылмыстық құқық бұзушылықтар, әсіресе халықаралық сипаттағы қылмыстар қылмыстық жолмен табылған активтермен тікелей байланысты. Қылмыстарды қаржыландыру активтері, қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде табылған мүліктер мен қаражаттар бұл қоғамға қауіпті механизмінің үзіліссіз айналымын қамтамасыз етеді. Қылмыстылық механизміне ықпал етіп, келесі қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу, келтірілген зиянның орнын толтырудың бір құралы мүлікті тәркілеу институты болып табылады.

Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасында мүлікті тәркілеу екі бағытылы бекітілген: қосымша жаза ретінде және қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде. Қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде мүлікті тәркілеу Біріккен Ұлттар Ұйымының 2003 жылғы 31 қазандағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының 54-бабында, Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржы шараларын әзірлеу тобының «Қырық ұсынысында» және өзге актілерде көрсетілген қылмыстық іс жүргізуден тыс мүлікті тәркілеуді енгізу ұсынысы бойынша енгізілген. Алайда Қазақстан Республикасында қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеудің мүмкіндіктері қазіргі таңда әлі де толық қолданылмауда. Оның көрінісін қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі қылмыстық іс бойынша сот үкіміне дейінгі мүлікті тәркілеудің тәжірибеде сирек қолданылуынан көре аламыз.

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу қылмыстық қудалау және жауаптылыққа тарту мүмкін емес жағдайларда (күдіктінің қаза болуы, жасырынуы, т.б.) заңсыз алынған мүлікті тәркілеу арқылы қылмыстық мүліктің уақытылы заңсыз айналымнан алынып, жылыстауын және өзге қылмыстық құқық бұзушылықтарды алдын алуға

мүмкіндік береді. Сондықтан өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу оның институты ерекшеліктерін және шетел мемлекеттері тәжірибесін зерделеп, теориялық және практикалық мәселелерді анықтау, зерттеу, талдау, оны жетілдіруді қажет етеді.

Шешілетін ғылыми мәселенің және/немесе практикалық мәселенің қазіргі жағдайын бағалау. 2008 жылы Қазақстан Республикасында Біріккен Ұлттар ұйымының 2003 жылдың 31 қазанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенция және 2000 жылдың 15 қарашасындағы Трансұлттық ұйымдасқан қылмыстылыққа қарсы конвенция ратификацияланып, олардың ұсыныстары негізінде өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде мүлікті тәркілеу нормалары 2014 жылдан бастап Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамаларда өз орнын тауып, 2018 жылдан күшіне енген. Қылмыстық-ықпал ету шарасы ретінде мүлікті тәркілеу өзге мемлекеттердің тәжірибесінде алаяқтық, сыбайлас жемқорлық, қылмыстық жолмен алынған мүлікті жылыстату сияқты қылмыстармен күресуде үлкен рөл ойнап келгенімен, отандық институт әлі де өз нәтижелерін көрсете алмауда және жылына санаулы қылмыстық істер бойынша қолданылып келеді. Ол бойынша Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде және өзге де деректер базаларында мәліметтер, статистикалық ақпараттар қарастырылмаған.

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу мәселесіне И. Ш. Борчашвили, Д. Ю. Борченко, В. Н. Жалинский, М. Ч. Когамов, Э. В. Мартыненко, В. И. Михайлов, Т. П. Ратко, Д. И. Самгина, С. Ю. Самойлова, А. В. Степенко, П. С. Яни сияқты шетелдік авторлардың, қылмыстық жаза ретіндегі мүлікті тәркілеу институты аясында А.М.Касенова, Н. К. Күзенбаев, Б. А. Кулмуханбетова, Б. Курманов, Ж. Құмарбекқызы, Е. А. Омаров, С. М. Рахметов, Д. Финк және т.б. бірқатар отандық құқықтанушы ғалымдардың еңбектері бар.

Зерттеудің мақсаты өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеумен байланысты мәселелерді кешенді зерттеу, соның

ішінде өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу институтын теориялық негіздемесін және қолдану мәселесін зерттеу, тиімді қолдануға бағытталған ғылыми негізделген ұсынымдар жасау.

Аталған мақсатқа жету үшін зерттеуге келесі міндеттер қойылады:

- өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу институты мен құқықтық негіздерін кешенді зерттеу, оның қосымша жаза ретіндегі мүлікті тәркілеумен аражігін анықтау;

- өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеудің негіздері, шарттары мен сипатын зерделеу және талдау;

- шетел мемлекеттерінің сот үкіміне дейін қолданатын өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеуді қолдану бойынша тәжірибесін зерттеу, оның Қазақстан Республикасында қолдау мүмкіндіктеріне талдау жүргізу;

- өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу бойынша құқықтық нормаларды жетілдіру мен үйлесімдеу, сондай-ақ оны оңтайлы қолдану бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу объектісі қылмыстық заңнамадағы өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу саласындағы қоғамдық қатынастар болып табылады.

Зерттеу тақырыбын өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде мүлікті тәркілеу негіздері мен тәртібін реттейтін қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-процестік нормалар және шетел мемлекеттерінің тәжірибесі құрайды.

Зерттеу жүргізудің әдістері мен әдіснамалық негіздері. Зерттеу барысында танымның жалпы ғылыми әдістері мен арнайы әдістері қолданылады: тарихи, құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, логикалық талдау, статистикалық талдау әдістері.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі. Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамадағы өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде мүлікті

тәркілеуді мемлекеттік тілдегі алғашқы кешенді зерттеу болып табылады.

Қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеудің қолданылуы мен оң нәтижелері қылмыстық заңнамаларға салыстырмалы түрде жаңа нормалардың енгізілуіне қарамастан, толыққанды қалыптаса алмай жатыр. Ол үшін:

- қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеуге кедергі келтіретін нормативтік-құқықтық актілерді, қайшы нормаларды анықтау;
- тәжірибеде қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеудің жүзеге асуына, мән-жайларына және қазіргі жағдайына талдау жасау;
- қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеудің оңтайлы қолданылуы бойынша ұсыныс беру маңызды.

Қорғауға шығарылатын шығарылатын ережелер.

1. Мүлікті тәркілеу ұғымын қосымша жаза және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде анықтауға икемді ету және ҚР ҚК 48-баптың екінші бөлігіндегі тәркіленуге жататын мүлік түрлерін заң техникасына қайшы қайталауды болдырмау мақсатында осы баптың бірінші бөлігін келесі редакцияда өзгертуді ұсынамыз:

«48-бап. Мүлікті тәркілеу.

1. Мүлікті тәркілеу – сот шешімі бойынша осы баптың екінші бөлігінде белгіленген мүліктерді мәжбүрлі өтеусіз алып қою және мемлекет меншігіне айналдыру».

2. Үшінші тұлғалардың, оның ішінде адал сатып алушылардың құқықтарының қорғалуына кепілдік беру және отандық практикада кеңінен таралған мүлікті жасыру мақсатында үшінші тұлғаларға ресімдеумен күресу бағытында ҚР ҚК 48-бабының екінші бөлігінің 5) тармағында «басқа тұлғалардың меншігіне» деген сөздерден кейін «тегін немесе шынайы құнынан едәуір төмен не формальды түрде» деген сөздермен толықтырып келесідей редакцияда қарастыру ұсынылады:

«5) осы бөліктің 1), 2), 3) және 4) тармақтарында көрсетілген, сотталған адам (мүліктің шығу тегі жөнінде білген не білуі тиіс) басқа тұлғалардың меншігіне тегін немесе шынайы құнынан едәуір төмен не формальды түрде берілген ақша және өзге де мүлік жатады».

3. Мүліктің қылмыстық жолмен табылған ақша не өзге мүліктермен араласуына, мүліктің пайдалануына, жойылуына байланысты оны анықтау, теңдестіру мүмкін емес жағдайларда тәркілеуді қамтамасыз ету және тек сол сомадағы ақшалай қаражат емес, құнына тең өзге мүлікті тәркілеу мүмкіндігін беру мақсатында ҚР ҚК 48-бабының үшінші бөлігінің келесі редакциясы ұсынылады:

«3. Егер осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген мүлікке кіретін белгілі бір затты тәркілеу осы затты тәркілеу туралы сот шешімі қабылданған кезде оның пайдаланылуы немесе өзге де себептермен анықталмауы не теңдестірілуі мүмкін болмаса, сот шешімі бойынша осы заттың құнына сәйкес келетін ақшалай сома не өзге мүлік тәркіленуге жатады».

4. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу ҚР ҚПК 15-бабымен тәртібі анықталатын «Заңсыз жолмен алынған мүлікті үкім шығарылғанға дейін тәркілеу туралы іс жүргізу» арқылы жүзеге асырылады. ҚР ҚК 48-бабына сәйкес тәркілеуге тек қылмыстық жолмен табылған мүлік жатады, ал заңсыз жолмен алынған ұғымы кең болып табылады. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеуді регламенттеу бөлігінде қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнама нормаларының бірізділігін қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай «қылмыстық жолмен табылған мүлікті тәркілеу» ұғымын қолданған жөн.

Апробация және нәтижелерін енгізу. Диссертациялық зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ақмола облысы полиция департаменті Қосшы қалалық полиция басқармасы практикалық жұмысына енгізілді.

1. ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАЛАРЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МҮЛІКТІ ТӘРКІЛЕУ

1.1. Қылмыстық құқық институты ретіндегі мүлікті тәркілеудің ұғымы және құқықтық табиғаты

Қылмыстық жолмен алынған мүлік пен табысты тәркілеу проблемасы қоғамдағы пікірталастық мәселе. Бұл шараның дамуын және кеңеюін қарастыру оның құқықтық табиғаты мен бұрын және қазіргі таңда қолданудың тәжірибесін зерттеуді қажет етеді.

Мүлікті тәркілеу табиғатына тоқталмас бұрын мүлік және тәркілеу ұғымдарына тоқталған жөн.

«Мүлік» термині араб тілінің «мульк», яғни «дүние», «меншік», «иелік» сөзінен шыққан [2]. Алғашқыда ол мұсылмандардың жеке меншік құқығы негізіндегі жер игіліктерін білдірген болатын [3].

ҚР Азаматтық кодексінің 115-бабының екінші бөлігінде мүлікке келесі түсінік беріледі: «мүліктік игіліктер мен құқықтарға (мүлікке): заттар, ақша, соның ішінде шетел валютасы, қаржы құралдары, жұмыс, қызмет, шығармашылық-интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және бұйымдарды дараландырудың өзге құралдары мүліктік құқықтар, цифрлық активтер мен басқа да мүлік жатады» [4]. Осыдан мүлік ретінде жеке мүліктік емес игіліктер қатарына жатпайтын объектілер саналады деген тұжырымға келеміз.

Келесі «тәркілеу» сөзі де араб тілінің «тәркі» - «безу» сөзінен шықты деген пайымдауға негіз бар [5]. Мысалы, Б.Қалиевтың Қазақ тілі түсіндірме сөздігінде «тәркі» «байлардың мал-мүлкін, байлығын тартып алу шарасы» және ауыспалы мағынада «қиындық», «тартыс» ретінде түсіндіріледі [6]. Сондай-ақ қазақтың көне «тәркей» сөзі сөздіктерде «талас», «тартыс» мағынасын көрсететіндігі белгіленген [7]. Сөздіктерде сонымен қатар «тәрк ету» - «тастау», «безу», «баз

кешу» түсіндірмелері де кездеседі [8]. Тәркілеу ұғымы мүлікті тастатқызу, тартып алу мағынасынан шыққан болуы керек.

«Тәркілеу» сөзімен қатар «қанталауға салу», «әстеңке қылу», орыс тілімен енген «кәмпескелеу», яғни «конфискация» қолданылған. Аталған сөздің этимологиясына келетін болсақ, ол латынның «қазынаға алу», «сандыққа салу» сөзінен шыққандығын және жеке меншіктің қазына пайдасына алуды білдіргендігін аңғарамыз [9].

Б.Құсбекова сөздігі бойынша «тәркілеу» елде қолданылатын заңнамаға сәйкес мемлекет тарапынан жүргізілетін еріксіз және ақысыз мүліктен айыру [10]. Берілген түсіндірме тәркілеудің мағынасын толықтай ашпағанымен, кең ортада қолдану үшін икемді.

Жалпы мүлікті тәркілеу ұғымы бойынша сөздіктерде: «сотталған адамның меншігі болып табылатын мүліктің бәрін немесе бір бөлігін мемлекет меншігіне мәжбүрлеп өтеусіз алу. Пайдакүнемдік ниетпен жасалған қылмыс үшін белгіленеді және қылмыстық кодекстің тиісті баптарында көзделген жағдайларда тағайындалауы мүмкін» - деген түсіндірме беріледі [11]. Бірақ аталған толық түсіндірме шындыққа сәйкес емес, себебі мүлікті тәркілеу тек пайдакүнемдік арқасында алынған мүлікті ғана емес, сондай-ақ кез келген қылмыстың құралы болған заттарды алудан тұрады және ол сотталған адам меншігіне де болмауы мүмкін.

ҚР АҚ 254-бабына сәйкес ҚР заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда мүлік меншік иесінен әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін санкция түрінде сот тәртібімен өтеусіз алып қойылуы, тәркіленуі мүмкін.

О.И.Давыдованың пайымдауынша: «Мүлікті тәркілеу – тұлғаға қылмыс жасауына байланысты тағайындалатын, қылмыстардың алдын-алу мақсатында айыптау үкімі негізінде нақты заңмен белгіленген мүлікті мәжбүрлі, қайтарымсыз алу және мемлекет меншігіне айналдырудан тұратын қылмыстық-құқықтық сипаттағы шара» [12].

Д.Ю.Борченконың пікірі бойынша: «Мүлікті тәркілеу – қылмыстық заңмен көзделген, қылмыс жасағанға кінәлі деп танылған тұлғаға айыптау үкімі, ұйғарымы не қаулысымен тағайындалатын, сотталғанның не өзге тұлғаның заңсыз иелігіндегі, қылмыс жасау нәтижесінде алынған табыс, не терроризм мен ұйымдасқан қылмыстық топты қаржыландыруға арналған, не қару, жабдық, өзге қылмыс жасау құралдарын мәжбүрлі, қайтарымсыз және түпкілікті алып қоюынан тұратын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы» [13]. Берілген анықтамалар мүлік тәркілеуді тек жаза ретінде сипаттайды және басқа сипатынан анықтау үшін икемсіз болып келеді.

Мүлікті тәркілеу ретінде, О.А.Кузнецованың пікіріне сәйкес, тек қана сот шешімі бойынша құқыққа қарсы әрекет үшін қолданылған немесе арналған мүлікті, сондай-ақ тұлғаға онымен жасаған құқық бұзушылық үшін санкция есебінде меншік құқығымен тиесілі мүлікті мәжбүрлі, қайтарымсыз мемлекет меншігіне заңмен көзделген алу түсініледі [14]. Бұл анықтама мүлікті тәркілеу жаза және қауіпсіздік шарасы (арнайы тәркілеу) міндетін анықтайтынын белгілейді, бірақ қылмыстық мақсатқа арналған не қолданылған мүлік көрсетіліп, қылмыс нәтижесінде табылған мүлік пен қаражат ескерілмеген.

Халықаралық ұйымдардың конвенцияларына келетін болсақ, Страсбург конвенциясында: «тәркілеу» жазалауды немесе қылмыстық іс немесе қылмыстық істер бойынша мүлкінен айырудан тұратын сотта істі қарау нәтижесінде сот белгілеген шара» түсініледі [15].

Еуропа Қауіпсіздігі Кеңесінің Қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу және терроризмді қаржыландыру туралы конвенциясының 1-бабының с) тармағына сәйкес, «мүлікті тәркілеу» қылмыстық іс не істер бойынша сот іс жүргізу нәтижесінде сотпен тағайындалған және мүліктен айырудан тұратын жаза не шараны білдіреді» [16].

Палермо конвенциясы бойынша, тәркілеу ретінде соттың немесе басқа да құзыретті органның қаулысы бойынша мүлдем айыру түсініледі [17]. 2003 жылдың 31 қазанында қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы конвенциясына сәйкес, «тәркілеу» соттың немесе басқа да құзыретті органның қаулысы бойынша мүліктен түбегейлі айыруды білдіреді. Мұнда «мүлік» заттай немесе құқықтай түріндегі материалдық немесе материалдық емес, жылжымалы немесе жылжымайтын кез келген активтерді, сондай-ақ осындай активтерге немесе олардағы мүдделерге меншік құқығын растайтын заңдық құжаттарды немесе актілерді білдіреді [18]. Алайда ҚР Конституциясының 26-бабының үшінші бөлігіне сәйкес, ешкімді өз мүліктен сот шешімінсіз айыруға болмайды, сондықтан өзге органның қаулысы бойынша мүліктен айыру ережесі біздің Конституциямызға сәйкес келмейді [19].

Мүлікті тәркілеудің бұл түсінігі оны қылмыстық-құқықтық тәртіпте де, адамның сотталуына негізделмейтін мүлікті тәркілеуді де қамтуға мүмкіндік береді. Еуропада тәркілеу өз алдына қаражат не өзге мүлікке иелік ету құқығын мемлекетке беруден тұрады. Бұл жағдайда көрсетілген қаражат не өзге мүлікке қызығушылығы бар тұлға (тұлғалар) немесе компания (компаниялар) тәркіленген не аластатылған қаражат не өзге мүлікке барлық құқықтарын жоғалтатын соттық немесе әкімшілік рәсім болып табылады [14]. Көрсетілген халықаралық құқықтық актілердің оңтайлы жағы – мүлікті тәркілеуді тек жаза емес, өзге құқықтық институт ретінде қолдануын шектемейді.

Аталған анықтамалар шеңберінде әр мемлекеттің қылмыстық құқықығындағы мүлікті тәркілеу түрлі көрініс тапқан.

Қолданыстағы әрбір нормативтік құрылым өткеннің элементінен тұрады. Осыған орай, профессор Б.В.Волженкиннің заманауи зерттеуші заңи ойдың даму логикасын түсінуге және жаңа жағдайда пайдалы болуы мүмкін, өзгерген түрде болсын, идеяларды алуға ұмтылу керек жөніндегі пікірін қолдаймыз.

Мүлікті тәркілеу институты да ежелгі институттардың бірі ретінде алдымен тарихы мен ескі құжаттарды қарауды талап етеді.

Оның институты рим құқығында алғаш рет құқықтық ықпал ету шарасы ретінде пайда болған. Кейін мүлікті тәркілеу Еуропа мен Оңтүстік-шығыс Азия мемлекеттерінің заңнамаларына енген. Тәуке хан кезінде Қазақ хандығында

қабылданған «Жеті жарғы» заңдары кезінде де мүлікті тәркілеу қолданылған. Қазақ дәстүрінде қазіргі түсініктегі мүлікті тәркілеуді білдіретін келтірілген зиян орнын толтыру үшін мәжбүрлі түрде кінәлінің мүлкін алып қоюдан тұратын бірқатар жаза түрлерін кездестіруге болады. Адам өлімі жағдайында «қанжуар», яғни қарсы жақтан құннан бөлек малды алып қоюды бура шайнап өлтірген жағдайда жәбірленушіге сол бураны қолына беруді мүлікті тәркілеудің бір көріністері ретінде санасақ болады [20]. Сондай-ақ, барымта, қылмыс жасаған жақтың би үкіміне көнбеген не кешіктірген жағдайында, даугердің бимен белгіленген көлемінде айыптыдан малды еркінен тыс айдап алуды мүлікті тәркілеудің формасы ретінде қарастыруға болады.

Қазақ хандығының Ресей империясы отарына айналуы, оның дәстүрлі құқығының патша үкіметі заңдарымен бірте-бірте араласуына, кейін алмасуына әкелді. Отар болған мемлекеттің құқығы мен саясаты тығыз байланыста болғандықтан, ресейлік және кеңестік тәркілеу тарихын жеке ысырып қарастыру мүмкін емес. Ресейлік қылмыстық заңнамасының өзінде «мүлікті тәркілеу» («конфискация») термині ұзақ уақыт қолданылмай, бірде алынып (1775 жылы II Екатеринамен, 1802 жылы I Александрмен) тасталып, бірде қайта қалыпқа кетіріліп отырған (1826 жылғы I Николай жарлығымен). 1845 жылғы Қылмыстық және түзетуші жазалар туралы жарлықтың қабылдануымен айналымына тыйым салынған, қылмыс құралдарын және қылмыс арқылы табылған заттарды тәркілеу қарастырылады. Н.Д.Сергеевский байқағандай: «жазадан қазынаны толтыру үшін қаражат алу мемлекет басқармасының тұрақты қамы болған, осыдан мүліктік өндіріп алу кең дамыған» [21]. Бірақ XIX ғасырдағы демократиялық бастаулармен жалпы мүлікті тәркілеу сынға алынып, 1903 жылғы 1903 жылғы Қылмыстық заңдар жинағының 36-бабында тек арнайы мүлікті тәркілеу көзделді.

Қазан төңкерісінен кейін мүлікті тәркілеу жеке меншікті жоюдың негізгі құралына, экспроприацияның бір формасына айналды. 1917 жылдың 19 желтоқсанында РКФСР-дың халық комиссариатының «Революциялық трибунал

туралы» нұсқаулығында секвестр немесе мүлікті тәркілеу түріндегі жаза қарастырылды. Мүлікті тәркілеу кеңес үкіметі қызығушылығына қарсы, контрреволюциялық қылмыстар үшін көзделді және бірнеше декреттермен қарастырылды [22]. Оны қолдануды жүйелеу мақсатында мүлікті тәркілеуді тек қылмыстық жаза ретінде емес, әкімшілік шара ретінде белгілеген 1920 жылдың 16 сәуірінде Халық комиссарларының кеңесі (әрі қарай – ХКК) «Реквизиция және мүлікті тәркілеу туралы» Декреті қабылданды. Декреттің 3-бабына сәйкес, мүлікті тәркілеу ретінде мемлекетпен жеке тұлға не қоғам иелігіндегі мүлікті иеліктен шығару түсіндірілді [23].

1921 жылдың 3 қаңтарда ХКК «Реквизиция және мүлікті тәркілеу туралы» декретінің 3-бабында жеке тұлғада тауарларды алып-сату жолымен (спекуляция) алынды деген күдік тудыратын айтарлықтай қаражат сомасы анықталған жағдайда олар мемлекет кассасындағы шотына алдын ала оның шығу тегі анықталғанға дейін мәжбүрлі түрде алынатындығы белгіленеді [24].

Мүлікті тәркілеуді бірінші рет жаза ретінде бекіткен жүйеленген нормативтік акт 1919 жылғы 12 желтоқсандағы РКФСР Қылмыстық құқық бойынша басшылыққа алатын басталаулары болды. Ол мүлікті тәркілеу түсіндірмесін қамтымағанымен, оны негізгі және қосымша жаза түрінде белгіледі. РКФСР 1922 жылғы бірінші Қылмыстық кодексі толық және ішінара мүлікті тәркілеуді (32,38-бб) мүліктік жаза қатарына жатқызды. Оған сәйкес, мүлікті тәркілеу мемлекет пайдасына сотталғанның мүлікін толық не сотпен белгіленген бөлігін өтеусіз мәжбүрлі түрле иеліктен шығару деп түсіндірілді [25].

1922 жылғы кодексте мүлікті тәркілеу 200 баптың 55 бабында сакция ретінде қарастырылды (барлық баптардың 28%). Одан бөлек, сот мүлікті тәркілеуді кез келген қылмыс үшін кез келген жазаға қосымша тағайындау құқылы болды [26].

1920-жылдардың басында «әскери коммунизм» саясаты дағдарысы басталып, КСРО экономикалық жағдайы нашарлады. Нарықтық экономиканы

ішінара қалыпқа келтіру мақсатында жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) басталды. Жаңа саясатты қоғамға енгізу, сауда мен өндірісте азаматтардың бастамасын дамыту үшін азаматтардың жеке меншігіне қолсұғылмаушылығын қамтамасыз ету қажет болды. Оның нәтижесінде мүлікті тәркілеу шеңбері шектеліп, 1924 жылғы 31 қазанда қабылданған КСРО және кеңестік республикалардың қылмыстық заңнамаларының Негізгі бастауларында мүлікті тәркілеу өзге мәжбүрлеу шараларымен бірге «Әлеуметтік қорғау шараларында» бекітілді. Сондай-ақ мүлікті тәркілеуді қолдануға тыйым салынатын мүлік тізбесі бірінші рет анықталды. Оған РСФСР ХКК және Орталық атқарушы комитетінің «Сот бойынша мүлікті тәркілеуді шектеу туралы» 1927 жылдың 15 маусымындағы қаулысымен енгізілген өзгерістерге сәйкес, мүлікті тәркілеу тек заңда көзделген жағдайларда ғана қолданылатын болды [27].

1926 жылғы РКФСР Қылмыстық кодекс, жазаларды «сот-атқарушылық сипаттағы әлеуметтік қорғау шаралары» атағанына қарамастан, 1922 жылғы РКФСР ҚК-гі мүлікті тәркілеу туралы ережелерін сақтады.

1926 жылғы РКФСР ҚК 40-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, мүлікті тәркілеу сотталғанның жеке меншік немесе ортақ меншіктегі үлесі болып табылатын барлық немесе сотпен нақты анықталған мүлкін мемлекет пайдасына мәжбүрлі және қайтарымсыз иеліктен шығару деп анықталды [28]. Аталған ұғымға қатысты М.Авдеева келесі пікір білдірген: «Анықтамада «иеліктен шығару» терминін қолдану тәркілеудің толық табиғатын ашпайды, сондықтан оның тек қайтарымсыз емес, әрі «мәжбүрлі» екендігін атау керек. Анықтамадағы қажетсіз ұзақтықтан «алып қою» терминін қолдану арқылы алшақтауға болады» [29].

Аталған ой өзінің жүзеге асуын 1958 жылғы 25 желтоқсандағы «КСРО мен кеңес республикалардың қылмыстық заңнамаларының негіздерін бекіту туралы» Заңның 30-бабы бірінші бөлігінде тапты. Ол бойынша мүлікті тәркілеу «Сотталғанның жеке меншігі болып табылатын мүлкін толық не ішінара мемлекет меншігіне алып қою» деп анықталды. Заңға сәйкес, мүлікті тәркілеу

мемлекетке қарсы және ауыр пайдакүнемдік қылмыстар үшін ғана тағайындалды (30-бап 2-б). Келесі 1972-1973 жылдары КСРО Жоғары Кеңесі Президиумы нұсқауларымен тәркілеуді одан әрі шектелді [30].

1958 жылғы КСРО және кеңес республикалары қылмыстық заңнамаларының негіздеріне сәйкес 1959 жылы 22 шілдеде қабылданған Қазақ КСР Қылмыстық кодексінде мүлікті тәркілеу 31-бапта сотталғанның жеке меншігіндегі мүлікті толық не бөлігін мемлекет пайдасына қайтарымсыз алып қоюдан тұратыны белгіленді. Мүлікті тәркілеу тек қосымша жаза ретінде анықталды және КСРО заңнамасымен көрсетілген жағдайларда, пайдакүнемдік қылмыстар бойынша – Қазақ КСР заңнамасында көзделсе ғана тағайындала алды [31].

1991 жылғы КСРО таралуына байланысты күшіне енбеген КСРО мен республикалар қылмыстық заңнамаларының негіздері мүлікті тәркілеуді арнайы жағдайларда тағайындалатын қосымша жаза ретінде анықтады. Бұрын қабылданған негіздермен салыстырғанда мұнда тәркіленуге жатпайтын мүлік тізбесі болған жоқ, себебі тәркілеу жазаны орындауға жатады және қылмыстық-атқарушылық нормаларында қаралуы керек еді [27, 38 б]. 1997 жылғы алғашқы басылымдағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 51-бабына сәйкес, мүлікті тәркілеу сотталғанның меншігі болып табылатын мүлікті толықтай не бөлігін мемлекет меншігіне мәжбүрлі өтеусіз алып қою деп анықталды. Ол тек пайдакүнемдік қылмыстар үшін тек Кодекстің Арнайы бөлімінде көзделген жағдайларда тағайындала алды. Тәркіленуге жатпайтын мүлік тізбесі қылмыстық-атқарушылық заңнамамен белгіленді [32].

2011 жылғы 9 қарашадағы рекдакциясында мүлікті тәркілеу анықтамасы толықтырылып, тәркіленуге жататын мүлікке қылмыстық қару және құрал қосылды: «Мүлікті тәркілеу дегеніміз сотталған адамның меншігі болып табылатын мүліктің бәрін немесе бір бөлігін, сондай-ақ қылмыс жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлікті мемлекеттің меншігіне мәжбүрлеп өтеусіз алу» [33].

2007 жылдың 21 шілдесіндегі ҚР Заңымен сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін сотталғанның меншігінен басқа қылмыстық жолмен алынған немесе қылмыстық жолмен алынған қаражатқа сатып алынған, өзге тұлғалар меншігіне берілген мүлік тәркілеу туралы ережесімен толықтырылды [34]. Кейін сотталғанның меншігінен басқа қылмыстық жолмен алынған немесе қылмыстық жолмен алынған қаражатқа сатып алынған, өзге тұлғалар меншігіне берілген мүлік тәркілеу ұйымдасқан топ, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық ұйымасқан топ, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, тұрақты қарулы топ құрамында жасалған қылмыстық істер үшін көзделді [35]. ҚР ҚК 193-бабында көзделген (Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату) қылмыстары үшін тағайындалды, ал террористік қылмыстар бойынша террористік әрекетті қаржыландыруға пайдаланылған не пайдалануға арналған мүлік те тәркіленетін болды [36]. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін заңсыз алынған барлық мүлік түрлерін тәркілеу сотталушының заңды мүлкін тәркілеуге қосымша жүргізілді.

2014 жылғы ҚР ҚК 48-бабына сәйкес, мүлікті тәркілеу сотталушының кез келген мүлкіне қатысты емес, тек заңсыз алынған және қылмыспен байланысты мүлік тәркіленуге жатты. Осылайша «Мүлікті тәркілеу дегеніміз – сотталған адамның меншігіндегі, заңсыз жолмен табылған не заңсыз жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлікті, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлікті мәжбүрлеп өтеусіз алып қою және мемлекеттің меншігіне айналдыру» деп анықталды.

Сонымен қоса, мүлікті тәркілеу қосымша жазадан бөлек, алғаш рет өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде енгізілді.

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеуге Ф.К.Набиуллин келесі анықтаманы берген: «Мүлікті тәркілеу – мәжбүрлі және өтеусіз сипаттағы айыпталушы немесе өзге тұлғаға тиесілі қалай да болсын қылмыс жасаумен байланысты мүлікті мемлекет меншігіне айналдырудан тұратын, жазамен бірге сотпен тағайындалатын жазалаушы емес

қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы» [37].

Б.Т.Разгильдиев тәркілеу «... бұл қылмыстық-құқықтық принциптерге сәйкес және соттың айыптау актісі негізінде тұлғаның қылмыс жасау арқылы материалды баю мүмкіндігінен айыру мақсатында мемлекет меншігіне «қылмыстық» мүлікті айналдыру» деп түсіндіреді [38].

Аталған анықтамалар мүлікті тәркілеуді өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде анықтағанымен, отандық заңнамаларға сәйкес келмейді, себебі мүлікті тәркілеуді өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде соттың айыптау үкімі арқылы жазамен бірге тағайындалуын айқандайды. Ал біздің заңнамалардағы өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеудің мәні – жазадан тыс, айыптау үкіміне дейін тәркілеуде.

ҚР ҚК 48-бабында берілген мүлікті тәркілеу анықтамасынан талдау арқылы біз келесіні шығарамыз:

1. Мүлікті тәркілеу мүлікті мәжбүрлеп өтеусіз алып қою және мемлекет меншігіне айналдыру әрекетінен тұрады;
2. Мүліктің қылмыстық тегі болуы қажет, яғни қылмыстық жолмен табылған не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынуы қажет;
3. Аталған мүліктің сотталғанның меншігінде не онымен басқа тұлғаға берілуі, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық құралы не қаруы болуы шарт;
4. Сот шешімі бойынша қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы және жаза ретінде қолданылуы мүмкін.

Олардың әрқайсысына тоқталсақ, біріншіден, тәркіленетін мүліктің бұрынғы заңнама бойынша «меншігіне мәжбүрлеп өтеусіз алуды» «мәжбүрлеп өтеусіз алып қою және мемлекет меншігіне айналдырумен» алмастырған орынды. «Алып қою» мемлекеттің құқық шектеуші әрекетін ашса, «мемлекет меншігіне айналдыру» тәркіленетін мүліктің заңи тағдырын көрсетеді. Алайда тәркіленетін мүліктің «мемлекет меншігіне айналдыру» түсінігі О.А.Кузнецова, В.В.Степановтың пікірінше дұрыс емес, себебі мүліктің тағдыры әр түрлі болуы

мүмкін: өңдеу, жою, жәбірленушіге қайтару және т.б. [14, 33 б.]. Бұл пікірмен келісу қиын. Себебі мүлікті тәркілеу біздің заңнамада және барлық халықаралық құжаттарда белгіленгендей, мемлекет пайдасына, меншігіне айналдырудан тұрады. Өңдеу және жою мемлекет меншігіне өтуіне байланысты оған билік ету шешімімен немесе айналымына тыйым салынуы не шектелуіне байланысты иелікте болу мүмкін емес болу логикасы тұрғысынан жүзеге асырылады (ҚР ҚПК 118-бабы), ал жәбірленушіге қайтарылуға жататын мүлік ҚР ҚК 48-бабының екінші бөлігі 1) тармағына сәйкес тәркілеуге, яғни мемлекет меншігіне айналдырылуға жатпайды.

Екіншіден, мүліктің қылмыстық құқық бұзушылықпен байланысының болу міндеті тұлғаны заңды мүлкін алу арқылы материалдық жазалау емес, қылмыстық әрекеттерімен келтірілген зиянның орнын толтыру, заңсыз иеліктегі мүліктен айыру екендігін білдірді.

Үшіншіден, ҚР ҚПК 65-бабы үшінші бөлігіне сәйкес, өзіне қатысты айыптау үкімі шығарылған тұлға, яғни сотталушы сотталған адам танылады [39]. ҚР ҚПК 7-бабының 52) тармағына сәйкес, үкім – айыпталушының кінәлілігі немесе кінәсіздігі және оған жаза қолдану немесе қолданбау туралы мәселе бойынша бірінші, апелляциялық сатыдағы сот шығарған сот шешімі. ҚР ҚПК 393-бабы бойынша айыптау үкімі соттың сотталушыны қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп тану туралы шешімін қамтиды.

Осыдан мүлікті тәркілеу үшін оның иесіне қатысты айыптау үкімі шығарылуы керек, ал сілтеме жасалған ҚР ҚПК 667-бап ережесі айыптау үкіміне дейінгі мүлікті тәркілеу мүмкіндігін қарастырады: «Күдіктіге, айыпталушыға халықаралық іздестіру жарияланған не оларға қатысты қылмыстық қудалау осы Кодекстің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4) және 11) тармақтары негізінде тоқтатылған жағдайларда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адам заңсыз жолмен алынған мүлікті тәркілеу туралы іс жүргізуді қозғайды» және бізге мүлікті тәркілеудің сотталған адамға ғана емес, күдікті мен айыпталушыға қатысты қолданылатын анықтайды. Яғни ҚР ҚК 48-бабының

бірінші бөлігіндегі тәркіленуге тек сотталушының меншігіндегі мүліктің жатқызылуы, бұл баптың төртінші бөлігінде көзделген нормаға қайшы келеді.

Одан бөлек, ҚР ҚК 48-бабының екінші бөлігінің 5) тармағы және ҚР ҚПК 668-бабының үшінші бөлігіне сәйкес, күдікті, айыпталушы, сотталушымен үшінші тұлға меншігіне берілген заңсыз мүлік те тәркіленуге жатады. Сондықтан мүлікті тәркілеу анықтамасында «сотталған адамның меншігіндегі» ұғымы қайта қарастыруға жатады.

Төртіншіден, мүлікті тәркілеу жаза ретіндегі де, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі де барлық анықтамасында мемлекет пайдасына мәжбүрлі өтеусіз алу сипаты көрінеді. Бұл мүлікті тәркілеу түріндегі құқықтық құбылыстың мәні болып табылады. Алайда, қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеудің, сондай-ақ жалпы ықпал ету шаралары ұғымдарының түсіндірмелері ҚР қылмыстық заңнамаларында жоқ, ал ҚР ҚК 48-бабы бірінші бөлігінде берілген «мүлікті тәркілеу» анықтамасы не нақты қосымша жаза ретінде, не жалпы мүлікті тәркілеудің толық мәнін ашпайды. Мүлікті тәркілеу заңшығарушы оған берген ролінен шығу себебімен, ал заңшығарушы қолданыстағы заңнамада мүлікті тәркілеу қосымша жаза және өзге де ықпал ету шарасы ретінде белгілегендіктен, оның түсінігі сәйкесінше сипатталу қажет.

Баяндалғанның негізінде, отандық заңнамадағы мүлікті тәркілеудің оңды әрекет ету мақсатында, ең алдымен, ҚР ҚК 48-бабының бірінші бөлігін толықтыруға ұсынамыз: «Мүлікті тәркілеу дегеніміз – күдікті, айыпталушы, сотталған адамның меншігіндегі, оның ішінде олармен мүліктің қылмыстық тегі (сипаты) туралы білген не білуі тиіс үшінші тұлға меншігіне берілген, қылмыстық жолмен табылған не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа алынған мүлікті, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлікті мәжбүрлеп өтеусіз алып қою және мемлекеттің меншігіне айналдыру». Аталған редакцияны одан әрі жетілдіру мақсатында мүлікті тәркілеудің қосымша жаза және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету

шарасы ретіндегі мақсаты мен құқықтық табиғаты төменде зерделенеді.

1.2. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеудің мақсаты мен құқықтық табиғаты

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу ең алдымен қылмыстық-құқықтық құбылыс болып табылады. Оның өзіндік мазмұнын зерттеу бұл құқық категориясын зерттеудің бастамасы. Бұл институтты терең зерттеу диалектикалық материализм катеориясымен жүзеге асуы тиіс. Себебі мәні мен мазмұнын зерттеу арқылы оның әлеуметтік-құқықтық табиғатын анықтай аламыз.

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеудің құқықтық табиғатын анықтау алдымен жалпы өз алдына өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы түсінігі мен табиғаты жөнінде сұрақ туындатады. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын ҚР ҚК 2-бапта белгіленген міндеттерін жүзеге асыру үшін қолданылатыны және жүйеленбеген арнайы бөлімнің болуына қарамастан, оның анықтамасы мен мақсаттарының қамтылмауы, сәйкесінше қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеудің табиғатын анықтауды күрделендіреді.

ҚР ҚК міндеттері: адамның және азамттың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтарын мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін сақтау, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін қылмыстық жауаптылық негіздері белгілене отырып, қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары белгіленеді (ҚР ҚК 2-бап) [39]. Бұл жаза мен өзге де ықпал

ету шаралары жалпы ықпал ету шараларының бөліктері екендігін көрсетеді. Сәйкесінше негізгі ықпал ету шарасы ол – жаза, ал одан басқа, жаза орнына не онымен бірге альтернативті тағайындалатын шаралардың «өзге де» ықпал ету шаралары аталуын түсіндіреді. Қылмыстық құқық нормалары қылмыс жасаған тұлғаға жаза да, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасын қолдану мүмкіндігін көрсетеді. Олардың ортақ белгісі – қылмыстық құқық бұзушылық салдарынан туындайды және мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болып табылады. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы сотталған адам құқықтық мәртебесін айтарлықтай шектеумен қосарланбаған, ҚР ҚК Ерекше бөлігіндегі нормалар санкциясында белгіленбеген және ҚР ҚК жазалар тізіміне енбейді. Ол шетел тәжірибесінде «қауіпсіздік шаралары», «қылмыстық шаралар», «қауіпсіздік және түзеу шаралары», «әкімшілік қауіпсіздік шаралары», «өзге де қылмыстық-құқықтық сипаттағы шаралар» аталғанымен мәні бір [40].

ҚР ҚК нормаларынан өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары ҚК міндеттерін шешуге бағытталған, қылмыс не қылмыстық теріс қылық үшін қылмыстық жауаптылықты белгілейтін мемлекеттік мәжбүрлеу (ықпал ету) шарасы деген ортақ түсініктеме аламыз.

Осыған ұқсас пікірді Ф.Б.Гребенкин білдіреді: «Қылмыстық-құқықтық сипаттағы өзге де шаралар деп қоғамдық қауіпті іс-әрекеттер немесе қылмыстар жасаған адамдарға соттың қалауы бойынша қолданылатын және олардың жаңа іс-әрекеттер немесе қылмыстар жасауының алдын алу мақсатында олардың құқықтарын, мүдделері мен бостандықтарын шектейтін жазалар мен қылмыстық-құқықтық нормалар санкциялары жүйесіне кірмейтін мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын түсіну керек» [41].

Өзге де ықпал ету шарасы А.С.Пуниговпен «қылмыстық заңда белгіленген, қоғамдық қатынастарды қорғау және қылмыстық әрекеттің алдын алу мақсатында қылмыс жасағаны үшін адамдарға қолданылатын, адамның құқықтары мен бостандықтарын едәуір шектейтін жазалау, түзеу және тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шаралары» деп түсініледі [42].

ҚР ҚК 7-бөлімі «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары» атауына ие. Бұл бөлімге медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларынан басқа мәжбүрлі төлем бойынша нормалар енгізілген. Мүлікті тәркілеу өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары саналғанымен, шартты соттау, жазаны өтеуді кейінге қалдыру, тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары сияқты аталған бөлімге енгізілмеген, тек 3-бөлімде «Жазалар» қатарында орналасқан. Өзге де ықпал ету шараларының заңнамалық анықтамасы, шараларының тізбесі, мақсатының белгіленбеуі, шараларының әркелкі қолдануына байланысты дауларға карамастан, оның дербес институт екендігі жөнінде күмән жоқ.

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу жазалау емес, қалыпқа келтіру, зиян орнын толтыру мен алдын-алу сипатында болуымен ерекшеленеді. Бұл бойынша А.А.Кузнецов пен К..Н.Карповтың «өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу мәні бойынша қылмыстың пайда болуын алдын алатын және бұзылған материалдық (экономикалық) құқықтық қатынастарды қалыпқа келтіретін, кінәліге жазаны тағайындаумен байланысты емес жасалған әрекеттің объективті салдары. Екіншіден, мүлікті тәркілеу жазалау сипатта болмайды» деген пікірімен келісеміз [43].

Аталған себептермен ҚР ҚК 7-бөліміне 98-3-бап «Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу» енгізуді ұсынамыз:

«98-3-бап. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу.

Өзге де қылмыстық құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру, жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, оның ішінде заңсыз мүлікке қарсы күресу мақсатын көздейді.

ҚР ҚПК 15-бөлімінде көзделген жағдайларда және тәртіппен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу осы

кодекстің 48-бабы нормаларын ескере отырып жүзеге асырылады».

Аталған институтының мақсаты мен орнын анықтау, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеудің мақсаты мен табиғатын, ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл институттың мақсатын белгілеу оны жазалау шараларымен аражігін нұсқайды. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу классикалық институттың бір көрінісі. Оның жіктемелерін зерттеу арқылы құқықтық табиғатын анықтау заманауи тәжірибедегі талаппен шартталған. Мүлікті тәркілеу институттарының жіктемелерге тиесілігін зерделеу, оның сипаты мен құқықтық табиғатын дұрыс ұғынуға, қосымша жаза жәе өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеудің аражігін анықтауға, оны әрі қай дамыту бағытын анықтауға көмектеседі.

Қазіргі таңда мүлікті тәркілеу жаза және өзге де ықпал ету шарасы ретінде, басқа толық және ішінара, жалпы және арнайы, қылмыстық істен тыс, азаматтық, т.б. түрлерге жіктеледі.

Н.А.Лопашенконың пікірінше тәркілеу ертеден жалпы және арнайы (толық және ішінара) түрлерге жіктеледі. Біріншісі тұлғаға тиесілі барлық мүлікті... екіншісі – жасалған қылмыспен байланысты кейбір түрлерін алуды көздейді. Олар қылмыс жасау нәтижесінде алынған, қылмысқа дайындалуға (қаржыланжыру) қолданылған заттар, қылмыс жасау қарулары мен құралдары, т.б.» [44]. Аталған пікірге қарсы жалпы және арнайы тәркілеу толық және ішінара тәркілеу түрлерімен сәйкес келе бермейтіндігін және К.Д.Николевтың жалпы және арнайы мүлікті тәркілеу толық және ішінара мүлікті тәркілеумен пара-пар емес деген пікірмен келісеміз [45].

А.Л.Цветников жалпы тәркілеудің өзін толық және ішінара тәркілеуге бөледі [46]. Ал И.М.Гальперин мен Ю.Б.Мельникова толық, ішінара және арнайы тәркілеу түрлерін анықтаған [47]. Аталған авторлардың пікірі бойынша да, толық және жалпы, арнайы және ішінара тәркілеу әр түрлі түсініктер.

Арнайы тәркілеу – мемлекет меншігіне анықталған заттарды (қылмыс

қаруы, құралдары) мәжбүрлі, өтеусіз алып қою. Ол қылмыстық құқықпен ғана емес, қылмыстық-процесс негіздерімен де жүзеге асырылуы мүмкін (ҚР ҚПК 118-бабы). Жалпы мүлікті тәркілеу – сотталған адамның кел-келген мүлік түрлерін өтеусіз мемлекет меншігіне айналдыру. Тәркілеудің бұл жіктелуі мүлік сипатына қарай анықталады. Ал толық және ішінара тәркілеу деп тәркіленетін мүліктің көлеміне қатысты бөлінеді. Толық мүлікті тәркілеу сотталушының барлық, оның ішінде меншігіндегі заңды мүлікті тәркілеуді білдірсе, ішінара тәркілеу сот анықтаған мүліктің белгілі бөлігіне жүргізіледі.

А.И.Васильев пен А.Н.Павлухин тәркілеуді толық және ішінараға жіктей отырып, арнайы тәркілеуді жаза емес, кінәлінің қылмыстық баюын, жаңа қылмыстардың алдын-алатын мәжбүрлеу шарасы деп түсінеді [48].

Ж.Құмарбекқызы қазақстандық мүлікті тәркілеу моделі үш түрлі тәркілеуді топтастырғандығын дәл белгілейді: «Мүлікті тәркілеудің бірінші түрі – қосымша жаза ретіндегі дәстүрлі мүлікті тәркілеу; екінші түрі – қауіпсіздік шарасы (жазадан өзге қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы) ретіндегі мүлікті тәркілеу (ҚР ҚК 48-бабының төртінші бөлігінде көзделген тәркілеуді осы топқа жатқызамыз); үшінші түрі – арнайы тәркілеу». Мұнда автор өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу шетел тәжірибесіндегі «қауіпсіздік шаралары» қатарына жатқызады [49]. Бұл жіктемеде қосымша жаза ретіндегі және қауіпсіздік шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеуді одан әрі жіктеп талдауымызға болады.

А.И.Коробеев: «Заңнама мен әдебиеттердегі арнайы мүлікті тәркілеу қылмыстық жаза емес. Ол қылмыстың қаруы немесе құралы болған арнайы заттарды мәжбүрлі өтеусіз алып қою» деп пайымдайды [50]. Бұл пікірлер арнайы тәркілеу, егер қылмыстық-процессуалды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары ережелер негізінде алынса, орынды, ал егер мүлік тек қылмыстық-құқықтық нормалар негізінде тәркіленсе, қылмыстық жаза ретінде сипатталуы мүмкін деп ескереміз.

Кейбір авторлар бұл тәркілеу түрлерін одан әрі жіктеуді ұсынады.

Мысалы, Д.И.Самгинаның арнайы тәркіленетін мүлікті өз алдына қылмыс жасауда қолданылған қарулар мен құралдар және қылмыстық әрекет нәтижесінде табылған заттар деп екі топқа бөлуі қарсылық туғызбайды [51].

Ю.А.Пономаренко тәркіленетін мүліктің заңды негізде және меншік не өзге де құқығы жоқ мүліктің арақатынасын анықтау қажеттілігін белгілей отырып, заңды негіздерде иеліктегі мүліктің қылмыс жасау барысында қолданылған және қылмыс жасау барысында қолданылмаған деп жіктейді [52].

Отандық қылмыстық құқығындағы мүлікті тәркілеу бұрын жалпы және арнайы мүлікті тәркілеу сипатында болды. Жалпы мүлікті тәркілеу сотталғанның меншігіндегі толық немесе ішінара мүлкін алып қоюдан тұрды [31]. 2014 жылы қабылданған ҚР ҚК заң шығарушы жалпы толық тәркілеуден бас тартып, жаза ретіндегі тәркілеу тек нақты қылмыстар бойынша анықталған, қылмысқа тікелей не жанама қатысты мүліктерге жүргізілетін болды. Яғни жаза ретінде тағайындалатын мүлікті тәркілеу тек арнайы мүлікті тәркілеу сипатын алды. Бұл бойынша Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының зерттеуінде де Қазақстан заңнамасындағы мүлікті тәркілеу санкцияға тән жалпы түрде емес, арнайы тәркілеу ретінде сипаттайтындығы ескертілген болатын [53].

Тәркілеу жалпы, арнайы, толық және ішінара жіктеумен шектелмейді. Мысалы С.В.Землюков және А.В.Коняв шет елдердің заңнамаларын зерттеу нәтижесінде тәркілеу түрлерін бірнеше сипаты бойынша жіктейді. Оның ішінде мақсаты бойынша:

1) қылмыс жасау нәтижесінде немесе қылмыс жасаумен байланысты заңсыз алынған ақша, мүлік және игіліктерді тәркілеу: ақша мен өзге мүлікті заттай тәркілеу; қылмыс жасағаны үшін ақы ретінде алынған мүлікті тәркілеу; қылмыстық іс-әрекетті қаржыландыруға арналған не қолданылған ақша мен өзге мүлікті тәркілеу; қылмыстық жолмен алынған мүлікті салым ретінде енгізу нәтижесінде алынған мүліктің пайда, қаражаттарды тәркілеу;

2) алдын ала тәркілеу – қарулар мен құралдар немесе қылмыспен алынған өзге заттарды, оның ішінде: қылмыс бағытталған; қылмыс жасауға немесе

дайындауға қолданылған не арналған; қылмыс жасау арқылы жасалған немесе қылмыс жасау нәтижесінде алынған; иелік ету қоғамдық қауіпсіздікке қауіп төндіретін немесе заңсыз табылатын заттарды тәркілеу;

3) қылмыстық жолмен табылған мүлікті анықтау, алу мүмкін емес немесе қиындық туғызатын жағдайларда тәркілеу [54, 48].

Бұл жіктеулер арнайы тәркілеу, яғни қылмыспен тікелей байланысты спецификалық мүліктерді тәркілеуді қамтиды.

Аталған авторлар мүлікті тәркілеуді көлемі бойынша толық және ішінара тәркілеуге бөлсе, процессуалдық дербестігі бойынша тек жаза тағайындалумен қатар жүретін, өзгеше тағайындалуы мүмкін емес тәуелді және жаза тағайындауға тәуелсіз дербес тәркілеу түрлеріне жіктеуді ұсынады [54, 49].

Бұл жіктеме бойынша тәуелді тіркілеуге отандық қосымша жаза ретіндегі мүлікті тәркілеу жатса, дербес тәркілеу ретінде өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеуді жатқызамыз. Аталған жіктеме өзге әдебиеттер мен құжаттарда кездесетін қылмыстық және қылмыстан тыс мүлікті тәркілеуге сәйкес келеді.

Қылмыстық тәркілеу – *in personam*, яғни нақты тұлғаға қатысты шешім. Мұндай мүлікті тәркілеу біздің қылмыстық заңнамадағы жаза ретіндегі тәркілеуді жатқызуымызға болады. Ол халықаралық тәжірибедегі ең кең таралған мүлікті тәркілеу түрі саналады.

ҚР ҚК 39-бабына сәйкес жаза тек сот үкімі бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады. Ал кінәсіздік презумпциясы қағидасы негізінде (ҚР ҚПК 19-бабы) әркім өзінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігі заңнамамен көзделген тәртіппен дәлелденгенге және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз болып саналады. Бұл ережелер сәйкес жаза ретіндегі мүлікті тәркілеу сотталғанды мүліктік жауапқа тартуды, яғни кінәлі адамға бағытталғандығын аңғарамыз.

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу

ҚР ҚПК 15-бөлігінде көзделген, яғни тұлғаны қылмыстық қудалау және жаза тарту мүмкін емес жағдайларда жүргізіледі. Сонымен қоса, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу негізгі қылмыстық істен тыс жүзеге асады. Ол сотталғанға қатысты емес, заңсыз мүлікке бағытталған. Яғни қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу қылмыстық іс жүргізуден тыс мүлікті тәркілеуге жатады. Қылмыстық іс жүргізуден тыс мүлікті тәркілеу – тұлғаны емес, мүлікті соттық қудалау. Оны заттық тәркілеу, *in rem* тәркілеу немесе азаматтық тәркілеу деп те атайды. Ол мүліктің қылмыстық құқық бұзушылық әрекетке қатыстылығын (қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде табылған немесе оны жасау құралы болған) дәлелдеу қажет ететін, қандай да бір қылмыстық іс жүргізуден тыс процесс. Ол қылмыстық іс бойынша соттың айыптау үкімін шығарусыз, қылмыскердің қаза болуы, жасырынуы, жоқ болуы және өзге де мән-жайларға байланысты қылмыстық қудалау мүмкін емес жағдайларда тәркілеуге мүмкіндік берумен ерекшеленеді. *In rem* толық сипаты төменде сөз болатын кеңейтілген мүлікті тәркілеумен тығыз байланыста. Бірақ оны толық қолдану халықаралық құжаттармен ұсынылғанымен, ішкі заңнамаларға сәйкес шектелген.

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу айыптау үкіміне дейін қылмыстық істен тыс тәркілеу атауымен арнайы ҚР ҚПК 71-тарауы арналған. Ол тұлға халықаралық іздестіруге жарияланған немесе қылмыстық қудалау тұлғаның қаза болуы, рақымшылық жасау актісі не жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімдері өту жағдайларында жүзеге асады. Оның барысында мүліктің күдікті, айыпталушы не үшінші тұлғаға тиесілігі; мүліктің негіз болған қылмыспен байланысы және үшінші тұлғаға беру мән-жайы не құқық бұзушылық нәтижесінде алынғаны жөнінде негіздер дәлелденуге жатады. Бұл қылмыстық істен тыс мүлікті тәркілеу арнайы мүлікті тәркілеу түрімен байланыстылығын көрсетеді.

Осыған ұқсас сырттай қылмыстық талқылау (*in absentia*) нәтижесінде тәркілеу ұғымы да бар. Тәркілеудің бұл түрі тұлғаны түпкілікті соттау

нәтижесінде мүлікті тәркілеу мүмкін емес, бірақ қажет жағдайларда жүзеге асады (тұлғаның сырқаттануы немесе жасырынуы). Отандық заңнамада тұлғаның халықаралық іздестіруге жариялануы сырттай айыптау үкімі шығарылмаса да, тәркілеудің бұл түрі жасырыну жағдайында қылмыстық істен тыс тәркілеумен пара-пар десек те болады.

Одан бөлек отандық заңнамада қолданылмайтын айыптауға негізделмеген, кеңейтілген мүлікті тәркілеу, азаматтық мүлікті тәркілеу, сонымен қатар қылмыстық процесте келісім жасау нәтижесінде мүлікті тәркілеу, қылмыстық іс бойынша азаматтық талап арызды қанағаттандыру нәтижесіндегі тәркілеу түрлері бар.

Процестік келісім жасалған істер бойынша айыптау актісі шығарылып, мүлікті тәркілеу жөніндегі жаза тағайындалатындықтан, аталған мүлікті тәркілеу түрі отандық қосымша жаза ретіндегі мүлікті тәркілеуде көрініс табады.

Кеңейтілген мүлікті тәркілеу көбінесе қылмыстық істен тыс тәркілеумен тығыз байланыста жүзеге асырылады. Кеңейтілген мүлікті тәркілеудің пайда болуы тәжірибеде қылмыстық істен тыс тәркілеуде көрсетілгендей күдікті, айыпталушы, сотталушының мүлкінің қылмыспен байланысын дәлелдеу мүмкін бола бермеуімен шартталған. Заңсыз алынған мүліктің қылмыспен байланысын дәлелдеу қиындағы тәжірибеде материалды пайда әкелетін күрделі қылмыстармен күресте проблемалар туындатады. Мұндай мәселелерді шешудің бір жолы кеңейтілген мүлікті тәркілеу болып табылады.

Кеңейтілген мүлікті тәркілеу қауіпті не өзге қылмыстар үшін сотталғанға тәркіленуі мүмкін табыстарының заңды шығу тегін көрсету міндетін жүктеуден тұрады. Бұл мүлікті тәркілеудің түрі құны елеулі түрде заңды табыстарына сәйкес келмейтін сотталушының мүлікті заңсыз жолмен алынған деген қорытындыға келу арқылы сот шешімі негізінде жүзеге асырылады. Тұлғаға мүліктің шығу тегін дәлелдеу міндетін жүктеу кінәсіздік презумпциясына қайшы келеді деген пікірлерге қарамастан, тәркілеу тұлғаның кінәсін анықтауға, айыптауға емес, заңсыз мүлікке бағытталған негізбен халықаралық тәжірибеде

оңды жүзеге асырылуда.

Азаматтық тәркілеу кейбір әдебиеттерде кеңейтілген мүлікті тәркілеумен пара-пар қойылады. Оның мәні мен мақсаты ұқсас болғанымен, азаматтық тәркілеу азаматтық процесс тәртібімен жүзеге асырылуымен ерекшеленеді [55].

Осылайша отандық қылмыстық құқықтағы мүлікті тәркілеу жаза ретінде арнайы, ішінара, қылмыстық тәркілеу, ал өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу қылмыспен байланысты мүлікке қатысты ғана жүзеге асырылатындықтан, арнайы, ішінара (толық), қылмыстық істен тыс мүлікті тәркілеу болып табылады.

Көріп отырғанымыздай, қосымша жаза ретіндегі және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу ҚР ҚК 48-бабы нормаларымен реттелетіндіктен ұқсас белгілері бар және олар белгілері тәркіленуге жататын объектілер, мүлік, сипатымен ерекшеленеді.

Мүлікті тәркілеудің ұғымына оралатын болсақ, мүлікті тәркілеу сотталған адамның меншігіндегі, қылмыстық жолмен табылған не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлікті, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлікке қатысты жүзеге асырылады (ҚР ҚК 48-бабының бірінші бөлігі).

Ал ҚР ҚК 48-бабының 2-тармағына сәйкес тәркіленуге:

1) заңды иесіне қайтарылуға жататын мүлікті және одан түскен табыстарды қоспағанда, қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған ақша мен өзге мүлік және осы мүліктен алынған кез келген табыс;

2) қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған мүлік пен осы мүліктен алынған табыстар ішінара немесе толығымен ауыстырылған немесе айналдыралған;

3) экстремистік немесе террористік әрекетті не қылмыстық топты қаржыландыруға немесе өзге де қамтамасыз етуге пайдаланылатын немесе арналған;

4) қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып

табылатын;

5) осы бөліктің 1), 2), 3) немесе 4) тармақтарында көрсетілген, сотталған адам басқа тұлғалардың меншігіне берген ақша және өзге де мүлік жатады.

ҚР ҚК 48-бабының екі бөлігінде де тәркіленуге жататын мүліктің тізімін көрсетуі сұрақ туындатады. Логикалық тұрғыдан ҚР ҚК 48-бабының бірінші бөлігінде берілген анықтамасы осы баптың екінші бөлігіндегі объектілердің жалпылай үш тобын:

Бірінші топ: қылмыстық жолмен табылған мүліктерді;

Екінші топ: қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүліктерді (бірінші топтағы мүліктен табылған табыстарды);

Үшінші топ: қылмыстық құқық бұзушылық жасау барысында пайдаланылған немесе жасау үшін арналған мүліктерді (қару немесе құралы, қаржыландыруға арналған, пайдаланылған мүліктер) қарастырады деген көзқараспен қарағанның өзінде де, мұндай тұжырымдама заңи техника нормаларына қайшы келеді. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуіріндегі №480-V заңының 24-бабының үшінші бөлігіне сәйкес, нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементтерінде жазылған құқық нормасы осы актінің басқа құрылымдық элементтерінде қайталанып жазылмайды [56].

Баптың екінші бөлігінде берілген норма бірінші бапта берілген тәркіленуге жататын мүлік тізбесін нақтылаушы ретінде де анықталмайды. Себебі бұл екі бөліктері бір-біріне терминология жағынан да, анықталған мүлік түрімен де сәйкес келмейді. Мысалы, мүлікті тәркілеу анықтамасында «қылмыстық жолмен табылған» ұғымы қолданылса, ҚР ҚК 48-бабының екінші бөлігінде «қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған» термині қолданылады, бірінші бөлікте жоқ үшінші тұлғалардың мүлкін тәркілеу көзделген.

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан

Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы №191-IV Заңының 1-бабы 10) тармағында қылмыстық жолмен алынған кірістерге «қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған ақша және (немесе) өзге мүлік» деген анықтама берілген. Бұл заңда аталған ұғымның үшінші нұсқасы «қылмыстық жолмен алынған кірістер» берілген [57].

ҚР ҚК 10-бабына сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық термині қылмыс терминінен кең және соңғысы қылмыстық құқық бұзушылықтың қылмыстық теріс қылықтармен бірге құрамдас бөлігі. Алайда қылмыстық жолмен табылған мүлік халықаралық құжаттар мен заңнама терминологиясына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде алынған мүлікке пара пар деп түсінеміз.

Одан бөлек, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу ҚР ҚПК 71-тарауында «Заңсыз жолмен алынған мүлікті үкім шығарылғанға дейінгі тәркілеу» атауына ие. Заңсыз жолмен алынған мүлік анықтамасы және тізбесі ҚР ҚК және ҚР ҚПК көрсетілмеген. Ал заңсыз жолмен алынған мүлік қылмыстық құқық бұзушылықтан да кең түсінік болғандықтан, оның қатарына өзге де заң бұзушылықтар нәтижесінде қолға түскен мүлік жатуы тиіс. Мүлікті үкім шығарғанға дейін тәркілеу ҚР ҚПК 48-бабына қайта сілтеме жасайтындықтан және оның қылмыстық құқық бұзушылықпен байланысын дәлелдеу міндеті тұрғандықтан, бұл тәркілеу тек қылмыстық құқық бұзушылық жолымен алынған мүліктерге қатысты деп пайымдаймыз.

Мүлікті тәркілеу тек қылмыстық емес, қылмыстық теріс қылықтар бойынша да жүзеге асуына байланысты заң нормаларындағы терминдердің бірізділігін қамтамасыз ету мақсатында «қылмыстық жолмен табылған» ұғымын пайдалануды ұсынамыз.

Жоғарыда бөлінген тәркіленуге жататын мүліктердің екінші тобына, қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде сатып алынған мүліктер қатарында, қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде тікелей алынған каражатқа сатып алынған, осындай мүліктен алынған кез келген табыстарды, осы табыстарды ішінара немесе толығымен ауыстырылған немесе

айналдырылған мүліктерді жатқыза аламыз.

Мемлекеттердің қылмыстық құқық бұзушылық жолмен табылған кез келген табыстарды тәркілеу бойынша шараларды қабылдау міндеті көпшілікпен танылған келесі бөлікте баяндалатын халықаралық актілерде бар. Мысалы, 2014/42 Еуропа одағының Директивасының Преамбуласының 11-тармағында қылмыстан табылған табыстарды, оған қылмыстық әрекеттен түскен тікелей және жанама табыстарды, оның ішінде қайта инвестицияланған немесе түрленген тікелей табыстарды қоса отырып, анықтау қажеттілігін көрсетеді. Сондықтан табыстар толық немес ішінара өзге мүлікке түрленген немесе айырбастырылған, сондай-ақ құнына сәйкес заңды көздерден алынған мүлікпен араластырылған мүлікті қамтуы мүмкін. Онымен бірге осындай табыстар түрленген не айырбастырылған, араластырылған қылмыстық табыстар немесе мүліктерден алынған кірістер мен өзге де пайдалар жатады.

Мүлікті тәркілеу анықтамасында «қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлік» ұғымы пайдаланылады. Қылмыстық жолмен табылу жөнінде пікірді нақтылап кетсек, сол сияқты «қаражатқа сатып алынған» ұғымы да сұрақ туындатады. Қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде ие болған қаражатқа өзге мүлікті сатып алу жөнді ұғым. Алайда тәжірибеде қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде алынған мүлікті өзге мүлікке айырбастау немесе керісінше мүлікті сату арқылы қаражатқа ие болуы фактілері бар. Бұл бойынша ҚР ҚК 48-бабының екінші бөлігінің 1) тармағындағы мүлік қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған ақша мен өзге мүлік және осы мүліктен алынған кез келген табыс және осы баптың екінші бөлігінің 2) тармағындағы қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған мүлік пен осы мүліктен алынған табыстар ішінара немесе толығымен ауыстырылған немесе айналдырылған мүлік неғұрлым сәтті анықталған. Бірақ барлық нормаларда бірізділікті қамтамассыз ету үшін алу, сату-сатып алу, анықтау, иемдену ұғымдарын қамтитын «қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған» жөнді деп санаймыз.

ҚР ҚПК 118-бабының үшінші бөлігі 4) тармағына сәйкес, заңды иесіне қайтарылуға жататын мүлікті және одан түсетін кірістерді қоспағанда, қылмыстық жолмен табылған не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа алынған және өзге де мүлік, сондай-ақ заңсыз кәсіпкерліктің және контрабанданың нәрселері соттың шешімі бойынша мемлекеттің кірісіне айналдырылуға жатады; қалған заттар заңды иелеріне беріледі, ал иелері анықталмаған кезде мемлекеттің меншігіне өтеді. Бұл тәркілеу сипатын алады деп пайымдаймыз.

Отандық заңнамада араластырылған мүлікті тәркілеу бойынша норма болмағанымен, ҚР ҚК 48-бабының үшінші бөлігінде тәркіленуге жататын мүлік осы затты тәркілеу туралы сот шешімі қабылданған кезде оның пайдаланылуы, сатылуы немесе өзге де себептері бойынша мүмкін болмаса, сот шешімі бойынша осы заттың құнына сәйкес келетін ақшалай сома тәркіленуге жатады. Мұнда өзге де себептер бойынша тәркілеу мүмкін болмауы табыстың араластырылуы жағдайлары деп тануымызға болады. Алайда қылмыстық әрекет арқылы алынған табысты тәркілеудің проблемасы оның теңдестіру қиындығында. Сондай-ақ бұл нормадағы тәркіленуге жататын мүліктің сатылуы ҚР ҚК 48-бабының екінші бөлігінің 1), 2) тармақтары түсінігіне енеді деп есептейміз.

Аталған себептермен ҚР ҚК 48-бабының үшінші бөлігін келесі редакцияда бекітуді ұсынамыз: «Егер осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген мүлікке кіретін белгілі бір затты тәркілеу осы затты тәркілеу туралы сот шешімі қабылданған кезде оның пайдаланылуы немесе өзге де себептермен анықталмауы не теңдестірілуі мүмкін болмаса, сот шешімі бойынша осы заттың құнына сәйкес келетін ақшалай сома не өзге мүлік тәркіленуге жатады». Бұл ұсыныста тек ақшалай сома емес, орнына өзге де мүліктің тәркіленуі тұлғаның қылмыстық әрекетпен алынған мүліктің жасыруы, жоюы және заңды табыстарының жасыруы жағдайларында тәркілеуге мүмкіндік береді.

Келесі тәркілеуге жататын мүліктің үшінші кең тараған тобы қылмыстық

құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы, сондай-ақ экстремистік немесе террористік әрекетті не қылмыстық топты қаржыландыруға немесе өзге де қамтамассыз етуге пайдаланылатын немесе арналған мүліктер қылмыстық әрекетпен тікелей байланыста болады. Олардың қылмыскердің иелігінде болуының өзі қауіп төндіреді, ал мүлікті тәркілеу бұл қауіпті жоюға және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын-алуға бағытталады.

Аталған тәркіленуге жататын мүліктер сотталған адаммен басқа тұлғалардың меншігіне берген жағдайларда да тәркіленеді (ҚР ҚК 48-бабының екінші бөлігінің 5) тармағы). Ол тәркіленуге жататын мүлікті қылмыскермен үшінші тұлғаның меншігіне аудару арқылы жасыру, тәркілеуден сақтауға бағытталған тәжірибеде жиі кездесетін жағдайлармен шартталған. Бірақ мүліктің тек жеке тұлғаларға емес, заңды тұлғаларға да берілетіндігін ескеру керек.

Бір жағынан бұл норма үшінші тұлғаға берілген кез келген мүлікті тәркілеуге жол береді, бірақ осылайша соңғылардың конституциялық құқықтарын бұзуға әкеледі деп есептейміз. Үшінші тұлға қылмыстық құқық бұзушылық жолмен алынған мүліктің шығу тегі жөнінде білмеуі және ешқандай күдіктің туындамауы, яғни адал сатып алушы болуы мүмкін.

ҚР ҚПК 118-бабының үшінші бөлігі 1-1) тармағы бойынша мүлкінің құқыққа қарсы мақсаттарда пайдаланылуы туралы білмеген не білмеуге тиіс болған адамға заңды негіздерде тиесілі, қылмыстық құқық бұзушылық қарулары және (немесе) құралдары осы адамға қайтарылуға жатады. Нормада «білмеген не білмеуге тиіс... қайтарылуға жатады» ұғымның қолданылуы адамның мүлкінің қылмыстық мақсатта қолданылуын білмеуге тиіс, бірақ белгілі бір жағдайлармен оған бұл мақсат мәлім жағдайда (мысалы, қылмыскердің қылмыстық мақсатта оның қолданбақшы екендігі жөніндегі сырттай әңгімесін естіп білуі) адал емес алушыға қылмыстық мақсатта біле тұра қолдануға берген мүлікті сақтап қалуға жағдай жасайды. Сонымен қатар, бұл бап қайтарылу жағдайын анықтағанымен, үшінші тұлғалардың мүлікті тәркілеуін белгілемейді.

Салыстырмалы, адал алушы ұғымы актілерде келесідей анықталады: «Адал алушы – оған мүлік ақылы түрде берілгенге дейін осы мүлік сатылып алынған адамның оны иеліктен шығаруға құқығы болмағанын білмеген және білуге тиіс болмаған адам (орыс баламасында «не знало и не должно было знать») [58]. ҚР АҚ 261-бабының бірінші бөлігінде де «білмесе және білуге тиіс болмаса» ұғымы қолданылған [4].

Тұлғаның мүлікті тәркілеуден сақтау мақсатында әдетте туыстық, экономикалық не өзге жақын қарым-қатынастағы тұлғаларға формальды, фактілі түрде өтеусіз меншігіне аудару немесе меншікке тегін не шынайы нарықтық құнынан төмен бағаға беруімен жүзеге асады. Сондықтан үшінші тұлғаға берілген мүлікті тәркілеуді келесідей нормаға толықтыру енгізу арқылы шектеген абзал: «5) осы бөліктің 1), 2), 3) және 4) тармақтарында көрсетілген, сотталған адам (мүліктің шығу тегі жөнінде білген не білуі тиіс) басқа тұлғалардың меншігіне тегін немесе шынайы құнынан төмен, не формальды түрде берілген ақша және өзге де мүлік жатады». Ал ҚР ҚПК 118-бабының үшінші бөлігінің 1)-тармағын: «Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға, мүлкінің құқыққа қарсы мақсаттары туралы білген немесе білуіге тиіс болған адамға тиесілі, қылмыстық құқық бұзушылық жасау қарулары және (немесе) құралдары Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 48-бабы негізінде тәркіленуге жатады», ал осы бөліктің 1-1) тармағындағы «білмеген не білмеуге тиіс» тіркесін «білмеген және білмеуге тиіс» өзгертуді ұсынамыз.

Қорытындылай келе, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу арнайы және ішінара тәркілеу сипаттарына ие және қосымша жаза ретіндегі мүлікті тәркілеуден сот үкіміне дейін, қылмыстық істен тыс жүзеге асуымен ерекшеленеді. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде де және қосымша жаза ретінде де мүлікті тәркілеу анықтамасы мен объектілері ҚР ҚК 48-бабы нормаларымен анықталады. Алайда аталған норма жетілдіруді және келесідей редакцияда өзгертуді қажет етеді:

«48-бап. Мүлікті тәркілеу.

1. Мүлікті тәркілеу – сот шешімі бойынша осы баптың екінші бөлігінде белгіленген мүліктерді мәжбүрлі өтеусіз алып қою және мемлекет меншігіне айналдыру.

2. 1) заңды иесіне қайтарылуға жататын мүлікті және одан түскен табыстарды қоспағанда, қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде табылған ақша мен өзге мүлік және осы мүліктен алынған кез келген табыс;

2) қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде табылған мүлік пен осы мүліктен алынған табыстар ішінара немесе толығымен ауыстырылған немесе айналдыралған;

3) экстремистік немесе террористік әрекетті не қылмыстық топты қаржыландыруға немесе өзге де қамтамасыз етуге пайдаланылатын немесе арналған;

4) қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын;

5) осы бөліктің 1), 2), 3) және 4) тармақтарында көрсетілген, сотталған адам (мүліктің шығу тегі жөнінде білген не білуі тиіс) басқа тұлғалардың меншігіне тегін немесе шынайы құнынан төмен, не формальды түрде берілген ақша және өзге де мүлік жатады».

3. Егер осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген мүлікке кіретін белгілі бір затты тәркілеу осы затты тәркілеу туралы сот шешімі қабылданған кезде оның пайдаланылуы немесе өзге де себептермен анықталмауы не теңдестірілуі мүмкін болмаса, сот шешімі бойынша осы заттың құнына сәйкес келетін ақшалай сома не өзге мүлік тәркіленуге жатады».

1.3. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеудің халықаралық стандарттары

Жаһандану түрлі мемлекеттердің өзара байланысымен қатар бір-бірінен тәуелділігін өсуін шарт етеді, ол өз алдына құқықтық жүйелердің

интеграцияланып, ортақ мәселелерді бірлесіп шешуге талап қояды. Қылмыстылық аясы да қазіргі таңда мемлекеттің ішкі шекарасымен шектелмейтіндіктен, халықаралық стандарттар мемлекеттердің жұмысын үйлестіруге қажетті.

Халықаралық құқықтық актілерді талдау барысында халықаралық құқықтағы мүлікті тәркілеудің жол берілетіндігі, негіздері, шарттары, тәртібін регламенттейтін құжаттардың бірқатары анықталды. Оның ішінде айналымы шектелген немесе тыйым салынған нәрселерді тәркілеу туралы КСРО-мен жасалған 1910 жылғы Парижде қабылданған порнографиялық материалдардың айналымына қарсы күрес және порнографиялық басылым айналымы мен олардың саудасы бойынша халықаралық Конвенцияны, 1961 жылғы Есірткі заттар туралы біртұтас конвенциясын, 1971 жылғы Психотропты заттар туралы конвенцияны жатқызуымызға болады [59]. 1998 жылғы Халықаралық қылмыстық соттың Рим статуты да қылмыс жасау нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде алынған табыс, мүлік не өзге активтерді, *bona fide* (адал) үшінші тұлғалардың құқықтарына зиян келтірмей, тәркілеуге жол берілуін регламенттеуі мүлікті тәркілеудің бастаулары ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [60]. Аталған құжаттар Қазақстан Республикасының қазіргі қылмыстық құқықтағы арнайы тәркілеудің регламентациясына негіз болған десек те болады

ҚР Конституциясы халықаралық шарттар мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің нормаларын ҚР қолданылатын құқық тани отырып, 4-бабында бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдылығын анықтайды. ҚР ҚК және ҚР ҚПК 1-баптарында да олардың ҚР Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына негізделетіндігін бекітеді.

Халықаралық шарт жасасу, халықаралық актілерді ратификациялау, бекіту, қабылдау және қосылу ҚР өзі үшін халықаралық шарттың міндетті екендігіне келісім білдіруін білдіреді (1-бап 11),13)-тармақ) [61].

ҚР мүлікті тәркілеу сұрағы қозғалатын бірқатар халықаралық құжаттарды

ратификациялаған: Терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес туралы 1999 жылғы халықаралық конвенциясы, БҰҰ 2003 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы, БҰҰ 2000 жылғы Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясы, Еуропа Кеңесінің 1990 жылғы Қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы конвенциясы, т.б.

Страсбург қаласында 1990 жылғы 8 қарашада қол қойылған «Қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы конвенция» ҚР 2011 жылғы 2 мамырдағы №431-IV Заңымен ратификацияланған. Конвенция қоғамды қорғауға бағытталған жалпы қылмыстық саясатты жүргізу қажет, халықаралық сипаттағы қылмыстылық халықаралық ауқымда тиімді және қазіргі заманғы әдістерді қолдануды талап етеді деп есептей отырып, олардың бірі қылмыскерді қылмыстық жолмен табылған табыстарынан айыруға сайып келеді деп пайымдай, осы мақсатқа қол жеткізу үшін халықаралық ынтымақтастықтың тиімді жүйесін құруды қажет деп есептейді (Кіріспе). Акті шараларды ұлттық деңгейде қабылданатын және халықаралық ынтымақтастық саласындағы шараларға жіктейді.

Декларацияның атауына сәйкес халықаралық сипаттағы қылмыстылықтармен күресудегі мүлікті тәркілеудің және оған мүмкіндік беретін қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау және алып қою шараларының ортақ механизмдерін анықтайды. Әрбір тарап құралдарды және табыстарды немесе құны осы табыстарға сәйкес келетін мүлікті тәркілеуге мүмкіндік беретін заңнамалық және басқа қажетті шараларды қабылдауын міндеттейді, бірақ олар осы декларацияда көретілген құқық бұзушылықтарға және құқық бұзушылықтардың санаттарына ғана қолданылатынын мәлімдейді.

Құжатта салыстырмалы түрде қысқа және тұжырымды нормалардан тұрады. Бірінші тарауда қолданылатын «табыс», «мүлік», «құралдар», «тәркілеу» және «негізгі құқық бұзушылық» терминдері анықталып, оларға

түсіндірме беріледі.

«Тәркілеу» - жазалауды немесе қылмыстық іс немесе қылмыстық істер бойынша және мүліктен айырудан тұратын сотта ісі қарау нәтижесінде сот белгілеген шара. Оның ішіндегі «мүлік» кез келген түрдегі заттай немесе заттай емес, жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті, сондай-ақ осындай мүлікке құқық беретін заңдық актілерді немесе құжатты білдіреді. Тәркілеу кез келген мүлікке қатысты жүргізіле бермейтіндіктен, құрал (қылмыстық құқық бұзушылықты немесе қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау үшін кез келген тәсілмен, тұтас немесе ішінара қолданылған немесе қолдануға арналған кез келген мүлік) және табыс (қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған кез келген экономикалық пайда) анықталуы орынды деп санаймыз (1-бап).

Тәркіленуге жататын мүлікті сәйкестендіруге және іздестіруге және осындай мүлікпен жасалатын кез келген операцияларды, оны беруді немесе оған иелік етуді болдырмауға мүмкіндік беретін заңнамалық және басқа қажетті шараларды қабылдайды. Бұл шаралар барысында тергеудің арнайы тәсілдерін қолдану, тиісті дәлелдемелерді жеңілдету мәселесі қарастыруыға жатады.

Сот пен құзыретті органдарына банктік, қаржылық, коммерциялық құжаттарды талап ету не тыйым салуға құқық беру бойынша қабылданатын шаралар бойынша ережені банктік құпия сылтауымен орындаудан бас тарта алмайтындығы да белгіленеді (4-бап) [15].

2002 жылғы 2 қазанда ҚР қосылған 2000 жылғы 10 қаңтарда Нью-Йорк қаласында жасалған БҰҰ «Терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес туралы халықаралық конвенция» конвенцияда өзге құжаттарда «табыс», «кіріс», «пайда» аталатын қаражаттарды «түсімдер», ал «мүлік» орынына «қаражаттар» термині анықталады:

«Түсімдер» 2-бапта қарастырған қылмыстарды жасау арқылы тікелей немесе жанама алынған немесе сатып алынған кез келген қаражат;

«Қаражаттар» алу тәсіліне қарамастан, кез келген түрдегі шынайы немесе

шынацы емес, жылжымалы неесе жылжымайтын активтерді, сондай-ақ осындай активтерге немесе оларға қатысуға құқық беруді куәландыратын кез келген, соның ішінде электрондық немесе цирфлық нысандағы заңдық құжаттар немесе актіні білдіреді.

Түсімдер ретінде «алынған немесе сатып алынған кез келген қаражатты» анықтамасының қолданылуы қылмыстық жолмен табылған қаражат, мүлік тек қана сатып алу-сату шартымен ғана емес, алу, сыйға беру арқылы да жүзеге асырылуы себебінен орынды. Ол алдыңғы бөлікте сатып алу бойынша ұсынылған өзгерісті енгізу қажеттілігін тағы да негіздейді.

Терроризмді қаржыландыру сипатындағы қылмыстар жасау мақсатында пайдаланылған немесе берілген, сондай-ақ осындай қылмыстар нәтижесінде алынған кез келген қаражатты, тәркілеу мақсатында, ішкі құқықтық принциптеріне сәйкес қылмыстарды анықтау, табу, қоршау немесе тыйым салу үшін қажетті шаралар қолданытынын белгілейді (2,8-бап). Сондай-ақ тәркілеудің адал ниетті адамдардың құқықтарын сақтау жағдайында жүргізілуін шарт етеді.

Тәркілеу нәтижесінде мемлекет пайдасына түскен қаражат басқа мемлекеттермен бөлісу, анықталған қылмыс құрбандары не оның отбасы мүшелеріне өтемақы төлену үшін пайдалану мүмкіндігін қарастыру ережесі де бар [62].

ҚР Вена қаласында 1988 жылы 20 желтоқсанда қабылданған Есіркі заттар мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы БҰҰ Конвенциясына ҚР 1998 жылғы 29 маусымда қосылды. Әлемнің түпкіріндегі есірткі мен психотропты заттардың заңсыз айналымы халықаралық қылмыстылық екендігі және оның үлкен табыстар әкеліп, трансұлттық қылмыстық топтардың одан әрі қоғамға қауіпті салдар туындауы мұндай құжаттың әзірленуіне себеп. Конвенция өзінің мақсаты ретінде халықаралық сипат алған есірткі және психотропты заттардың заңсыз айналымен күрестегі мәселелерді тиімді шешу үшін ынтымақтастыққа көмек көрсету деп таниды.

Тәркілеу Конвенцияның 3-бабында анықталған қауіпті сипаттағы құқық бұзушылықтарға санкция ретінде қолданылады және ол «соттың немесе өзге құзіретті органның қаулысы бойынша түпкілікті меншіктен айыру» деп анықталады. Бұл анықтамада меншіктің иесі белгіленбейді және анықтаманың икемді болуын қамтамасыз етеді деп есептейміз.

Өзге конвенциядан ерекше бұл құжатта мүлік емес, меншік термині анықталып, оған келесідей түсіндірме беріледі: «кез келген түрдегі, материалдық немесе материалдық емес, жылжымалы немесе жылжымайтын, сезілетін немесе сезілмейтін активтерді, сондай-ақ осындай активтерге немесе оларға қатысуға құқық куәландыратын заңдық құжаттарды немесе актілер».

Конвенцияның 5-бабы тәркілеуге, атап айтқанда қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде табылған табыстар немесе осы табыстардың құнына сәйкес келетін мүлікті, сондай-ақ есірткі заттар мен психотроптық заттарды, материалдар мен құралдарды немесе өзге осындай құқық бұзушылықтарды жасауда пайдаланылған не пайдалану үшін арналған өзге заттарды тәркілеуге шараларды қолдануын қамтиды.

Тәркілеуді жүзеге асыруды қамтамасыз етуге белгіленген табыстар, мүлік, құралдар не өзге заттарды анықтау, сәйкестендіру, ұстау, тыйым салу үшін шараларды қолдануды арнайы бапта қарастырады (5-бап). Ол үшін сот пен өзге құзырлы органдарды қаулысы арқылы банктік, қаржылық немесе коммерциялық құжаттарды беру не тыйым салуға уәкілеттік береді.

Аталған бапта келесі нормаларға назар аударған абзал:

а) егер табыстар өзге мүлікке айналдырылған не түрленген болса, аталған шаралар табыстарға емес, осы мүлікке қатысты жүзеге асырылады;

б) егер табыстар шығу тегі заңда мүлікке қосылған, араластырылған болса, бұл мүлік тыйым салу не ұстауға қатысты уәкілеттіктерге зиянсыз қосылған табыстардың бағаланған құнына сәйкес көлемде тәркіленеді;

с) табыстардан немесе табыстар түрленген не араластырылған мүліктерден түскен табыстар немесе өзге пайдаға қатысты табыстарға қолданылатын шаралар

сол амалмен, сол көлемде қолданылады. Бұл тәркіленуге жататын мүліктен кейін алынған кез келген табыстарды алуға жол береді [63].

2000 жылғы 13 желтоқсанда Палермода қол қойылған БҰҰ Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясы ҚР 2008 жылғы 4 маусымдағы № 40 - IV Заңымен ратификацияланған. Конвенция мақсаты трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың анағұрлым тиімді түрде алдын алу және оған қарсы күрес ісіндегі ынтымақтастыққа жәрдемдесу болып табылады (1-бап).

Құжатта «мүлік», «қылмыстан түскен кірістер», «тыйым салу», «тәркілеу», «негізгі құқық бұзушылық» терминеріне түсінік берілген.

«Тәркілеу» соттың немесе басқа да құзіретті органның қаулысы бойынша мүліктен мүлде айыруды білдіреді.

«Мүлік» мейлі ол материалды немесе материалсыз, жылжымалы немесе жылжымайтын, заттай немесе құқықтық тұрғыда көрсетілген болса да кез келген активтерді, сондай-ақ осындай активтерге арналған құқықты немесе оларға деген мүддені растайтын заңды құжаттарды немесе активтерді білдіреді.

«Қылмыстан түскен кірістер» қандай да бір қылмыс жасаудың нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде сатып алынған немесе алынған кез келген мүлікті білдіреді. Бұл терминнің орнына құжаттың қазақша баламасының ережелерінде «қылмыстан түскен табыстар» қолданылған, ал орыс баламасында бірыңғайлы соңғы термин қолданылған.

«Негізгі құқық бұзушылық» қылмыс құрамын құрайтын, оларға қатысты осы Конвенцияның 6-бабында көрсетілген әрекеттер жасалуы мүмкін болуына қатысты, нәтижесінде кіріс алынған кез келген құқық бұзушылықты білдіреді.

Құжаттың 12-бабында Конвенцияда қамтылатын қылмыстардан түскен табыстар не өзінің құнына сәйкес келетін мүліктер, оларды жасау кезінде пайдаланылған немесе пайдалануға арналған мүліктерді, жабдықтарды немесе басқа да құралдарды тәркілеу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қажет және кейіннен тәркілеу мақсатында анықтау, іздеу, тыйым салу, алып қою мүмкін болатындай шараларды барынша жоғары дәрежеде қабылдайтындығын бекітеді.

Егер қылмыстан түскен табыстар ішінара немесе толықтай басқа мүлікке айналдырылса немесе өзгертілсе, онда осы бапта көрсетілген шаралар осындай мүлік, ал егер қылмыстан түскен табыстар заңды көздерден алынған болса – қылмыстан түсіп қосылған табыстардың бағалау құнына сай келетін бөлігі, тыйым салу немесе алып қою шараларына қатысты кез келген өкілеттіктерге залал келтірмей, тәркіленуге жатады.

Одан басқа халықаралық ынтымақтастық аясында тәркілеу мақсатындағы шаралар механизмін анықтайды. Мұнда қатысушы-мемлекеттер ішкі заңнамасында жол берілген мөлшерде және тиісті сауал алған жағдайда осы Конвенцияның жіберген өтініші бойынша әрекет ете отырып, тәркіленген қылмыстан түскен табыстарды немесе мүлікті, ол қылмыстан зардап шеккендерге өтем ақы төлеуі немесе қылмыстан түскен мұндай табыстарды немесе мүлікті олардың заңды иелеріне қайтаруы мүмкін болуы үшін, сұау салушы Қатысшы-мемлекетке тәркіленген қылмыстан түскен табыстар мен мүлікті қайтару туралы мәселені бірінші кезекте қарайтындығын белгілейді [17].

2003 жылғы 31 қазандағы БҰҰ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы (Мерид конвенциясы) ҚР 2008 жылғы 4 мамырдағы №31 Заңымен ратификацияланған. Бұл құжат сыбайлас жемқорлықпен күресі мәселесі бойынша жалғыз халықаралық-құқықтық құрал болып табылады. Оның негігі бағыты – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оны текеріп тергеуге және қылмыстық ізге түсу мен опреацияларды тоқтата тұру (тұмшалауға), тыйым салу, тәркілеу және осындай қылмыс ретінде танылған қылмыстардан алынатын табыстарды қайтару. Ол үшін негізгі құралдарының бірі ретінде мүлікті тәркілеуді анықтайды.

Конвенцияда тәркілеу «соттың немесе басқа да құзыретті органның қаулысы бойынша мүліктен түбегейлі айыруды», ал мүлік «заттай немесе құқықтай түріндегі материалдық немесе материалдық емес, жылжымалы немесе жылжымайтын кез келген активтерді, сондай-ақ осындай активтерге немесе олардағы мүдделерге меншік құқығын растайтын заңдық құжаттарды немесе

актілерді» білдіреді. Құжатта одан басқа қылмыстан түскен табыстарға түсінік берілген: «қандай да бір қылмыс жасау нәтижесінде тікелей немесе жанама сатып алынған немесе алынған кез келген мүлік» (2-баптың «е» тармағы). Бұл анықтама қысқа әрі нұсқа және тек сатып алынған емес, айырбастау, сату, т.б. арқылы алынған табыстарды қамтиды.

Мемлекеттерге Конвенцияға сәйкес танылатын қылмыстардан түскен табыстарды немесе құны осындай табыстардың құнына сәйкес келетін мүлікті, қылмыстарды жасау кезінде пайдаланылған немесе пайдалануға арналған мүлікті, жабдықты немесе басқа да құралдарды тәркілеу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қолдануы міндеттеледі.

Бұл құжат та қылмыстардан түскен табыстарды анықтау, ізге түсу, тұмшалау немесе тыйым салу мүмкіндігін қамтамасыз ету, олар ішінара немесе толықтай басқа мүлікке айналдырылған немесе өзгертілген заңды көздерден алынған мүлікке қоса берілсе, аталған шаралар осындай мүлікке қатысты қолданылатындығын бекітеді.

Конвенция халықаралық ынтымақтастық аясында активтерді қайтару бойынша да шара ретінде мүлікті тәркілеуді қарастырады (5-тарау) [18].

Халықаратық стандарт ретіндегі 2005 жылғы 16 мамырда Варшава қаласында қабылданған Еуропа Кеңесінің «Қылмыстық әрекеттен табылған табыстарды жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы және терроризмді қаржыландыру туралы» Конвенцияда мүлікті тәркілеу ретінде «қылмыстық іс бойынша немесе қылмыстық істер бойынша іс жүргізу нәтижесінде сотпен тағайындалатын және мүліктен айырудан тұратын жаза немесе шара» танылады. Бұл ұғым тәркілеуді тек жаза ретінде емес, қылмыстық-ықпал ету шарасы ретіндегі жүзеге асырылатынына және қылмыстық іске қатысты жүзеге асырылатынын айқындайды.

Қылмыстан түскен табыстар жоғарыда талданған құжаттарға ұқсас және қылмыстарды жасау нәтижесінде тікелей немесе жанама алынған не табылған кез келген экономикалық пайданы білдіреді. Оның қатарына «мүлік» ұғымына

кіретін заттай немесе заттай емес, қозғалатын не қозғалмайтын кез келген сипаттағы, сондай-ақ мүлікке не мүлік үлесіне құқық беретін заңдық актілер мен құжаттар жатқызылады. Одан басқа Конвенция «қару», «негізге қылмыс», «тоқтатып қою және алу» терминдерін анықтайды.

Тәркілеу шараларының алдыңғы қатардағы норманың болуы, қылмыстық әрекет және терроризмді қаржыландырудағы орнын көрсетеді. Алайда тәркілеу шаралары мүліктен айыру, 1 жылдан жоғары мерзімге бас бостандығын шектеу немесе айыру түріндегі жаза көзделген және тізбеде анықталған қылмыстарға қатысты жүргізілетінін ескертеді. Конфискациялық режимге жататын қылмыстар бойынша міндетті тәркілеуді белгілеу және оның қатарына қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыру, есірткінің заңсыз айналымы, адам саудасы және өзге де қатаң қылмыстарға қолдану құқығын береді.

Қылмыстан алынған табыстар ауыстырылған не түрленген мүлік, араластырылған қылмыстан алынған табыс құнына сәйкес заңды мүлік және осындай мүліктерден, қылмыстан алынған табыстардан табылған кіріс және өзге де пайда құнына сәйкес тәркіленуге, тоқата тұруға және алуға жатады.

Сондай-ақ тәркілеу шаралары қолданылатын қылмыстар қатарына қылмыскер мүлік қылмыстық жолмен табылған табыс екендігіне күдіктенген болса не/және мүлік қылмыстық жолмен табылғанын жорамалдаса қолдану үшін қажетті шараларды қарастырады. Заңнамалық және өзге шаралар тек жеке тұлғаларға емес, сондай-ақ заңды тұлғаның үстем позициясын алатын заңды тұлғаның органы оған өкілдік ету, оның атынан шешім қабылдау өкілеттігі, оған бақылауды жүргізетін өкілеттіктерінде заңды тұлғаның пайдасына жасалған ақшаны жылыстату қылмыстар үшін заңды тұлғаны жауапқа тарту, сондай-ақ мұндай жеке тұлғалар аталған қылмыстардың қатысушылары не арандатушылары ретінде жауапқа тартылуын белгілейді [64].

Табыстың қылмысты жылыстатуын және терроризмді қаржыландыруына қарсы күрес саласындағы әлемнің стандарттарын әзірлеу бойынша үкіметаралық

ұйым Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржы шараларын әзірлеу тобы (Financial Action Task Force on Money Laundering - FATF) ТҚЖ/ТҚ саласындағы 40 ұсынымдың үшінші ұсынымы Вена конвенциясы, Палермо конвенциясына баламалы түрде өкілетті органдарға үшінші адал тараптардың құқықтарына зиян келтірмей жылыстатылған мүлікті және одан не предиктті қылмыстан түскен табыстарды, осындай қылмыстарды жасауға қолданылған немесе арналған құралдарды, сондай-ақ терроризмді қаржыландыруға қолданылған, не арналған не одан түскен табыстарды, не сәйкесінше құндағы мүлікті тәркілеуге мүмкіндік беретін шараларды қабылдауды ұсынады.

Аталған шаралар тәркіленуге жататын мүлікті анықтау, бақылау және баға беру, оны тәркілеуін қамтамасыз ету және кез келген операцияларды, шарттарды, беру не билік етуден сақтау үшін тыйым салу және тергеу шараларын қамтитын өкілеттік берруден тұруы тиіс.

Сондай-ақ ФАТФ, мемлекеттің ішкі принциптеріне қайшы болмаса, қылмыстық айыптау үкімінсіз табыстар мен құралдарды тәркілеу немесе құқық бұзушыдан тәркіленуге жататын мүліктің заңды шығу тегін дәлелдеу міндеттемесін талап ететін шараларды қолдануды ұсынады.

Үлкен табыстар әкелетін қылмыстар бойынша өкілетті органдар өз бастамасымен паралельді қаржылық тергеу жүргізуі қажет. Мемлекеттер өкілетті органдар тәркілеуге жататын не жатуы мүмкін немесе қылмыстан түскен табыс болуына күдік бар мүлікті жедел анықтау және бақылауға, тоқтатып қою және тыйым салуға шаралар қолдануға міндетті екендігін көрсетеді (30 ұсыныс).

Халықаралық құқықтық көмекке қатысты, ФАТФ өзінің 38 ұсынымында мемлекеттер шет мемлекеттерден түскен жылыстатылған мүлікті, жылыстатудан және предиктті қылмыстардан түскен табыстар мен терроризмді қаржыландыруға қолданылатын не арналған құралдарды немесе сәйкес құндағы мүлікті анықтау, тоқтата тұру, тыйым салу және тәркілеу туралы сұрауларға жедел әрекет етуге күзіреттілік берілуі қажеттілігін ескертеді. Бұл күзіреттік, егер үшкі заңнама нормалары принциптеріне қарсы келмесе, үкімсіз табыстарды

тәркілеу және сәйкес қамтамасыз ету шараларын қамтуы тиіс (38 ұсыныс) [65].

Қорытындылай келе, халықаралық құжаттар өзінің мәртебесіне сәйкес қатысушы мемлекеттер арасында мүлікті тәркілеуге қатысты ортақ ұғымдар, халықаралық ынтымақтастық аясында құқықтық көмек көрсету механизмдерін анықтайды. Талдау нәтижелері бойынша отандық мүлікті тәркілеу нормалары халықаралық стандарттардың негізге талаптарына сәйкес келеді деуге болады, алайда әлі де жетілдіруге ұмтылатын тұстары бар. Сондай-ақ мүлікті тәркілеудің тек жаза ретінде ғана қарастырылмауы, халықаралық құқықтың өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу институтына бағытталып отырғандығын куәландырады.

Мүлікті тәркілеу, қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған мүлік, т.б. ұғымдар кең, икемді және қысқа да нұсқа берілген. Бұл алдыңғы бөлікте ұсынылған анықтаманың орындылығына дәлел..

Қарастырылған конвенция нормалары міндетті болғанымен, көп бөлігі ұсыным сипатында: Қатысушы-мемлекеттік ішкі заңнамасының ережелеріне сәйкес және олардың сақталуы шартымен анықталатынын және жүзеге асырылатынын белгілейтін принципті қозғамайтынын ескерте отырып, шараларды мүмкіндігінше қолдану құқығын береді. Сондай-ақ қылмыс жасаудан түскен табыстар тұмшалауға немесе тыйым салуға қатысты кез келген өкілеттіктерге нұқсан келтірмей тәркілеуге қосылып берген табыстардың бағалау құнына сәйкес тәркіленетіндігін, адал үшінші тараптардың құқықтарына зиян келтірілмеуін ескереді. Ол бойынша үшінші тұлғалардың құқықтарын қорғау бойынша нормаларды енгізген абзал.

Мүлікті тәркілеуді тиімді ету мақсатында Мерид конвенциясы, Вена конвенциясы, Палермо конвенциясы, ФАТФ қырық ұсынымы, т.б. қатысушы мемлекеттерге ішкі заңнаманың негізгі принциптері мен сот және өзге іс қарауының сипатына қарай кеңейтілген мүлікті тәркілеуді ұсынады. Ол аталған құжаттарды қылмыс жасаған адамның болжалды қылмыстан түскен табыс немесе тәркіленуге жататын өзге мүліктің шығу тегін дәлелдеу талабын қою

мүмкіндігін қарастыру түрінде белгіленген. Тек Мерид конвенциясында ғана дәлелдеу емес, жұмсағырақ көрсету міндеттеуді қарастырылады.

Бұл кеңейтілген мүлікті тәркілеу адамдардың конституциялық құқықтарына қайшы келмейтіндігін және тиімділігінің жоғары бағалануын көрсетеді, сәйкесінші біздің заңнамада оны қолдану мүмкіндіктерін қарастыру қажет. Оған қатысты қылмыс жасаған тұлғаның болжалды қалмыстық әрекеттен не өзге тәркіленуге жататын мүліктен алынған табыстарының заңды шығу тегін дәлелдеу туралы ережелерді қолдану заңсыз иеліктегі қомақты қаражатты Қазақстан халқына қайтаруға мүмкіндік беретін еді.

А.П.Данилов жазғандай, ұрланған затты қайтару арқылы біздің елдеріміздің үкіметтері қанша уақыт бойы сәтсіз ұмтылған әлеуметтік-экономикалық және сонымен бірге криминогендік қайшылықтарды — кедейлер мен байлардың кірістері арасындағы үлкен теңсіздікті мәселесін шешуге болады [66].

2022 жылдың қаңтар оқиғаларынан кейінге мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың ірі бизнес өкілдерімен кездесу барысындағы сөзінде де, оның түп тамыры бай мен кедей арасындағы алшақтың жол берілмейтін деңгейге жетуі себеп, террористтер, жауынгерлер мен олардың артында тұрған қастандық жасаушылар қолданған, сыбайлас жемқорлық аясында табыстардың жіктелуі оқ-дәрмен бөшкесіне жағылған сіріңкедей рөл ойнағандығы заңсыз жолмен алынған мүлікті тәркілеу қажеттілігін көрсетеді [67].

1.4. Кейбір шетел мемлекеттерінің тәжірибесі бойынша өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде мүлікті тәркілеу бойынша шетел мемлекеттерінің тәжірибесін зерттеу ең алдымен отандық қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру көз қарасынан қызығушылық тудыртады.

Ұлыбританияда мүлікті тәркілеу жаза қатарына енбейді. Ол салықтық (азаматтық тәркілеумен қатар салық органдары күдігі бойынша), әкімшілік тәртіппен, қылмыстық тәртіппен және қылмыстық тәртіптен тыс жүзеге асырылуы мүмкін. Ол 1971 жылғы «Есірткі қиянатын тарту туралы» Заңы, 1973 жылғы «Қылмыстық соттар өкілеттілігі туралы» Заңы, 1984 жылғы «Полиция және қылмыстық істер бойынша дәлелдемелер туралы» Заңы, 1994 жылғы «Есірткіні заңсыз сату-сатып алумен байланысты қылмыстар туралы» Заңы, «Қылмыстық әділет туралы» 1988 жылғы Заңы, «Қылмыстық процесс туралы» және «Қылмыстық жолмен табылған табыстар туралы» 2002 жылғы заңдары және өзге нормативтік актілермен реттеледі. Ұлыбритания заңнамасына сәйкес қылмыстық әрекет жасауға арналған, қолданылған не оның нәтижесінде алынған ақша мен мүлік, табыстар, қылмыс қаруы мен құралдары тәркіленуі мүмкін.

«Қылмыстық жолмен алынған табыстар туралы» (POCA – Proceeds of Crime Act) 2002 жылғы Заң тәркіленуге жататын мүлік жай (қылмыс нәтижесінде табылған табысына тең) және кеңейтілген (негізгі қылмыспен байланысты емес табыстар) табыстарды қамтыды. Ол «Азаматтық-құқықтық тәртіпте құқыққа қайшы әрекетпен табылған табыстарды қайтару» атты 5-бөлімінде қылмыстан алынған табыстар қылмыстық іс бойынша үкім шығарусыз, күдікті қаза болған, қудалаудан жасырынған не иммунитеті бар жағдайларда тәркілеу мүмкіндігі пайда болды. Мүлікке қатысты азаматтық іс жүргізу айыпталушы ақталғанда да жүргізіле берді [68].

Қылмыстық тәртіппен тәркілеу қылмыстық тәртіппен сотталғаннан кейін ақшалай қаражатты алып қоюды көздейді, соның нәтижесінде құқық бұзушыға нақты қылмыстан алынған пайданың (кірістің) құнын төлеу ұйғарылады. Нақты қылмысты белгілі бір пайдаға байланыстырудың қажеті жоқ. Осылайша, сот жауапкердің соңғы алты жыл ішінде оған тиесілі барлық мүлкі қылмыстық әрекеттен алынған табыс болып табылатындығына негізделуі мүмкін [69].

Қылмыстық іс жүргізуден тыс активтерді тәркілеу аясында істі Жоғары сотта қарағаннан кейін, құқық қорғау органына «заңсыз мінез-құлық

нәтижесінде алынған мүлікті» білдіретін активтерді тәркілеуге мүмкіндік беретін активтерді қайтару туралы шешім қабылданады. Дәстүрлі түрде қылмыстық іс жүргізуден тыс активтерді тәркілеу қылмыстық қудалауды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда немесе тәркілеу ресімі сотталғаннан кейін нәтиже бермесе ғана қолданылды [70]. Тәркілеу бойынша уәкілеттілікті Корольдік прокуратура, Күрделі алаяқтық қылмыстарға қарсы басқарма және Күрделі және ұйымдасқан қылмыстарға қарсы күрес агенттігі жүзеге асырады.

«Қылмыстық қаржылар туралы» 2017 жылғы 27 сәуірде қабылданған Заң тәркілеу мақсатында «шығу тегі түсініксіз байлықтар» ұғымын енгізді. Ол бойынша дәстүрлі айыптау актісі негізіндегі тәркілеу мехнизмінен өзгеше құқық қорғау органдарының табыс пен қылмыстың арасындағы байланысты дәлелдеу ауыртпалығы меншік иесіне құны 100 000 фунт стерлингтен және заңды табыстарынан едәуір асатын мүлкінің заңды шығу тегін дәлелдеу міндетімен алмастырылды [71]. Ұлыбританиядағы тәркіленген мүліктің 50 пайызын құқық қорғау органдарын қаржыландыруға беруді қарастыратын Asset Recovery Incentivation Scheme (ARIS) бағдарламасы да отандық тәжірибеде қолдануда көңіл аударарлық [72].

Италияда мүлікті тәркілеу алдын алу шарасы ретінде қарастырылады. 1956 жылы «Қауіпсіздік пен қоғамдық имандылыққа қатер төндіретін тұлғаларға қарсы алдын алу шаралары туралы» заңымен мафиямен күресте мафияға қатысы бар тұлғалардың заңды табыстарынан құны асатын мүлікінің заңды шығу тегін дәлелдеуді міндеттеуден тұрған қылмыстық істен тыс мүлікті тәркілеу енгізілген. Оның барысында тұлғаның кірістерінің барлық көздерін анықтау жүргізіліп, егер тұлға құны табыстарынан едәуір асатын мүліктің заңды шығу тегін түсіндіре алмаса не сот белгілеген уақытта келмесе, мүлік тәркіленуге жатқан. Мафиямен байланысты қылмыстық істер [73].

АҚШ мемлекетінде тәркілеу бірнеше тәртіппен жүзеге асады. Біріншіден, тәркілеу қосымша жаза ретінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазамен бірге айыптау үкімімен сотталушыға қатысты тайындалады. Тәркілеу 200-ден

аса федералды және мемлекеттік қылмыстар үшін көзделген. Сондай-ақ, рәкет пен жемқор ұйымдарға ықпал ететін ұйымдар туралы 1970 жылғы Заңы (РИКО) федералды агенттерге айыптау үкіміне дейін соттық тыйым салу және үшінші тұлғаларға берілген кез келген мүлікті тәркілеу туралы өтінішхатпен жүгінуге рұқсат береді. Олар алдымен тек жалғаспалы қылмыстық әрекеттермен шектелгендіктен өнімсіз болды. Кейін заңдармен («есірткімен күрес», 2001 жылғы қыркүйектегі террористік актілерден соң) тәркілеу мүмкіндігі кеңейтілді, ол қылмыскерді одан әрі қылмыстық әрекеттерді жасау құралдарынан айыру отырып толықтай қатардан шығаруға бағытталды. Екіншіден, мүлік айыптау үкімінсіз азаматтық тәркілеу түрінде меншікке қарсы жүзеге асырылады. Ол айыптау үкімін қажет етпейді және дәлелдеу ауыртпалығының аз деңгейін қажет еткендіктен, құқық қорғау органдары арасында кең таралған. Бірқатар авторлар бұған бір әрекет үшін қайтадан жазалау, кінәсіз иегерлер құқықтары сияқты конституциялық құқықтарды бұзады деген бастамалармен қарсылық білдірген.

2000 жылғы Азаматтық тәркілеу турады Заңмен аса маңызды азаматтық тәркілеу бойынша барлық заңдарға өзгерістер енгізілді. Тәркілеу үшін техникалық талаптар қойылды, әлеуметтік жағдайлары төмендерге заңи өкілеттік нығайтылды, АҚШ басқармасына дәлелдемелердің негізгі стандарттарын сақтау міндеттелді (оғанға дейін үкімен мемлекеттің есірткіге қатысты қылмыс жасау үшін қолданылғанын не нәтижесінде алынғанын мүмкін себептерін көрсеткеннен бастап тәркіленген саналды). 1984 жылғы Қылмыстылықпен жан-жақты күрес туралы Заңы құқық қорғау органдарына тәркілеу нәтижесінде алынған мүлікті сақтау және одан алған табыстарды пайдалануға жол берген. Оған қатысты қылмыстық әрекеттерді мемлекет пайдасына қаражат түсіру мақсатында соттық тергеп-тексеру және қудалау дұрыс еместігін атаған.

Тәркілеуге ақшаны жылыстату мақсатында жасалған не жасалуға оқталған шарттармен, оның ішінде ақша қаражатын аудару бойынша заңсыз операцияларға байланысты кез келген мүлік; АҚШ юрисдикциясындағы қылмыс

жасау нәтижесінде тікелей немесе жанама алынған табыстар немесе қылмыс құралдары ретінде қолданылатын мүліктер жатады. Тұлға мүлікті тәркілеуден қорғау үшін мүліктің қылмыспен қатыстылығын даулау не өзінің «кінәсіз иегер» екендігін дәлелдеу қажет. [68].

Осылайша азаматтық тәркілеу аталғанымен, олар жаза емес, қылмыстық істен тыс заңсыз мүлікке қарсы өзге де ықпал ету шаралары болып табылады. Тұлға заңсыз жолмен табылды деген күдік келтіретін мүлкінің заңды шығу тегін дәлелдей алмау негізінде тәркілеу Австрия, Норвегия, Таиланд, Швейцария, Австралия, ГФР, Эстония, Черногория, Литва, Румыния заңнамаларымен және шенеуніктерге қатысты Гонконгте қарастырыла бастады [74].

Франция мемлекетінде мүлікті тәркілеу қосымша қылмыстық жаза ретінде бір жылдан астам бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, ал кеңейтілген тәркілеу ретінде 5 жылдан жоғары бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны көздейтін, тікелей немесе жанама пайда алған қылмыс үшін тағайындалады. Соңғысы мүліктің шығу тегін түсіндіре алмаған жағдайда сотталушының мүлкінің қылмыстық шығу тегі презумпциясы негізінде, мүліктің алу уақытына тәуелсіз жүзеге асады, сәйкесінше мүліктің жасалған қылмысқа қатыстылығын дәлелдеуге жатпайды. [75]

Францияның Қылмыстық кодексінде жалпы және арнайы тәркілеу жазаның түзету түрлеріне жатады. Францияның қылмыстық заңнамасы тәркілеуді құқықтан айыру немесе шектеу түріндегі жаза ретінде жіктейді (Франция ҚК 131-3-бабының 5-тармағы). Жалпы тәркілеу айрықша сипатқа ие және тек адамзатқа қарсы қылмыстар үшін, сондай-ақ есірткіні заңсыз өндіру, оларды әкелу немесе әкету үшін ғана көзделеді. Егер бұл заттар сотталушының меншігі немесе қылмыстық іс-әрекетті жасау нәтижесінде алынған не қызмет еткен немесе оны жасауға арналған заттар болса, қылмыс заттарын арнайы тәркілеу қосымша жаза ретінде көзделеді. Адамзатқа қарсы қылмыс жасағаны, есірткіні заңсыз өндіргені, оларды әкелгені немесе әкеткені, сондай-ақ кейбір

басқа да қылмыстар жасағаны үшін жалпы тәркілеу көзделген. Қылмыстық кодексте заңды тұлғалар үшін жазаларды реттеу, оның ішінде тәркілеудің әртүрлі түрлері, соның ішінде жалпы түрлері тағайындалуы мүмкін.

Франция ҚК-нің 131-39-бабының 8-тармағына сәйкес заңды тұлғалар қылмыстық іс-әрекет жасауға арналған немесе қызмет еткен затты немесе қылмыстық іс-әрекет нәтижесінде алынған затты тәркілеу арқылы жазалануы мүмкін. Франция ҚК-нің 131-21-бабы негізінде заңмен зиянды немесе қауіпті деп жатқызылған заттар, қылмыс немесе теріс қылық жасау салдарынан алынған барлық материалдық құндылықтар міндетті түрде тәркіленуге жатады. Егер осы затты тәркілеу объективті себептерге байланысты мүмкін болмаса, кінәліден оның толық құны алынады. Егер сот тәркіленген затты жою туралы арнайы нұсқама шығармаса, ол мемлекет кірісіне түседі. Алайда, егер мұндай мүліктің заңды иесі табылса, сот тәркіленген затты оған қайтару туралы қаулы шығаруы мүмкін. Бұдан шығатыны, Франциядағы арнайы тәркілеу қылмыстық іс жүргізу заңнамасымен емес, Қылмыстық жолмен реттеледі. Франциядағы соттарға жазаларды ауыстыру құқығы берілгенін атап өткен жөн. Мысалы, бас бостандығынан айыру немесе айыппұл салудың орнына сот кінәліге қылмыс жасауға қызмет еткен немесе тағайындалған мүлікті тәркілеуді тағайындауы мүмкін. Осылайша, француз және отандық заң шығарушы бұл мәселеде әртүрлі ұстанымға ие. Францияда мүлікті тәркілеу кең мағынада түсініледі, бұл жазаның бір түрі ғана емес, сонымен бірге заңдылық пен қауіпсіздікті сақтау шарасы.

Ресей Федерациясында (әрі қарай – РФ) жаза ретінде танылып келген мүлікті тәркілеу 2003 жылы қылмыстық заңнамалардан мүлде алынып, 2006 жылы РФ Қылмыстық кодексіне (әрі қарай - Қылмыстық кодекс) қылмыстық-құқықтық сипаттағы өзге шара ретінде енгізілді. Мүлікті тәркілеу РФ ҚК 104.1-бабы тармақтарында нақты тізбектелген мүліктерді айыптау үкімі негізінде қайтарымсыз алу және мемлекет меншігіне айналдыру ретінде анықталды [76]. Егер қылмыс нәтижесінде мемлекетке зиян келтіру фактісі анықталса, құзыретті тұлғалар, қылмыстық іс ақталмайтын негізде тоқтатылғандығына қарамастан, ол

бойынша сотқа азаматтық талап арызбен жүгіну мүмкіндігін қарастыруға міндетті. Сондай-ақ терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша құзыретті орган мүліктің тұлғаның, оның туыстары мен жақын тұлғалар мүлкінің заңды шығу тегі жөнінде ақпарат сұратып, растайтын ақпарат болмаған жағдайда прокуратура органдары арқылы азаматтық-құқықтық тәртіпте мүлікті алу жүргізіледі [77]. РФ мүлікті тәркілеудің бұл сипаты қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасына дәл келеді.

Дания ҚК мүлікті тәркілеу «Жазаланатын әрекеттің өзге құқықтық салдары» атты 9-бөлімінде жаза ретінде қарастырылмайды. Мұнда қылмыстық әрекетке қолдануға арналған не пайдаланылған, қылмыстық әрекетпен жасалған, қылмыстық жолмен табылған кез келген мүлік не оған теңестірілген сомма толық не ішінара тәркіленуге жатады. Мүлікті тәркілеу қылмыстық әрекетпен табылған меншік кез келген тұлғадан тәркіленуі мүмкін. Данияның тәжірибесіндегі кез келген тұлға қылмыстық әрекеттен соң табысты, мүлікті не оған деген құқықтарды өзінен алшақтатса, мүлік не оның құны мүлікті қабылдаушыдан, егер соңғысы мүліктің қылмыстық әрекетпен байланыстығын білсе не оған немқұрайлы қараса, сондай-ақ оған өтеусіз берілсе, тәркілеу мүмкіндігі назар аударарлық [78].

Испания ҚК мүлікті тәркілеу жаза және қауіпсіздік шарасы тізіліміне енбейді, алайда «Қосымша салдар» 6-тарауында жасалған қылмыс не қасақана теріс қылықтар қылмыстық әрекет нәтижесінде табылғанның барлығынан, оның ішінде қылмыс барысында қолданған қару-жарақтар, егер ол адал үшінші тұлғаға тиесілі болмаса, айырылуға әкеледі және келтірілген зиян орынын толтыруға қолданылады [79].

Грузия ҚК 52-бабына сәйкес, «мүлікті алу» қосымша жаза қатарына жатқызылады және мемлекет пайдасына айыпталушының, сотталғанның иелігіндегі қылмыс жасауға арналған зат не қаруды не қылмыстық жолмен алынған мүлікті қайтарымсыз алу болып табылады [80]. Алайда, анықтамада «айыпталушы», яғни айыптау үкімі шықпаған тұлғаның белгіленуі Грузияда

«әкімшілік» деп аталатын және азаматтық, өзге заңнамаларымен реттелетін «in rem» (қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде) мүлкін тәркілеуді жүзеге асыруға жол береді.

ҚР ҚК алдыңғы бөліктерде аталғандай, үшінші тұлғаларға берілген мүлікті тәркілеудің шектелмеу мәселесі бар. Ол норманы жетілдіру бойынша Данияның және Украина, Қытай, Эстония, Черногория, Ресей мемлекеттерінің қылмыстық заңнамаларындағы нормаларды үлгіге алуымызға болады. Мысалы, РФ ҚК 104.1 бабының үшінші бөлігінде үшінші тұлғадан мүлікті тәркілеу келесідей баяндалған: «Сотталғанмен өзге тұлғаға (мекемеге) берілген осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген мүлік, оны қабылдаған тұлға мүліктің қылмыстық әрекеттер нәтижесінде табылғандығын білген не білуге тиіс болса ғана тәркіленуге жатады» [81].

Швейцарияда активтерді тәркілеу қылмыстық тәртіппен де, қылмыстық іс жүргізуден тыс та жүзеге асырылады. Екі механизм де Швейцария Қылмыстық кодексінің 70-72 баптарының бірдей ережелеріне және бірдей рәсімдерге негізделген. Қылмыстық іс жүргізуден тыс активтерді тәркілеуге қатысты 70-баптың 1-параграфында: «Судья құқық бұзушылық нәтижесінде алынған немесе құқық бұзушыны тартуға немесе оған сыйақы беруге арналған активтерді, егер олардың құқықтарын қалпына келтіру мақсатында зардап шеккен тарапқа қайтарылуға жатпайтын жағдайда, тәркілеуді тағайындайды» делінген. Осылайша, тәркілеу қылмыстық іс қозғамай-ақ жүреді. Тәркілеудің барлық жағдайларында Швейцария жалпы құқықтың көптеген салаларында дәлелдеуде қолданылатын азаматтық құқықтың ықтималдығын салыстыру принципінен гөрі қылмыстық құқық тәсілін қолданады. Қылмыстық заң «терең сенім» принципінен туындайды, яғни судьяға барлық айыптар берілгеннен кейін, дәлелдердің үйлесуі нәтижесінде ешқандай дәлел болу-болмауына қарамастан, ол активтер құқық бұзушылықтан түсетін табыс екендігіне «терең сенімі» негізінде шешеді. Басқа юрисдикциялардағыдай, тәркілеу мүліктік талап болып табылады және жаза ретінде емес, шара ретінде қарастырылады. Барлық

жағдайларда айыптаушы тарап құқық бұзушылықтың жасалғанын және активтер құқық бұзушылықтан түскен кірісті білдіретінін не қылмыстық құқық бұзушылық жасауға немесе ол үшін төлем ретінде арналмағанын дәлелдеуі керек.

Тәркілеу мүліктік сипатқа ие болғандықтан, бұл туралы шешім, егер меншік иесі қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысы болмаса да, активтердің нақты иесі кім екеніне қарамастан қабылдануы мүмкін. Егер активтер үшінші тарапқа берілген болса, онда тәркілеу осы Тарапқа қолданылуы мүмкін немесе үшінші тарап тәркілеуге себеп болған фактілер туралы білмей активтерді сатып алған және барабар соманы төлеген немесе тәркілеу тым қатал шара болған жағдайларды қоспағанда, өтемдік төлем талап етілуі мүмкін (ҚК 70-бабының 2-тармағы) [82].

Черногорияның «Қылмыстық әрекеттен материалдық пайданы тәркілеу және тәркілеу туралы» Заңының 2-бабына сәйкес, қылмыстық әрекеттен алынған деген күдік болған жағдайда, құқық бұзушы оның заңды шығу көзіне сенімді түсінік бере алмаса не осы заңдағы қылмыстық әрекет үшін кінәлі деп танылса, тәркілену жүргізілуі мүмкін. Мүлік оның мирасқорларынан және отбасы мүшелерінен, сондай-ақ үшінші тұлғалардан тәркілене береді. Бұл тәркілеу қылмыстық құқық бұзушылық әрекет жасау нәтижесінде табылған материалдық пайдаға қарсы бағытталған.

Егер материалдық пайданың өзін кеңейтілген түрмен тәркілеу мүмкін болмаса, тәркіленетін мүлік құны қылмыстық әрекеттен алынған материалдық пайданың құнына тең болуға тиіс (баламалы құнның мүлкін тәркілеу). Заңның 2-бабының 1-тармағында көзделген қылмысқа айыпталушы кінәлі деп танылған үкім күшіне енгеннен кейін прокурор осы күннен бастап бір жылдан кешіктірмей сотқа қылмыстық әрекеттен алынған материалдық пайданы оның иесінен тәркілеу туралы өтініш беруге тиіс, ол құжаттардың түпнұсқаларының көмегімен немесе мүліктің көзі заңды болып табылатынын өзгеше түрде дәлелдей алмайды. Судьялар алқасы бұл өтінішті қылмыстық процестің

ережелері бойынша қарап, өтініштің мәні бойынша шешім қабылдауы керек [83].

Литвада кеңейтілген тәркілеу институты 2010 жылы ҚК-нің 72-3-бабымен толықтыру арқылы енгізілді. Литвада кеңейтілген тәркілеу мынадай шарттар болған кезде қылмыстық тәртіппен қолданылады:

1) құқық бұзушы онша ауыр емес, орта немесе ауыр қасақана қылмыс жасағаны үшін сотталған (үш жылдан астам бас бостандығынан айыру жазасы) және одан материалдық пайда алуы мүмкін;

2) құқық бұзушы ҚК тыйым салған әрекеттер жасау кезінде немесе жасағаннан кейін, аталған әрекетті жасағаннан 5 жыл бұрын құны оның заңды табыстарына сәйкес келмейтін және олардың арасындағы айырма 250 айлық ең төмен күнкөріс деңгейінен асатын мүлікті иемденеді немесе өз мүлкінің бір бөлігін басқа адамдарға берді;

3) қылмыстық іс қарау кезінде құқық бұзушы меншік иелігінің заңдылығын растай алмады.

Бұдан басқа, ҚК-нің 72-3-бабының 3-тармағында сипатталған жағдайларда жеке де, заңды да, атап айтқанда, егер хабардар үшінші тұлғалардың мүлкі арнайы тәркіленуге жататынын ескеру қажет:

1) мүлік оларға жалған мәміле салдарынан берілді;

2) мүлік құқық бұзушының отбасы мүшесіне немесе жақын туысына берілді;

3) мүлік құқық бұзушы, оның отбасы мүшесі не жақын туыстары мүше болған не директор, құрылтайшы, кемінде 50% - ына иелік ететін қатысушы қызметін атқарған заңды тұлғаға берілген мүлік;

4) мүлікті берген адам немесе заңды тұлғаның атынан өкілдік етуге, оның атынан шешім қабылдауға және оның қызметін бақылауға құқығы бар адамдар бұл мүліктің Қылмыстық жолмен немесе құқық бұзушының заңсыз кірістерінен алынғанын білуі немесе білуі керек екенін білуі керек.

Соттауға негізделмеген азаматтық процесте мүлікті тәркілеу мүмкіндігі 2010 жылдан бері қолданылып келе жатқан Албанияның «Ұйымдасқан қылмыс

пен траффикингтің алдын-алу шаралары арқылы алдын-алу және бақылау туралы» Заңында (Мафияға қарсы) қарастырылған. Заңда сыбайлас жемқорлық пен ақшаны жылыстатуды қоса алғанда, заңның 3-бабында көрсетілген ауыр қылмыстар жасады деп негізді түрде күдік келтірілген адамдардың активтерін тәркілеу мүмкіндігі көзделген. Жоғары деңгейдегі мемлекеттік қызметшілер де осы заңға бағынады, ал тергеу, мүлікті тәркілеу және тәркілеу тек күдіктілерге ғана емес, олардың туыстарына да қатысты болуы мүмкін.

Албания Заңының 5-бабына сәйкес тәркілеудің бұл рәсімі мүлкі осындай тәркілеудің объектісі болуы мүмкін адамдарға қарсы қылмыстық іс жүргізуге қатысты дербес болады. Заң бойынша тәркілеу рәсімдері қылмыстық іс жүргізу тоқтатылған немесе адам қылмыстық тұрғыдан кінәсіз деп танылған жағдайларда пайдаланылуы мүмкін (Заңның 24-бабы). Алдын ала тергеуді прокурор мен сот полициясы бастауы және жүргізуі мүмкін (Заңның 8-бабы), егер активтер заңсыз шыққан деп айтуға негіз болса (нақтыланбаған, бұл тек кірістер немесе қылмыс жасау құралдары мен құралдары туралы).

Бір жағынан, мафияға қарсы заң Албанияда тәркіленген активтердің саны мен құнының едәуір өсуіне әкелді, ал екінші жағынан, азаматтық және қылмыстық процестегі процедуралық нормаларды сәтсіз кесіп өткені, жеке меншік құқығына араласуды реттеудің нашар сапасы, атап айтқанда, азаматтық тәркілеуді қолданудың даулы критерийлері және адам құқықтары контекстіндегі құқықтық сенімділік қағидатын бұзудың басқа аспектілері үшін бірнеше рет әділ сынға ұшырады [84].

Словениядағы азаматтық тәркілеу процедурасы қаржылық тергеуді, мүлікке алдын ала тыйым салуды, азаматтық сот ісін жүргізуді және тәркілеуді қамтиды. Қаржылық тергеуді Словения Мемлекеттік прокуратурасының мамандандырылған кеңсесінің (SDT RS) құзыретті прокурорымен бірлесе отырып, тиісті қылмыстар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісін бастауға уәкілетті прокурор жүргізеді. Соңғысы азаматтық тәркілеу процесінде талапкер танылады. Мұндай азаматтық талаптарды іс жүзінде Любляна аудандық соты

қарайды.

Қаржылық тергеу процесінде прокурор полиция, фискалдық қызмет, қаржылық барлау және басқа органдардың жұмысына басшылық жасай алады, оларға міндетті тапсырмалар бере алады. Қаржылық тергеу аяқталғаннан кейін топ басшысы жазбаша есеп дайындайды, онда олардың заңсыз шығу тегіне күдіктену үшін негіздер бар активтер туралы, осындай активтерді байланысты тұлғаларға беру туралы, байланысты тұлғалардың активтері туралы және осындай активтерге қатысты уақытша қамтамасыз ету шараларын қолдану негіздері туралы егжей-тегжейлі ақпарат пен дәлелдемелер қамтылады. Жалпы ереже бойынша қаржылық тергеу бір жылдан астам уақытқа созыла алмайды, бірақ бұл мерзім объективті критерийлер бойынша құзыретті прокурордың шешімі негізінде ең көп дегенде 6 айға ұзартылуы мүмкін.

Словения сотындағы азаматтық тәркілеу ісі прокурордың жауапкер ретінде активтердің иесіне қарсы талап қоюынан басталады және азаматтық процестің ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Талап қоюға қаржылық тергеу есебі және қамтамасыз ету шаралары туралы сот шешімдері қоса беріледі. Заңның 27-бабының мазмұнынан туындағандай, осы іс жүргізу кезінде талапкер жауапкер активтерінің заңсыз шығарылуына күдік тудыратын фактілер мен дәлелдемелерді ұсынуы керек. Егер заңсыз шығарылған активтер байланысты тұлғаға берілген болса, талап қоюшы сондай-ақ беру тегін немесе активтердің нақты құнына сәйкес келмейтін баға үшін жүргізілгені туралы фактілер мен дәлелдемелерді, ал олар тығыз байланысты тұлғаға немесе жақын туысына берілген жағдайда-активтерді негізсіз беру презумпциясын тудыратын фактілер мен дәлелдемелерді ұсынуға тиіс. Егер жауапкер активтердің заңды шығу тегі бар екенін дәлелдесе, ал оларды негізсіз алу презумпциясы – егер ол осындай активтердің нақты құнын төлегенін дәлелдесе, активтердің заңсыз шығу презумпциясына қарсы шығуы мүмкін. Талап қоюды қанағаттандыру және тәркілеу немесе талап қоюдан бас тарту туралы түпкілікті шешімді сот азаматтық процесте қабылдайды [85].

Болгарияда қылмыстық емес тәркілеу негізінен әкімшілік рәсімдер мен азаматтық сот ісінің қоспасы болып табылады. Сондықтан оны азаматтық тәркілеуге жатқызуға болады. Тәркілеудің бұл түрі 2012 жылғы қазаннан бастап күшіне енген «Заңсыз активтерді тәркілеу туралы» Заңмен реттеледі. Мұндай тәркілеу рәсімі қылмыстық іс жүргізуден дербес, оның нәтижелерінен тәуелсіз болады. Тәркілеудің бұл түрі адамға емес, мүліктің өзіне қарсы бағытталғандықтан, бұл олардың нақты иесі кім екеніне қарамастан қылмыстық пайданы тәркілеу мүмкіндігін білдіреді. Заң тексеруді бастаудың екі балама негізін қарастырады: қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық және қосымша негіз – адамның мүлкі мен оның кірістері арасындағы 250 000 леван немесе одан да көп арасындағы сәйкессіздікті анықтауы керек. Болгарияның Заңына сәйкес заңсыз қызмет нәтижесінде алынған және шығу тегі осындай заңсыз активтерді пайдаланудан алынған пайданы қоса алғанда, ақылға қонымды түрде негізделе алмайтын активтер тәркіленуге жатады. Сондай-ақ, заң өзгертілген активтер мен олардың заңсыз шығу тегі туралы білетін үшінші тұлғаларға берілген активтерді тәркілеуге мүмкіндік береді. Заңның кемшілігі – тексеру объектісі тек жеке тұлға бола алады, ал заңды тұлғалар тексеру объектілерінің қатарына қосылмайды [86].

Қырғызстан Республикасының қылмыстық заңнамасы мүлікті тәркілеуді сотпен тұлғаның қылмыстық жазаға тартылуы не жауаптылықтан немесе жазадан босатылуына қарамастан қолданылатын өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларына (Қауіпсіздік шаралары) жатқызылса, 2021 жылдың 28 қазанынан бастап қосымша жаза ретінде танылды. Оның регламентациялау бөлігінде тәркіленуге жататын мүлік болмаған жағдайда құнына сәйкес ақшалай қаражат, ал ол болмаған жағдайда өзге мүлікті тәркілеу жүргізілуі мүмкіндігі, тәркіленген мүлік ең алдымен жәбірленушілерге келтірілген зиянды өтеу мәселесі шешілетіндігі, мүліктің қылмыстық шығу тегі білген не білуі тиіс тұлғалардан тәркілеу мүмкіндігі белгілеу орынды [87].

Қорытындала келе, шетел мемлекетіндегі мүлікті тәркілеу мафиямен күрес

уақыттарынан бері тек жазалау шарасы ғана емес, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы сипатын алған. Ол қауіпсіздік шарасы, азаматтық тәркілеу, т.б. өзге атауларға ие болғанымен, тұлғаны жазалауға емес, заңсыз мүлікті қудалауға, қылмыстың алдын-алуға бағытталған.

Зерделенген шетелдік тәжірибе жоғарыда ұсынылған үшінші тұлғалардың иелігіне берілген мүлікті тәркілеуді оның қылмыстық шығу тегі туралы хабардар болу критерийін, тәркіленуге жататын мүлік анықталмаған жағдайда орнына құнына сәйкес ақшалай қаражат не өзге мүлік тәркілену мүмкіндігін қарастыру қажеттілігін көрсетеді.

Одан бөлек, шетелдік тәжірибені талдау және отандық заңнама ерекшеліктерін ескере отырып, келесі ұсынымдар алға шығарылады:

Мүлікті тәркілеуді тек мемлекет бюджетіне аударуды емес, ең алдымен жәбірленушілерге келтірілген зиян орнын толтыруға бағытталу қажеттілігін алға қоя отырып, ҚР ҚК 48-бабына 5-1 бөлікті енгізу ұсынылады: «Мүлікті тәркілеу мәселесін шешу барысында ең алдымен қылмыстық құқық бұзушылықпен жәбірленушілерге келтірілген зиян орнын толтыру мәселесі анықталуға жатады».

Сондай-ақ халықаралық тәжірибедегі кеңейілген мүлікті тәркілеу енгізу қарастырылуы қажет. Шетелдік тәжірибе қызықтырғанымен, оны отандық заңнамаларға енгізу жан-жақты талдаусыз, қалыптасқан көзқарастар мен діл ерекшеліктерін ескермей жүзеге аспауы керек. Ол үшін институттың тек негізгі түсінігі, орны және сипатын, объектілерін ғана емес, олардың механизмін зерделей келе, жарамды әрі қолайлы тәжірибе алынуы тиіс.

2. ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАСЫ РЕТІНДЕГІ МҮЛІКТІ ТӘРКІЛЕУДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕГЛАМЕНТТЕУ

2.1. Қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге шарасы ретінде мүлікті тәркілеуді құқықтық реттеу

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеуді жүргізу тәртібі ҚР ҚПК «Үкім шығарылғынға дейін тәркілеу туралы іс жүргізу» атты 15-бөлімінде қарастырылады. Қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу қылмыстық-процестік құқықта «Заңсыз жолмен алынған мүлікті үкім шығарылғанға дейін тәркілеу» атауына ие.

ҚР ҚПК 667-бабының бірінші бөлігіне сәйкес заңсыз жолмен алынған мүлікті үкім шығарылғанға дейін тәркілеу:

- күдікті, айыпталушының халықаралық іздестіруге жарияланған;
- қылмыстық қудалаудың ҚР ҚПК 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4) және 11) тармақтары бойынша тоқтатылған қылмыстық істер бойынша қозғалады. Ол үшін бірқатар процедуралардың жасауын қажет етеді, сондықтан олардың әрқайсысына тоқталған жөн.

Іздестіру шаралары – анықтау органның қылмыстық процестегі жүргізетін органнан жасырынып жүрген және (немесе) қылмыстық жауаптылықтан жалтарып жүрген адамдарың, хабарсыз кеткен адамдардың, іс үшін маңызы бар нәрселер мен құжаттардың тұрған жерін анықтауға, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды анықтауға бағытталған, қылмыстық процесті жүргізетін органның тапсырмасы бойынша орындалатын әрекеттер (ҚР ҚПК 7-бабының 56) тармағы). Күдіктіні, айыпталушыны іздестіру оның тұрған жерін анықтау, ұстап алу және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органның қарауына беру шараларын қолдануды көздейді (ҚР ҚПК 292-бабының бірінші бөлігі).

Күдікті, айыпталушыны халықаралық іздестіруге жариялау алдымен іс-

әрекетін саралау туралы қаулының шығарылуын талап етеді (ҚР ҚПК 292-бап). Кезегінше күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы уәжді қаулы шығару адамның қылмыс жасағаны туралы күдікті растайтын оған қатысты жеткілікті дәлелдемелердің болуы қажет (ҚР ҚПК 203-бап). Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы қылмыстық іс-әрекеттің жасалған уақыты мен орны, кімнің жасағаны; күдікті туралы жеке мәліметтер, ҚР ҚПК 113-бабына сәйкес дәлелденуге жататын өзге де мән-жайлар көрсете отырып, осы адам жасады деп күдік келтіретін қылмыс сипаттамасы, күдік келтіріліп отырған қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін қылмыстық заң қамтуы тиіс. Аталған мән-жайларды саралау туралы қаулыда көрсету үшін оның фактілі дәлелдемелермен дәлелдеу қажет. Яғни, қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеуді жүзеге асырмас бұрын тұлғаға қатысты күдіктің дәлелденуі, халықаралық іздестіруге жариялау процедураларынан өтуі тиіс.

Халықаралық іздестіру тергеу судьясының санкциясы бойынша (ҚР ҚПК 53-бабының екінші бөлігі 8) тармағы) Интерполдың Ұлттық Орталық Бюросы делдалдығымен жүзеге асырылады және әрбір іздестіруге қатысатын мемлекеттердің аумағында ұлттық нормативтік актілерге сәйкес өткізіледі. Халықаралық іздестіруді жариялау процедурасы ұлттық тергеудің шетелде тапқысы келген тұлғаның кінәсінің бұлтартпайтын дәлелдері барын деп болжайды. Тұлғаны Халықаралық іздестіруді жариялауға және жүзеге асырудың міндетті шарты оны аумақтық іздестіруге жариялануы болып табылады. Халықаралық іздестіру, егер жүргізілген тергеу әрекеттер және жедел-іздестіру іс-шараларымен іздестіріліп жатқан тұлғаның Қазақстан Республикасынан тыс жерге кеткені, оның Қазақстан Республикасынан тыс жерде туыстық, достық немесе өзге де байланыстары бары анықталса, мемлекеттен іскерлік не басқа мақсатпен кету ниеті туралы объективті ақпарат алынған жағдайда ғана жарияланады [88].

Қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде мүлікті тәркілеу келесі ақталмайтын негіздер:

- 1) егер рақымшылық жасау актісі жасалған іс-әрекет үшін жаза қолдануды жою салдарынан;
- 2) қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімінің өтуіне орай;
- 3) қайтыс болған адамға қатысты тоқтатылған қылмысты істер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Аталған негіздер сот үкімін қажет етпегенімен, күдік немесе (және) кінәнің дәлелдеуін қажет етеді. Қылмыстық істің тоқтатылуы артынан қылмыстық қудалаудың тоқтатылуына әкеледі.

Ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істі тоқтату өзіндік ерекшеліктерге ие. Мысалы, ҚР ҚПК 35-бабының 1-бөлігі 3), 4) және 11) тармақтары бойынша қылмыстық іс арыз иесі қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам ретінде тікелей көрсететін адам (қорғалуыға құқығы бар куәгер, күдікті, айыпталушы, сотталушы немесе оның өкілдері, қорғаушылары не қорғауды жүзеге асыратын адамдар) қарсылық көрсеткен білдірсе, тоқтатылмайды және іс жүргізу жалғастырылып, оған негіздер болған кезде адамды жазадан немесе жауаптылықтан босата отырып, айыптау үкімін шығару арқылы аяқталады. Сонымен қатар бұл негіздер бойынша тоқтату туралы шешім қабылдау жәбірленушінің немесе оның өкілінің келісімі талап етілмейді (ҚР ҚПК 35-бабының төртінші бөлігі).

Рақымшылық жасау және кешірім жасау қандай да бір қылмыстар үшін жауаптылықты көздейтін қылмыстық заңның да, сот үкімінің де күшін жоймай, қылмыстық жауаптылықтан немесе жазадан босататын немесе сот тағайындаған жазаны неғұрлым жеңіл жазамен алмастыратын актілер болып табылады [89]. Бұл құқықтық құбылыс ежелгі уақыттан белгілі және әдетте бұрын жасалған жағымсыз әрекеттерін толықтай кешіру немесе ұмыту түсінілген [90].

Рақымшылық жасау туралы актіні Қазақстан Республикасының Парламенті жеке-дара айқындалмаған адамдар тобына қатысты шығарады. Рақымшылық жасау актісі республиканың барлық территориясына және рақымшылық жасау актісі қабылданғанға дейін жасалған қылмыстық құқық

бұзушылықтарға ғана тарайды. Егер рақымшылық актісіне дейін мүлікті тәркілеу бойынша үкім орындалса, оған рақымшылық таралмайды және мүлік қайтарылуға жатпайды [91].

ҚР ҚК рақымшылық жасау актісін 1997 жылы қылмыстық-құқықтық институт ретінде алғаш бекітті. Рақымшылық жасау ҚР ҚК 78-бабы екінші бөлігінде белгіленген шарттармен қылмыс жасаған, сотталған адамдарға қатысты жүргізіледі. Мемлекет қылмыс жасаған адамның кінәсін анықтап, оны кешіреді және қылмыстық жауапталақтан босатады, жұмсартады.

Тәуелсіздік алған уақыттан бастап республикада рақымшылық жасау актісі жаңа ҚР Конституциясының бірінші мерейтойына, Ұрпақ сабақтастығы мен бірлігі жылына, Егемендік туралы Декларацияның мерейтойы және ҚР Тәуелсіздігі мерейтойлары, т.б. маңызды оқиғаларға байланысты қабылданған. Рақымшылық жасау туралы актіні қабылдаудың негізі саяси, экономикалық, әлеуметтік және құқықтық алғышарттар болып табылады. Оның сипаты мен салдары жөнінде әртүрлі ойлар айылады. Мысалы, экономикалық және саяси мақсатта жасалған заңсыз табылған мүлікке қатысты 2001 жылы Қазақстанда жүргізілген капитал амтистиясы өз мақсатына жетпеді. Одан бөлек, Қазақстан азаматтары бұрын заңсыз жолмен мемлекетті тонаған біреу енді биліктен индульгенция алды деген пікір айтылады [92].

Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату дегеніміз – бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы және өтім жазасы тағайыналуы мүмкін қылмыстарды қоспағанда, қылмыс жасаған уақыттан бастап кінәлі адамды сол қылмысы үшін заңда көрсетілген шарттарға сәйкес жауапқа тартуға мүмкіндік беретін уақыттың өтуіне байланысты кінәліні жауаптылықтан босату жөніндегі құқықтық нормалардың жиынтығы [93].

Қылмыстық құқық бұзушылық үшін сотталған адам, егер айыптау үкімі оның заңды күшіне енген күннен бастап есептегенде: қылмыстық теріс қылық үшін сотталғанда – бір жыл; онша ауыр емес қылмыс үшін сотталғанда – екі жыл, ауырлығы орташа қылмыс үшін – бес жыл; ауыр қылмыс үшін сотталғанда – он

жыл; аса ауыр қылмыс үшін сотталғанда – он бес жыл мерзімде орындалмаған болса, жазаны өтеуден босатылады (77 –бап 1-бөлік ҚР ҚК). Егер сотталған адам жазаны өтеуден жалтарса, қылмыстар бойынша ескіру мерзімінің өтуі тоқтала тұрады.

А.Е.Якубов «қылмыс жасаған тұлғаның ұзақ уақыт заңға бағынуы оның түзелуі, яғни ҚР ҚК 43-бабының екінші бөлігімен қарастырылған мақсатқа жазаны тағайындаусыз жеткендігін көрсетеді. Тұлға жаза тағайындаусыз түзелгендіктен, мақсатқа жету қажеттілігі жоғалады. Осылайша қылмыс жасаған тұлғаның бас бостандығынан айыру мекемелерінен тыс түзелуі шартты түрде мерзімінен бұрын босату мақсатында түзелгенін жалған көрсетуімен бірге жүруі мүмкін осы мекеменің қызметкерлерімен тәрибелік ықпал өтуі арқылы түзету жүзеге асырылуына қарағанда шынайы» деп пайымдайды [94].

Осылайша қылмыстық істің ескіру мерзімдерінің өтуіне байланысты қысқартылуы, тоқтатылуы тұлғаның қылмыс жасаудағы кінәлігін жоққа шығармайды, бірақ оның белгіленген мерзімде заңға бағынуы оның түзелуі ретінде есептеледі.

Мұнда жаза тек тұлғаны түзету емес, әлеуметтік әділеттілікті қалыпқа келтіру, жаңа қылмыстардың алдын алу мақсатында қолданылатынын ескеру қажет деп есептейміз. Сонымен қоса қылмыс жасаған тұлғаның кейін, ескіру мерзімі уақытында, басқа қылмыс жасағаны анықталмауы не дәлелденбеуі мүмкін.

Іс бойынша іс жүргізу қайтыс болған адамға қатысты тоқтатылуға жатады. Егер қаза болған адамды ақтау немесе істі басқа адамдарға қатысты тергеп-тексеруден басқа заңсыз жолмен мүлікті, тәркіленуге жататын, келтірілген зиянның өтелуін қамтамасыз ететін ақша қаражатын және өзге де құндылықтарды анықтау үшін қажет болған жағдайларда іс жүргізу жүзеге асырылады.

Адамның қаза болуына байланысты қылмыстық істің тоқтатылуы да ақтамайтын негіздер бойынша тоқтатылуы болып табылады. А.Н.Ахпанов,

Ф.М.Рахмитов ҚР ҚПК 35-бабының бірінші бөлігі 4) 9)-12) тармақтарына сәйкес қылмыстық істі ақталмайтын негіздер бойынша қудалау органдарымен тоқтатылуы кінәсіздік презумпциясына қайшы келеді және ол соттың шешімімен жүзеге асырылады десе, В.Лукашевич, В.Шимановский: «қылмыстық-процессуалдық құқық нормалары қудалау органдарына сотқа дейінгі тергеп-тексеру, тұлғаның кінәлі (кінәсіздіздігін) анықтау, дәлелдеу міндетін жүктейді. Бірақ кінәні анықтау – айыпталушының кінәлі деп танылуы емес. Тұлға кінәсін анықтау, дәлелдеу және кінәлі деп тану әр түрлі түсінік» деп пайымдайды [95]. Аталған пікірлердің әрқайсысы өз алдына орынды деп санай, Ю.О.Максимихинаның: «ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істі тоқтату сот үкімінсіз іс материалдары негізінде тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар әрекетті жасады деген мәлімдеме. Сәйкесінше мұндай қылмыстық іс бойынша қаза болған адамның кінәсін дәлелдейтін дәлелдемелердің болуын, қылмыстық құқық бұзушылықтың мән-жайларын толық, объективті, жан-жақты тергеп-тексеру жүргізілуін меңзейді» деген ойымен келісеміз 96.

Тұлға өзінің қылмыстық істі ақталмайтын негіздермен тоқтатылуына келісімін немесе қарсылығын білдіре алмағандықтан, бұл шешімнің кінәсіздік презумпциясына қайшы болмауы мақсатында кінәлінің қылмыстық құқық бұзушылық жасауы бойынша жеткілікті дәлелдемелер болуы және қаза болған адамның жақын туыстары, өкілдері іс материалдарымен танысу, ақтау мақсатында тергеп-тексеруді жалғастыру бойынша өтініш беру құқығы сақталуы қажет. Заңсыз мүлікті тәркілеу туралы іс те толық дәлелдемелермен қамтылуы міндетті.

Осылайша ҚР ҚПК 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4) және 11) тармақтары жазадан босату, бірақ жауаптылықтан толықтай босатылуды білдірмейді. Заңсыз жолмен табылған мүлікті үкімге дейін тәркілеу өзге де қылмысты-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде де бұл жағдайларда жүзеге асырыла береді. Ол бойынша А.Ж.Рахимжановтың өзге де қылмыстық-құқықтық шаралары болып

саналатын есі дұрыс еместік бойынша жазадан босатылуы, бірақ мәжбүрлі түрде медициналық сипаттағы мәжбүрлі емдеу курсынан өту, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамнан мәжбүрлі төлем өндіру мысалдары дәл келтірілген [97, 48 б.].

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы уәжді қаулы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адаммен бір тәулік ішінде қылмыстық іспен прокурорға бекітуге жіберіледі. Бекітілген қаулы келіп түскеннен кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктіні, оның қорғаушысын, заңды өкілін, жәбірленушіні және оның өкілін, азаматтық талапкерді, азаматтық жауапкерді және олардың өкілдерін сотқа дейінге тергеп-тексерудің тоқтатылғаны және оның тоқтату негіздері туралы хабардар етеді. Аталған адамдарға қылмыстық материалдарымен танысу құқығы және қаулыға шағым жасау тәртібі түсіндіріліп, олардың өтінішхаты бойынша оларға прокурор бекіткен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді немесе қылмыстық қудалауды тоқтату туралы қаулының көшірмесі табыс етіледі. (ҚР ҚПК 288-289 баптары).

Тәркілеу туралы іс жүргізу қылмыстық іс тоқтатылғаннан кейін ғана жүзеге асырылатынын және қылмыстық іс материалдарымен күдікті, айыпталушы не өзге тұлғаларды таныстырылатындығына көңіл аудару қажет. Заңсыз алынған мүлік пен қылмыстық іс мән-жайлары тығыз байланыста болатындықтан, қылмыстық іс материалдары тәркілеу туралы іс жүргізу материалдарының негізі болып табылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы қаулының қарар бөлігінде мүлікке тыйым салу шарасының күшін жою туралы нұсқау болу қажет. Одан бөлік сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қылмыстық іс материалдарымен аталған тұлғаларды таныстыру міндетті және таныстыруды кейінге қалдыру мүмкіндіктері заңнама бойынша көзделмеген. Бұл күдікті, айыпталушы не өзге тұлғалардың заңсыз мүлікті жасыру, жою үшін қолайлы жағдай тудыртады.

ҚР ҚПК үкімге дейінгі мүлікті тәркілеуді қылмыстық жауаптылыққа тарту мүмкін емес аталған жағдайларда жүзеге асыруға жол береді. Әлемдік тәжірибе

бұл негіздермен шектелмейді. Өзге мемлекеттер тәжірибесі мен авторлар мүлікті тәркілеуді қылмыс жасаған тұлғаның жасырынуы, жауаптылықтан жалтаруы, ескіру мерзімдерінің өтуі, қаза болуынан басқа кінәні дәлелдеуге дәлелдемелердің жеткіліксіз болуы, ақталуы, лауазымды тұлғаның қудалаудан иммунитетінің болуы заңсыз жолмен алынған мүлікті тәркілеуге бөгет болмауы қажет екендігін пайымдайды.

Ақтөбе облысы адвокаттар коллегиясының адвокаты Ж.К.Аджибаевтың пікірінше, сот үкіміне дейін қылмыстық қудалаудан қорғайтын құқықтық иммунитеті бар адамның заңсыз алынған мүлкін, иесі белгісіз (қылмыс қатысушысы болып табылмайтын тұлғадан анықталуы) табылған активтерді, қылмыстық қудалауды қиындататын қайтарылуы дауланбаған мүлікті, қылмыстық шығу тегі белгілі болған үшінші тұлғалардағы мүлікті тәркілеу мүмкін болар еді [98].

Республикада жоғары лауазымды тұлғалардың мемлекет бюджетінен қаражатты жымқыру, тұлғалардың жалақысына сәйкес келмейтін мүлік иесі болу фактілері аз емес. Сондықтан өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу негіздерін кеңейту мәселесін қарастырған жөн. Алайда өзге жағдайларда заңсыз алынған мүлікті тәркілеу қолданыстағы қылмыстық-процетік заңнамаларындағы мехназимдерге сәйкес келмейді, себебі тәркілеу туралы іс тұлғаның қылмыстық әрекетті жасаудағы кінә мен қылмыстық әрекетпен байланысын қажет етеді. Ал иесі анықталмаған қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысты табылған мүліктерді тәркілеу ҚР ҚПК 118-бабы үшінші бөлігінің 5) тармағымен қарастырылған деп білеміз.

ҚР ҚПК 667-бабында көзделген негіздермен мүлікті тәркілеу туралы іс жүгізу қозғалмас бұрын мүлікті тәркілеуге қатысты мүлікке тыйым салу түріндегі бұлтартпау шаралары жүргізілуі мүмкін.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, заңсыз мүліктің шығу тегі мен шынайы тиесілігін, қылмыспен байланысын дәлелдеу кешенді жұмыс пен уақытты қажет ететіндіктен, үкімнің тиісті түрде орындалуын қамтамасыз ету

мақсатында мүлкіне тыйым салу түріндегі өзге де процестік мәжбүрлеу шараларын қолдануға міндетті.

Мүлікке тыйым салу азаматтық талап қою, басқа да мүліктің өндіріп алулар немесе мүлікті ықтимал тәркілеу бөлігінде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында қолданылады. Мүлікке тыйым салу меншік иесін немесе иеленушісіне арналған, осы мүлікке билік етуге, қажет болған жағдайларда оны пайдалануға тыйым салудан не мүлікті алып қоюдан және оны сақтауға беруден тұрады (ҚР ҚПК 161-бап).

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам кейінгі қалдыруға болмайтын жағдайларда прокурордың келісуімен, егер мүліктің меншік иесінің жеке басы анықталса, оны жиырма төрт сағат ішінде хабарлар ете отырып, уақытша шектеу белгілеуге құқылы. Аталған мүлік жасырынуы не жоғалтылуы мүмкін болса, мүлікпен мәмілелер және өзге де операцияларды жасауды тоқтата тұруға не мүлікті алып қоюға құқылы. Уақытша шектеу он тәуліктен аспайтын мерзімге белгіленеді. Уақытша шектеу мерзімі уақытында қаржы ұйымдарын және мүлікті және (немесе) мүлікке құқықтарды тіркеу саласындағы уәкілетті органдарды немесе өзге де уәкілетті органдар мен ұйымдарды бұл туралы хабардар етіле отырып, сот алдында мүлікке тыйым салу туралы өтінішхатты қозғау туралы қаулы шығарылады не болмаса шектеу алынып тасталады. Мүлік иесін билік етуге уақытша шектеу белгіленгені террористік немесе экстремистік қылмыстар туралы және қылмыстық топ жасаған қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша, сондай-ақ жасырын тергеу іс-шаралары туралы ақпараттың ашылу қаупін туғыса, хабарлар ету жүргізілмейді.

Мүлікке тыйым салу тек күдікті, айыпталушының меншігіне қатысты емес, олардың қылмыстық әрекеттері нәтижесінде алынған не қылмыстық құқық бұзушылық қаруы немесе құралы етінде не экстремизмді, терроризмді, ұйымдасқан топты, заңсыз әскери құрылымы, қылмыстық қоғамдастықты қарыландыру үшін пайдаланылған немесе пайдалануға арналған деп пайымдауға жеткілікті негіздермен басқа тұлғалардағы мүлікке тыйым салу қолданылуы

мүмкін (ҚР ҚПК 161-бабының сегізінші бөлігі).

Мүлікке тыйым салу туралы өтінішхат қозғау туралы қаулы оның негізділігін растайтын, қылмыстық істің куәландырылған көшірмелерімен қоса беріледі. Қаулы тыйым салуға жататын мүлік анықталған кезден бастап қырық сегіз сағаттан кешіктірілмей тергеу судьясына ұсынылады, көшірмесі прокурорға жіберіледі. Қаулы қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат (фабуласы, саралануы) күдікті, айыпталушы не келтірілген зиян үшін жауапты тұлға туралы деректер, қойылған талап болған кезде тыйым алу ұсынылатын мүліктің құны, оның тұрған жері және тыйым салу қажеттілігі туралы түйіндер келтіріледі.

Мүлікті тыйым салу тергеу судьясымен жиырма төрт сағат ішінде жеке-дара қаралады. Тергеу судьясы тыйым салуды санкциялау туралы өтінішхатты қарап, оны санкциялау туралы не санкциялаудан бас тарту туралы қаулы шығарады (ҚР ҚПК 163-бабының төртінші бөлігі). Мұнда ол мүліктің күдіктіге, айыпталушыға тиесілігін, қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезіне пайдаланылғанын не қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынғанын куәландыратын нақты мән-жайлар, іс бойынша түпкілікті шешім қабылданғанға дейін мүлікті сақтау орны туралы мәлімет көрсетіледі. Егер қылмыстық жолмен алынғаны туралы анық деректер бар мүлікті анықтау мүмкін емес болса, тергеу судьясы құны баламалы басқа мүлікке тыйым салуға құқылы.

Судьяның мүлікке тыйым салуды қолдану туралы қаулыны сот орындаушысы орындайды. Қажет болған жағдайларда қаулыны орындалуы үшін тиісті уәкілетті органдарға немесе ұйымдарға жіберілуі мүмкін. Сот орындаушысы қаулыны орындау үшін мүліктің бар-жоғын тексереді, тізілімдемесін жасап, билік ететін тұлғаларға мүлікті талан-таражға салуға немесе онымен өзге де әрекеттер жасауға жол берілмейтіні туралы жазбаша ескертеді. Сондай-ақ тыйым салынуы мүмкін мүліктің жоқ екені туралы акт жасайды.

Тәжірибеде, әсіресе тәркіленуге жататын мүліктің орнына заңды мүлік

тәркіленген жағдайда мүліктің құнынан едәуір төмен бағалануы нәтижесінде мүлік иесін «талан-таражға салу» фактілері, сыбайлас жемқорлықпен байланысты әрекеттері жоқ емес. Одан бөлек тәркіленуге жататын мүліктің нақты тәркілеу барысында нарықтық құны экономикалық және өзге де жағдайларға байланысты құнсыздануы мүмкін, сондықтан мүлікті тәркілеу оған тыйым салудан бастап иеліктен шығаруға дейінгі уақытта мүліктің құнын сақтау мақсатында оны басқару бойынша механизмдерді де қарастырған жөн. Мысалы Колумбияда арнайы «Мүлікке тыйым салуды алдын ала жоспарлау туралы нұсқаулық» атты директасы негізінде мүлікке тыйым салынған мезеттен ол бағаланып, оңтайлы басқару жұмыстары жүргізіледі [103, 131].

Мүлікке тыйым салуды қолдануды санкциялаудан бас тартылса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қаулы күшіне енген күннен бастап он тәулік ішінде билік етуге белгіленген шектеуді алып, ол бойынша мәмілелер және өзге де операциялар жасауды тоқтата тұрудың күшін жояды, мүлікті иесіне қайтарады.

Сонымен тәркілеу туралы іс жүргізу қозғалғанға дейін, яғни қылмыстық іс ҚР ҚПК 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 11) тармақтары бойынша тоқтатылған немесе күдікті, айыпталушы халықаралық іздестіруге жариялағанға дейін тәркіленуге жататын мүлікке тыйым салынып тұрады.

Одан басқа, тәркіленуге жататын мүлік қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында заттай дәлелдемелер ретінде алынуы мүмкін. ҚР ҚПК 118-бабының бірінші бөлігінде: «Мыналар заттай дәлелдемелер деп танылады:

- 1) егер қылмыстық құқық бұзушылық қаруы немесе өзге де құралы болды деп пайымдауға негіз болса, нәрселер;
- 2) қылмыстық құқық бұзушылықтың іздері сақталып қалған немесе сақталуы мүмкін нәрселер;
- 3) қоғамға қауіпті қолсұғушылық объектілері болған нәрселер;
- 4) қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған ақша, құндылық пен өзге де мүлік;

5) қылмыстық құқық бұзушылықты табу, істің нақты мән-жайларын анықтап алу, кінәлі адамды анықтау не оның кінәлі екенін теріске шығару немесе жауаптылықты жеңілдету құралдары болуы мүмкін ақша, құндылық, өзге де мүлік, нәрселер, құжаттар».

Заттай дәлелдемелердің тағдыры қылмыстық істі тоқтату туралы шешім шығару немесе үкім шығару кезінде шешіледі. Оның барысында тергеп-тексеруді жүзеге асырушы тұлға не сотпен заттай дәлелдемелер ішінен ҚР ҚК 48-бабында белгіленген тәркіленуге жататын мүліктер анықталады.

Осылайша, тәркілеу туралы іс жүргізу барысында заңсыз алынған мүлік сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында дәлелдеме ретінде танылуы, тыйым салыну процестерінен өтеді.

Тәркілеу туралы іс жүргізуді шартты түрде келесі сатыларға бөлінеді:

1) Тәркілеу туралы іс жүргізуді қозғау. Негіз болған қылмыстық істен материалдарды бөліп шығару.

2) Тәркілеу туралы сотқа дейінгі іс жүргізу, дәлелдемелер жинақтау.

3) Тәркілеу туралы іс жүргізу бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қорытындысы және прокурорға жолдау.

4) Прокурордың қорытынды мен материалдар негізінде шешімі. Тәркілеу туралы өтінішхатпен сотқа жүгіну не материалдарды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға қайтару.

5) Соттың тәркілеу туралы өтінішхатты қарауы және шешімі.

Бұл сот процессінің ерекшелігі сотталушысыз жүзеге асады, ал оның объектісі қылмыстық жолмен алынған мүлік болып табылады [99].

Мүлікті тәркілеу туралы іс жүргізуді қозғау ҚПК 667-бабының бірінші бөлігіндегі барлық жағдайдарда емес, заңсыз жолмен алынған мүлік туралы мәліметтер болған кезде жүргізіледі. Тәркілеу туралы іс жүргізудің қозғалу мерзімі заңмен айқындалмаған, сәйкесінше шектелмеген деп ұғынамыз.

Бұл баптағы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам, ҚР ҚПК 60-бабында белгіленген қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді

жүзеге асырағу құзыретті уәкілетті адам – тергеуші: ішкі істер органдарының, ұлттық қауіпсіздің органарының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің және экономикалық тергеу қызметінің тергеушілері, ҚР ҚПК көзделген жағдайларда прокурор. Тергеушінің қылмыстық-процестік заңнамада үкімнің мүліктік өндіріп алулар немесе мүлікті ықтимал тәркілеу бөлігінде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында күдіктінің немесе оның әрекеттері үшін жауаптылықта болатын тұлғалардың мүлкін анықтау және қылмыстық істер бойынша тергеп-тексеру жүргізген кезде қылмыстық жолмен табылған не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған, басқа тұлғалардың меншігіне берілген мүлікті анықтау үшін шаралар қолдау міндеттері айқындалған (ҚР ҚПК 60-бабының төртінші және бесінші бөлігі).

Осыдан тергеуші қылмыстық іс жүргізу барысында тәркілеуді қамтамасыз ету мақсатында мүліктерді анықтау міндеті белгіленген, ал дереу тәркілеу туралы іс жүргізу міндеттелмеген.

Тәркілеу туралы іс жүргізу үшін материалдарды бөліп шығару туралы қаулы шығарылғаннан басталады. Қаулыға қылмыстық іс материалдарының, оның ішінде ҚР ҚПК 113-бабының үшінші бөлігінде көзделен мән-жайларды растайтын материалдардың көшірмелері қоса тігіледі.

Мүліктің заңсыз жолмен алынғаны туралы жеткілікті дәлелдемелер жиналған соң сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қорытынды дайындап оны материалдармен қоса прокурорға дереу жолдайды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның тәркілеу туралы іс жүргізу мерзімдері заңнамамен анықталмаған, алайда дәлелдемелерді жинау аяқталған соң дереу жолдайды бегілейді.

Прокурор кезегінше он тәулік ішінде қорытындыны қарап, қылмыстық қудалау органы тергейтін қылмыс туралы қылмыстық іс соттылығына жататын сотқа тәркілеу туралы өтінішхатпен жүгінеді және ол туралы қорғаушы, жәбірленуші, оның өкілін хабарландырады. Прокурор қосымша дәлелдемелер жинау не тәркілеу туралы іс жүргізуді тоқтатуын қажеттілігі болған жағдайда

қорытынды мен материалдарды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға қайтарады.

Мұнда қосымша дәлелдемелерді жинап қайта қорытынды жасау немесе тәркілеу туралы іс жүргізуді тоқтату туралы шешім қабылдау мерзімі анықталмайды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өндірісінде бірнеше қылмыстық іс болатынын және тәркілеу туралы іс нәтижелері тергеушіге қызығушылық тудырмағандықтан (көрсеткіш, жалақы), істер созылуына әкелуі не тіпті назардан сырт қалуы мүмкін.

Тәркілеу туралы өтінішхат судьямен жеке-дара шешіледі. Сот отырысына өтінішхатпен жүгінген прокурор қатысады. Сот отырысана сондай-ақ логикалық түрде прокурор тізілімдемесіне сәйкес, сондай-ақ өтінішхатқа қатысты айғақтар беру үшін күдіктінің, айыпталушының қорғаушысы өтінішхаты бойынша басқа адамдар да шақырылады деп пайымдаймыз.

Сот тәркілеу туралы материалдарды қарап шығып, өтінішхатты қанағаттандыру және мүлікті тәркілеу немесе тәкілеу туралы өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулы шағарады.

Қаулы көшірмесі прокурорға және процестің басқа да қатысушыларына табыс етіледі не тәркілеу туралы іс жүргізу бойынша сот талқылауына қатыспаған қатысушыларға пошта арқылы жіберіледі. Қаулының көшірмесін сот отырысына тәркіленетін мүлікке қатысты айғақтар беруге шақырылған тұлғаларға беру міндетті емес, тек мүлікті тәркілеу барысында қызығушылықтары қозғалатын тұлғаларға, қорғаушыға ғана берілуі қажет деп есептейміз. Осы бөлікте қаулының көшірмесі мүлкі тәркіленетін адамға табыс етілуін де, заңнама техникасы талаптарына сәйкес, қысқа және нұсқа, бір мәселе бойынша нормативтік материалды қайталаусыз қолдану қажет.

Қаулы шығарған сот қаулы заңды күшіне енгеннен кейін тиісті әділет органдарына атқару парағын, мүлік тізілімдемесінің көшірмесін және қаулының көшірмесін мүлікті тәркілеу туралы үкімдерді орындау үшін белгіленген тәртіппен орындауға жібереді (ҚР ҚПК 671-бабының үшінші бөлігі).

Соттың тәркілеу туралы қаулысына ҚР ҚПК көзделген тәртіппен шағым жасалуы, ол прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қаралуы, оған наразылық білдірілуі мүмкін. Сондай-ақ қарастырылып отырған тарауда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның прокурордың шешімдері мен әрекеттеріне шағым жасалуы қарастырылмағанымен, қылмыстық-процестік кодексінің 60-бабының сегізінші бөлігі бойынша жүргізіледі деп пайымдаймыз.

Жоғарыда баяндалғанды қорытындылай, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеуге қылмыстық-процестік құқықта заңсыз алынған мүлікті сот үкіміне дейінгі тәркілеу туралы іс жүргізу арқылы жүзеге асады. Ол ақталмайтын негіздер бойынша тоқтатылған (ҚР ҚПК 35-бабының бірінші бөлігінің 3),4) және 11) тармақтары) және күдікті, айыпталушы халықаралық іздестіруге жарияланған қылмыстық істер бойынша заңсыз жолмен алынған деген мәліметтер болғанда ғана жеке тәркілеу туралы іске бөліп шығарумен басталады. Қылмыстық іс тоқтату туралы қаулы мүлікке тыйым салу шарасының күшін жою нұсқаулығын қамтуы, оның көшірмесі күдікті, айыпталушыға табыс етіліп, іс материалдарымен танысу құқығы барын ескерсек, тәркілеу туралы іс жүргізуге дейін не оның барысында қылмыстық мүліктерді жасыруға жағдай жасалғандығын көреміз. Ол үшін ҚР ҚПК 288-бабының төтінші бөлігінде ҚР ҚПК 15-тарауында көзделген жағдайларда, мүлікке тыйым салу жөнінде нұсқаумен таныстыру ойға қонымды не өзге тиімді мерзімге кейінгі қалдырылуы мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

Жоғарыда баяндалған соттың өтінішхатты қанағаттандыру және мүлікті тәркілеу қаулы көшірмелерінің берілуі бойынша ҚР ҚПК 671-бабының екінші бөлігін келесі редакцияда өзгертуге ұсынамыз: «Қаулының көшірмесі прокурорға, мүлікті тәркілеумен мүдделері қозғалатын, оның ішінде мүлкі тәркіленетін адамға, қорғаушыға табыс етіледі не тәркілеу туралы іс жүргізу бойынша сот талқылауына қатыспаған қатысушыларға пошта арқылы жіберіледі».

Сотқа дейінгі тәркілеу туралы іс жүргізу тергеушінің дәлелдемелерді

жинау, оның қорытындысы негізінде прокурордың сотқа өтінішхатпен жүгіну не тәркілеу туралы істі тергеушіге қайтару сатыл арынан сотпен өтінішхаты қарап, шешім қабылдау, оны орындау сатыларына өтеді. Олардың барысында дәлелдеу, ұйымдастыру бойынша мәселелер келесі бөліктерде тереңірек зерделенеді.

2.2. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде мүлікті тәркілеуді жүзеге асыру проблемалары

Қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу институтын қолдану бойынша бірқатар заңнамалық және практикалық мәселелер бар.

Тәркілеу туралы іс жүргізу сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның материалдарды бөліп шығару туралы қаулыға қылмыстық іс материалдарының, оның ішінде ҚР ҚПК 113-бабының үшінші бөлігінде көзделген мән-жайларды растайтын материалдардың көшірмелері Материалдарды бөліп шығару туралы қаулыға қоса тігіледі (ҚР ҚПК 667-бабының екінші бөлігі). Мұнда негізгі қылмыстық істің материалдарының расталған көшірмелері тілігуі қажеттілігін белгілеу қажет деп пайымдаймыз.

Негізгі қылмыстық іс бойынша ҚР ҚПК 113-бабының бірінші бөлігіне сәйкес ҚР ҚК көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамы белгілері (жасалу уақыты, орны, тәсілі, т.б.), оны кімнің жасағанын және оның кінәлігі, кінәлігінің нысаны, жасалған әрекеттің себебі, заңдық және іс жүзіндегі қателіктерін, жауаптылығына әсер ететін мән-жайларды, жеке басын сипаттайтын мәліметтерді, жасалған қылмыстық құқық бұзушылық салдары, келтірілген зиян сипаты мен мөлшерін, сондай-ақ әрекеттің қылмыстық құқыққы қайшылығын жоққа шығаратын, қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға әкеп соғатын мән-жайларды дәлелденуі тиіс.

ҚР ҚПК 113-бабының үшінші бөлігі ҚР ҚПК 113-бабының бірінші бөлігінде көзделген анықталуға жататын мән-жайлардың бөлек, ҚР ҚК 48-

бабына сәйкес мүліктің заңсыз, оның ішінде:

- қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынғанын немесе осы мүліктен түскен кірістер болып табылатынын;
- қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы ретінде пайдаланылғанын немесе пайдалануға арналғанын;
- экстремистік немесе террористік әрекетті не қылмыстық топты қаржыландыру немесе өзгедей қамтамасыз ету үшін пайдаланылғанын немесе пайдалануға арналғанын растайтын мән-жайлар дәлелденуге жатады. Осыдан сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға негізгі қылмыстық істі тергеп-тексеру барысында, негізгі дәлелденуге жататын мән-жайлардан басқа, өз алдына тәркіленуге жататын мүлік бойынша мән-жайларды растайтын материалдарды жинақтап, дәлелдемелер жинауы тиіс.

Қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер ҚР ҚПК 111-бабына сәйкес заңды түрде алынған, олардың негізінде анықтау органы, тергеуші, прокурор, сот ҚР ҚПК айқындалған тәртіппен ҚР ҚК көзделген іс-әрекеттің бар екенін немесе жоқтығын, күдікті, айыпталушы немесе сотталушының бұл әрекетті жасағанын не жасамағанын, оның кінәлігін не кінәсіздігін, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтайтын нақты деректер болып табылады. Бұл нақты деректер айғақтармен, сарапшының, маманның қорытындысымен; заттай дәлелдемелермен, процестік әрекеттердің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен белгіленеді.

Тәркілеу туралы іс жүргізу бойынша нормаларға тоқталсақ, ҚР ҚПК 668-бабының екінші бөлігінде тәркілеу туралы сотқа дейінгі іс жүргізуде осы Кодекстің 113-бабының бірінші және үшінші бөліктерінде көзделген мән-жайлардан басқа мүліктің күдіктіге, айыпталушыға немесе үшінші тұлғаға тиесілігі, негіз болып табылатын қылмыспен байланысы және мүлікті үшінші адамның сатып алуының не мүлік құқық бұзушылық нәтижесінде сатып алынған деп пайымдауға негіз болатын мән-жайлар дәлелденуге жататындығы белгіленген. ҚР ҚПК 113-бабының үшінші бөлігіндегі норма мен ҚР ҚПК 668-

бабының екінші бөлігі негізінен бір ережені анықтайды. Бірінші аталған нормадағы тәртіленуге жататын мүліктің заңсыз, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде алынғаны немесе осы мүліктен түскен кірістер болып табылатынын (қандай құқық бұзышылық нәтижесінде, қандай жолмен және тәселмен табылғаны, сатылуы не сатып алуы) дәлелдеу тәркілеу туралы іссіз-ақ мүліктің негіз болып табылатын қылмыспен байланысы, мүлікті үшінші адамның сатып алуының не мүлік құқық бұзушылық нәтижесінде сатып алынған деп пайымдауға негіз болатын мән-жайларды дәлелдеумен қатар жүреді. Сондықтан бұл екі норманы бір-бірін толықтырушы, нақтылаушы және біршама қайталама нормалар ретінде танымыз.

Әсіресе ҚР ҚПК 113-бабының үшінші бөлігінде «...қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынғанын...» ҚР ҚПК 668-бабының екінші бөлігіндегі 3) тармақтағы «мүлік құқық бұзушылық нәтижесінде сатып алынған деп пайымдауға негіз болатын» дәлелденуге жататын мән-жайларды қамтиды, яғни екі норма бір-бірін қайталайды.

Сонымен бірге ҚР ҚПК 668-бабының екінші бөлігіндегі 1) тармақта үшінші тұлғаға тиесілігі, ал 3) тармақта үшінші адамның сатып алуы деп анықталған. Заңсыз алынған мүлік тек үшінші адам емес, заңды тұлғалармен сатып алынуын есепке ала отырып, үшінші тұлға терминін бірізді қолдану қажет деп есептейміз.

Осылайша тәркілеу туралы іс жүргізу негізгі қылмыстық іспен пара-пар болмаса, одан күрделі болып табылады деген қорытындыға келеміз. Себебі аталған нормаға сәйкес тәркілеу туралы істе тек заңсыз мүлікке қатысты (тиесілігі, қылмыспен байланысы) фактілерінен бөлек негізгі қылмыс бойынша ҚР ҚПК 113-бабының бірінші бөлігінде көзделген қылмыстық әрекеттің барлық мән-жайларын дәлелденуі қажет.

Негізгі қылмыстық іс бойынша қылмыстың ҚР ҚПК 113-бабында көзделген мән-жайлары (әсіресе күдікті, айыпталушының кінәсі) толық анықталатындықтан, тәркілеу туралы іс жүргізуде тек мүлікке қатысты

дәлелдемелер жиналуы тиіс деп санаймын. Негізгі қылмыстық іс бойынша соңғы шешімдегі мән-жайлар қажет болуына байланысты ғана дәлелденуге жатуы тиіс (преюдиция). Сонымен қоса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органдар тәркілеу туралы істі негізгі қылмыстық істің мерзімдерін сақтай отырып, тергеп-тексеруді жүргізу үшін пайдаланбауы тиіс. Мысалы, халықаралық іздестіруге жариялау арқылы қылмыстық істі тоқтата тұрып, тәркілеу іс жүргізу барысында заңсыз мүлікті анықтау, дәлелдеу сылтауымен негізгі қылмыстық іс бойынша тергеу әрекеттерін жүргізу, тәркілеу материалдарын қайта жандандырылған қылмыстық іс материалдарына қосу.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тәркілеу туралы іс жүргізу үшін материалдарды бөліп шығару туралы қаулы шығару және ҚР ҚПК 113-бабының бірінші, үшінші бөліктерінде, 668-бабының екінші бөлігінде көзделген мән-жайлар дәлелденген соң, тәркілеу туралы іс жүргізудің келесі сатыларына өтеді. Яғни, жиналған дәлелдемелер негізінде қорытынды жасалып, прокурорға дереу жолданады. Прокурор қорытынды мен материалдарды қарап шығып, он тәулік ішінде қылмыстық іс соттылығына жататын сотқа тәркілеу туралы өтінішхатпен жүгінеді не қосымша дәлелдемелер жинау қажеттілігі немесе тәркілеу туралы іс жүргізуді тоқтату туралы көрсете отырып, қорытынды мен материалдарды қайтарады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның шығарытын қорытындысы келесіні қамтуы тиіс:

күдіктінің, айыпталушының тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты немесе тұрған жері мен мекен-айы, туған жылы, айы, күні;

тәркілеуді қолдануға негіз болып табылатын қылмыс туралы мәліметтер, қылмысты саралау, оны жасаудың мән-жайы, қылмыспен келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері;

тәркіленуге жататын мүліктің сипаты мен тұрған жері;

ҚР ҚПК 668-бабының екінші бөлігінде көзделген, мән-жайларды растайтын дәлелдемелер;

тәркілеу туралы өтінішхатпен сотқа жүгінудің қажеттілігі туралы түйін (ҚР ҚПК 667-бабының төртінші бөлігі).

Тәркілеу ісі күдіктінің, айыпталушының кінәсін және қылмыстық құқық бұзушылық фактілерін дәлелдеуге емес, заңсыз мүлікке қарсы бағытталғандықтан, қорытындыда күдікті, айыпталушы және қылмыс туралы мәліметтерді көрсету сұрақ тудырады. Қаулыға қоса тігілетін негізгі қылмыстық істің материалдарының көшірмелерінде аталған мән-жайлар толықтай қамтылатындықтан, қорытындыда бұл мән-жайларды толық көрсету орынсыз деп білеміз.

Осы қорытынды негізінде прокурормен жасалатын өтінішхаттың мазмұнын талдасақ, өтінішхат та тәркіленуге жататын мүлікке тыйым салу туралы мәліметтер мен тәркілеу туралы іс жүргізу шығыстарының болжамды мөлшерінен басқа, өтінішхатта қамтылатын (қолдануға негіз болып табылатын қылмыс туралы мәліметтерді, қылмыстың саралануы, жасалу мән-жайларын, күдікті жеке басы туралы мәліметтер, мүліктің сипаттамасы және тұрған жері, қылмыспен келтірілген зиян сипаты мен мөлшерін, ҚР ҚПК 668-бабының екінші бөлігінде көзделген, мән-жайларды растайтын дәлелдемелерді) онымен жүгінуге негіз болатын дәлелдерді қамтиды. Осылайша, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қорытындысы мен прокурордың жасайтын өтінішхаты бір мазмұнды деп айтсақ болады.

Сонымен қоса, қылмыстық іске қатысты барлық жасалатын құжаттар деректемесі (хаттама, қаулы, есеп, үкім, прокурордың өтінішхаттары) оның жасалған уақыты мен орны, жасаған адамның лауазымы, аты-жөнін қамтуы заңнамалық анықталса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғамен жасалатын қорытынды мазмұнында бұл белгіленбеген. Заңнаманың бірегейлігін қамту мақсатында бұл олқылықты толтыру қажет.

Бір мазмұнды құжаттар мәселе бойынша А.Ж.Рахимжанов ҚР ҚПК 302-бабының бірінші бөлігіне ұқсас (прокурормен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырған адамның айыптау актісін бекітуі) тәркілеу туралы іс жүргізуді

прокурормен қарауы жаңа құжат – өтінішхатты жасауымен емес, алдын ала тергеп-тексеруді жүргізген қорытындыны бекітумен аяқталуы туралы ойы, соңғы қабылданған үш буынды модельге өтіп, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адаммен есептің дайындалып, прокурордың айыптау актісін шығаруымен сәйкес келмейді [97, 54 б.].

Соған қарамастан тәркілеу туралы іс жүргізу ерекше іс жүргізу болып табылатындықтан, бір мазмұнды құжаттардан гөрі тәркілеу туралы қорытынды мен өтінішхатты бекітілетін бір құжатпен алмастырылуы қажет. Мысалы күзетпен ұстау бұлтартпау шарасын тағайындау барысында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам сот алдында осы шараны қолдануға санкция беру туралы өтінішхатты қозғау туралы қаулы шығарады. Прокурор өтінішхатын зерделеу нәтижелері бойынша келісім білдіреді (ҚР ҚПК 147-бабы). Осыған орай қорытындыны емес, өтінішхатты қозғау туралы қаулы шығарып, прокурордың оған келісім беруі заңнамалық және техникалық жақтан жөн санаймыз.

Бұл бойынша мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылдың 11 қаңтарында сөйлеген сөзін: «Басымдылық формада емес, мазмұнда болуы міндетті. Есеп үшін есеп, бақылау үшін бақылау артта қалуы қажет. Соңғы нәтиже процестен маңызды. Шынайы шешімдерді күрделендіруші және баяулатушы барлық процестер жойылуы тиіс. Қазіргі мемлекеттік органдар тапсырмалардың мазмұнын жүзеге асыруға емес, бюрократиялық орындауға бағытталған» еске салғымыз келеді [100].

Прокурор өтінішхатпен сотқа жүгінуге негіздер болмағанда қосымша дәлелдемелер жинау қажеттілігін не тәркілеу туралы іс жүргізуді тоқтату туралы көрсете отырып, қорытынды мен материалдарды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға қайтарады. Бұл жағдайда прокурордың қосымша дәлелдеу жинау қажеттілігі не іс жүргізуді тоқтатуды қандай құжатта көрсетілетіндігі анықталмаған. Одан бөлек прокурордың мүмкін қызығушылықтарына байланысты бас тарту мүмкіндігін ескерсек, шешімін

уәждеу белгіленбеген.

ҚР ҚПК 668-бабының алтыншы бөлігіне сәйкес прокурор сотқа тәркілеу туралы өтінішхатпен бірге сот отырысына шақырылуыға жататын адамдардың тізімін қоса береді. Өтінішхаттың жіберілгендігі туралы қорғаушыға (ол қатысқан кезде), жәбірленушіге, оның өкіліне хабарланады. Мұнда да үшінші тұлғалардың қызығушылықтары есепке алынбайтындығын көреміз.

Хабарландыру заңсыз мүлік үшінші тұлғалардың қызығушылықтарын қозғайтын болса, оны қорғауға, айғақтар беруге құқығын беру қажет. Осы мақсатта заңсыз мүліктің тәркілеу барысына тигізетін септігін есепке ала отырып, аталған бапты: «Өтінішхаттың жіберілгендігі туралы қорғаушыға (ол қатысқан кезде), жәбірленушіге, оның өкіліне және осы мүлік тиесілі (не берілген) үшінші тұлғалар хабарланады. Үшінші тұлғаларды хабарландыру тергеу мақсаттарына сәйкес кейінге қалдырылуы мүмкін» деген нормамен толықтыруды ұсынамыз.

Осылайша, сотқа дейінгі тергеп тексеру жүргізетін адамның қорытындысы, прокурордың тәркілеу туралы өтінішхаты, дәлелденуге жататын мән-жайларға қатысты материалдар мен шақырылуға жататын адамдар тізімінен тұратын тәркілеу туралы іс жүргізу материалдары сотқа жолданады.

Өтінішхатты қарау нәтижелері бойынша сот:

ҚР ҚК 48-бабында көзделген жағдайларда, күдікті, айыпталушы мүлкінің тәркілеуге негіз болып табылатын қылмыспен байланысты-байланыссыз екені;

үшінші адам мүлкінің ҚР ҚК 48-бабында көзделген тәсілмен сатып алынған-алынбағаны;

тәркілеудің қолдануға жататын-жатпайтыны және ол мүліктің қай бөлігінде қолдануға тиіс екені;

тыйым салынған немесе алып қойылған, оған қатысты тәркілеу қолданылмайтын мүлікпен не істеу керектігін;

тәркілеу туралы іс жүргізу шығыстарының мөлшері қандай және оның кімгі жүктелетіні туралы мәселелерді шешеді (ҚР ҚПК 670-бабының екінші

бөлігі).

Бұл мәселелерді шешуге сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында талап етілетін дәлелдемелер жеткілікті деп санаймыз. Мүлікті тәркілеу туралы қаулы мүлікті тәркілеу туралы іс жүргізуде тұлғамен мүлікті қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде алынғандығы туралы нақты көрсететін дәлелдемелер жиынтығын зерделеу нәтижесінде шығарылады. Соттың уәкілеттілігіне қосымша дәлелдемелер жинау кірмейтіндіктен, мүліктің заңсыз шығу тегі анық дәлелденбеген жағдайда прокурор өтінішхатын қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулы шығарады.

Мұнда материалдардың тағдыры шешілмеген, қайта тергеуге жолдау сияқты шешімдер қарастырылмаған. Бұл бойынша жаңалықтар легінде бірнеше жыл басылған «Олимп» букмекерлік кеңсесі аясында жасалған қылмыстық әрекеттер нәтижесінде мемлекетке келтірілген зиян мөлшері 95,554 миллиард теңгеден асады деп бағаланған. Қылмыстық істі тергеп-тексеру нәтижесінде 11 тұлға сотталушы танылса, 9 іздестіруге жарияланған. Қылмыстық әрекеттері іс материалдарымен дәлелденген букмекерлік кеңсе басшыларының жасырынуына қарамастан, 2021 жылдың 16 ақпанында сот үкіміне дейін заңсыз жолмен алынған мүлікті тәркілеу қолданылды. Сондай-ақ өзге фигуранттарға қосымша жаза ретінде мүлікті тәркілеуді тағайындау арқылы мемлекет пайдасына жалпы 95 миллиард теңге сомасында материалдық зиян орны толтырылған. Алайда оғанға дейін сотқа прокурормен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеуді қолдану туралы өтінішхатпен жолданып, нәтижесінде оң шешім берілмеген болатын. Кейін өтінішхатқа түзеу енгізу үшін прокурормен қайта сұралған болатын және айыпталушылардың қорғаушылығы тарапынан наразылық тудырған. Бұл заңнамамен қарастырылмағандықтан, негізгі қылмыстық істер бойынша да қылмыстық істі прокурорға қайтару алдын ала тыңдау барысында ғана мүмкін [101].

Одан басқа, заңсыз алынған мүлікті тәркілеу бойынша мәселесі тек негізгі қылмыстық іс соттылығымен ғана емес, кейбір жағдайларда азаматтық іс жүргізу

тәртібімен жүзеге асырылады.

Тәжірибе көрсететіндей, мүлікті тәркілеу бір уақытта азаматтық, қылмыстық және қылмыстық-процестік нормалар негізінде жүзеге асыра алады. Оның өзінде нормативтік-құқықтық актілердің нормалары ішінара бір-бірін тәркілеудің негіздері мен көлеміне қатысты қайталайды [43, 29-36].

Тәркілеу туралы сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктінің, айыпталушының мүлікті басқа адамдарға қайта ресімдеу арқылы оны жасырғаны туралы куәландыратын мән-жайларды анықтаса, бұл мәселе азаматтық сот ісін жүргізу тәртібінде шешіледі. Жасалған мәмілелерді (сатып алу-сату, сыйға тарту, жалға, сенімгерлік басқаруға беру және басқалары) мемлекеттің немесе жәбірленуінің мүддесіне жарамсыз деп тану туралы талап қойылады. Талап қою сотқа өтініш жасау прокурорға жүгіну арқылы жүзеге асады (ҚР ҚПК 668-бабының үшінші бөлігі).

Егер мәміле қылмыстық мақсатқа жетуге бағытталса, оның құқыққа қайшылығы сот үкімімен (қаулысымен) белгіленсе, екі тараптың да теріс пиғылы болған кезде олардың мәміле бойынша алғандарының немесе алуға бағытталғандарының барлығы сот шешімі немесе үкімі бойынша тәркіленуге, ал біреуінде мұндай ниеті болмаса, мәміле нәтижесінде одан алынғаны қайтарылуға жатады (ҚР АҚ 157-1 бабының бесінші, алтыншы бөліктері). Заңсыз алынған мүлікті сатып алу-сату, сыйға тарту, жалға беру, т.б. оны жасыру не заңдастыруға мақсатында жасалса, бұл әрекеттерді жылыстату ретінде қылмыстық мақсатқа жетуге бағытталған деп бағалай аламыз. ҚР АҚ 160-бабының бірінші бөлігі бойынша тиісті құқықтық салдар жасау ниетінсіз, тек алдау үшін жасалған мәмілені (жалған мәмілені) сот мүдделі тұлғаның, тиісті мемлекеттік органның немесе прокурордың талап арызы бойынша жарамсыз таниды.

Алайда аталған азаматтық құқық нормасы құқыққа қайшылықтың (мүліктің қылмыстық мақсатқа жетуге бағытталуы) сот үкімі не қаулысымен

белгіленуін талап етеді. Сондықтан ҚР ҚПК 668-бабының үшінші бөлігіндегі норма мүлікті тәркілеу бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында, сот шешімінсіз (кімі не қаулысы) жүзеге асырылмайды деген қорытындыға келеміз.

Қорытындылай келе, үкімге дейін заңсыз мүлікті тәркілеу туралы іс жүргізу тек қарапайым қылмыстық іс бойынша дәлелдеуді ғана емес, сонымен қатар қылмыстық істің жүргізу сатыларына сәйкес келеді. Тәркілеу туралы іс жүргізу барысында міндетті түрде дәлелденуге жататын мән-жайлар қылмыстық істің толық көлемін, тіпті одан ауқымды материалдар мен дәлелдемелерді қажет етеді. ҚР ҚПК 667-бабында көзделген негіздер бойынша, әсіресе ҚР ҚПК 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4) және 11) тармақтарымен тоқтатылғанға дейін қылмыстық іс бойынша күдікті, айыпталушының кінәсі толық анықталып, дәлелденуі міндетті екендігін ескерсек, тәркілеу туралы іс жүргізу тұлғаның кінәлігін, қылмыстың мән-жайларын қайта дәлелдеуді жүргізбеу керек.

Одан басқа заңсыз мүлік және жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың мән-жайлары тығыз байланыста болатындықтан және қылмыстық іс бойынша ҚР ҚПК 113-бабының алтыншы бөлігіне сәйкес заңсыз алынғын мүлік туралы мән-жайлар анықталуға және дәлелденуге жататындықтан, тәркілеу туралы іс жүргізудің қажеттілігіне күмән туады. Алайда тәркілеу туралы іс жүргізу жаза тағайындау мүмкін емес жағдайларда заңсыз алынған мүлікті тәркілеуге мүмкіндік береді, сондықтан ол тек заңсыз алынған мүлікке бағытталып, заңсыз мүлікке қатысты мән-жайларды дәлелдеумен шектелуі қажет деп есептейміз. Ол үшін, алдыңғы бөлікте негізделген қылмыс орынына қылмыстық құқық бұзушылық ұғымын қолдана отырып, келесі өзгерістер қабылдауды ұсынамыз:

ҚР ҚПК 667-бабының екінші бөлігінде:

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеруд жүзеге асыратын адам тәркілеу туралы іс жүргізу үшін материалдарды бөліп шығару туралы қаулы шығарады, оған тәркілеу үшін негіз болған қылмыстық құқық бұзушылық туралы қылмыстық іс материалдарының, оның ішінде осы Кодекстің 113-бабының үшінші бөлігінде көзделген мән-жайларды растайтын материалдардың расталған көшірмелері

қоса тігіледі».

ҚР ҚПК 668-бабының екінші бөлігінде:

«Негіз болған қылмыстық құқық бұзушылық туралы қылмыстық іс материалдарымен анықталмаған жағдайда, осы Кодекстің заңсыз мүлікке қатысты 113-бабының бірінші және үшінші бөліктерінде көзделген мән-жайлар, сондай-ақ мыналар:

- 1) мүліктің күдіктіге, айыпталушыға немесе үшінші тұлғаға тиесілігі;
- 2) мүлікті тәркілеуді қолдануға негіз болып табылатын қылмыстық құқық бұзушылықпен байланысы;
- 3) мүліктің үшінші тұлғаның сатып алуының не мүлік құқық бұзушылық нәтижесінде сатып алынған деп пайымдауға негіз болатын мән-жайлар дәлелденуге жатады».

ҚР ҚПК 668-бабының төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөлігінде:

«4. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тәркілеу туралы іс жүргізуде мүліктің заңсыз жолмен алынғаны туралы жеткілікті дәлелдемелер жиналды деп тани отырып, прокурорға сотқа тәркілеу туралы өтінішхатты қозғау туралы қаулы шығарады.

Қаулыда өтінішхаттың негізділігін растайтын негіз болған қылмыстың қысқаша мән-жайлары, тәркіленуге жататын мүліктің сипаты мен тұрған жері, тәркіленуге жататын мүлікке тыйым салу туралы мәліметтер, осы баптың екінші бөлігінде көзделген мән-жайларды растайтын дәлелдемелер, тәркілеу туралы өтінішхатпен жүгінуге негіз болатын дәлелдер көрсетіледі.

5. Тәркілеу туралы іс жүргізу аяқталғаннан кейін ол бойынша қаулы материалдармен бірге дереу прокурорға жіберіледі.

6. Прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өтінішхаты және іс материалдарын қарап шығып, зерделеу нәтижелері бойынша өтінішхатқа келісім білдіре отырып, қылмыстық қудалау органы тергейтін қылмыс туралы қылмыстық іс соттылығына жататын сотқа тәркілеу туралы өтінішхатты қозғау туралы қаулымен жүгінеді. Қаулыда тәркілеу туралы іс

жүргізу шығыстарының болжамды мөлшері көрсетіліп, сот отырысына шақырылуға жататын адамдардың тізімі қоса беріледі. Тізімде адамның тегі, аты, әкесінің аты, оның процестік жағдайы, тұрғылықты жері көрсетіледі.

7. Өтінішхатпен жүгінуге негіздер болмаған жағдайда, прокурор қосымша дәлелдемелер жинау қажеттілігі немесе тәркілеу туралы іс жүргізуді тоқтату туралы көрсете отырып, уәжді қаулымен бас тартады және материалдарды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға қайтарады».

2.3. Қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде мүлікті тәркілеу институтынның даму перспективалары

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары ретіндегі мүлікті тәркілеу жөнінде нақты статистикалық мәліметтер жоқ. Ол бойынша Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі сияқты базаларда да деректер жоқ. Қалай болса да, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу аз болса да қолданылып келе жатқандықтан, мүлдем жұмыс істемейтін институт деп тани алмаймыз.

Мүлікті тәркілеу мәселесін талқылау және зерттеу ғылыми негізделген анықтамалар, жіктемелері дайындалғанымен, екінші жағынан құқық қолданушы мен заң шығарушы жағынан оны тиімді етуде әрекетсіздік орын алуда.

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде мүлікті тәркілеуді тиімді жүзеге асыру үшін тек заңнамалық тұрғыдан емес, практикалық мәселелерге көңіл аудару қажет.

Бұл институтты заңнамалық олқылықтардан басқа заңсыз алынған мүліктің жетілдірілген жасыру мен жылыстату жолдары; тек тергеу әрекеттері емес, жедел уәкілдер, өзге мамандармен жүзеге асырылатын тергеуге дейінгі тексерістердің ұзақ уақыт алуы және уақтылы шешімдердің қабылданбауы; тергеу барысындағы бақылау-есеп органдары, банктер арасындағы әлсіз байланыс жүзеге асуын тежейді.

Қудалау органдарымен заңсыз мүлікті анықтау, тыйым салу және тәркілеуді қамтамасыз ететін шаралар қабылданғанымен, кейбір жағдайларда қызметкерлердің сылбырлығы, әр түрлі инстанциялардан мүлік туралы ақпараттың алу ұзақтығы, кінәлі тұлғаларға қарсы қылмыстық істердің уақытылы басталмауы оларға мүлікті жасыруға не тіпті одан арылуына мүмкіндік береді. Қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалу мен оның анықталуы уақыты арасындағы ұзақ алшақтық кесірінен, тіпті сыбайлас жемқорлық сияқты қылмыстардан көрінеу пайда тапқанның өзінде де мүліктің болмауына байланысты тәркілеу жүргізілмеген жағдайлар жоқ емес.

Жедел-іздігіру және тергеу бөлімшелерінің қызметкерлері көп жағдайда тыйым салуға болатын мүліктерді анықтау бойынша жеткілікті шаралар қабылдамайтыны, тек жылжымайтын мүлік және автокөліктердің барын көрсететін ресми тізілім ақпаратымен шектеледі. Заңсыз алынған мүлік тек жылжымайтын мүлік, автокөлікпен шектелмейтіні белгілі.

Тәркіленуге жататын мүлікті анықтау бойынша қудалау органдарының жедел бөлімшелерінде міндетті емес сипатта болуы олардың заңсыз мүлікті анықтау үшін толықтай шараларды қабылдамауын түсіндіреді. Жедел-іздігіру қызметі туралы 1994 жылғы 15 қыркүйектегі №154-ХІІІ Заңның 2-бабында жедел-іздігіру қызметінің міндеттері ретінде заңсыз, қылмыстық мүліктерді анықтау міндеттелмеген, тек осы баптың 3-1) тармағынада «қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды, сондай-ақ қылмыстық іс үшін маңызы бар нәрселер мен құжаттарды анықтау» деп белгіленген [102].

Тәркіленуге жататын мүлікті анықтау көбінесе «анықтамалар алу» жедел-іздігіру шарасымен шектеледі, кешенді тәсілдер қолданылмайды және тергеушінің тапсырмасы бойынша ғана жүзеге асырылады.

Одан бөлік күдікті, айыпталушының және онымен байланысты өзге тұлғалардың қаржы мекемелеріндегі шоттары, ірі техникалар мен азаматтық қарулар бойынша ақпараттарды жинастыру қажет. Қаржы органдары, банктерден шоттар туралы ақпарат алу оңтайландырылғанымен уақытылы

мүлікті анықтау, тыйым салу және тәркілеу үшін жеткілікті деңгейде емес. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам банктергі қаражаттар алу, біріншіден, оның қажеттілігін негіздейтін қылмыстық іс материалдарын жинақтап, уәжді қаулымен тергеу сотына санкциялау үшін жүгінеді. Тергеу соты материалдарды қарап шығып, ол бойынша санкция бергеннен кейін, қаулы банкке жолданады. Банктер өз кезегінше санкцияланған қаулы негізінде мәліметтер береді. Мұнда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан қаулыда нақты және жан-жақты, негізделген сұраулар қоюы, әрбір тұлға шотына жеке қаулы алынуы талап етіледі. Сонымен қатар, банктермен арнайы жүйе болмағандықтан, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан әрбір банкке қаулы алуы және, ол алу тергеу әрекетімен ұштасатындықтан, оны тек қолма-қол тапсыруы, мәліметтерді тек қолма-қол алуы тиіс және мұның бәрі тек жұмыс күндері ғана жүзеге асырылады. Бұл әрекеттер күдіктінің жасыру мүмкіндігімен салыстырғанда айтарлықтай баяу процесс (тергеу судьясының санкциялауы, банктердің сұрау және қаулыға жауап беруі) және тек жүргізілген қаражаттар айналымы бойынша деректер алуға мүмкіндік береді. Тұлға тергеумен анықталған шотынан басқа шотқа тергеу барысында аударым жүргізілгенде қудалау органдарына басқа шот бойынша ақпарат алып, осы процестерден қайта өтуі тиіс. Одан бөлек, тұлғаның қаржылары бірнеше банктерде, оның ішінде танымал емес ұйымдардың шоттарында болуы мүмкін. Олардың барлығын анықтау және жолдау мүмкін емес. Сұрау жолданатын қаржылық мекемелердің бас кеңселері өзге қалада болуы бұл процессті одан әрі тежейді. Заңсыз жолмен алынған табыстарды жасыру мақсатында қылмыскерлермен оларды өзге заңды және заңсыз табыстармен бірге әртүрлі шоттарға жіберу және араластырып қайта қабылдау сияқты бірнеше банктік операциялар жасау алдында қудалау органдарының әлсіздігі айқын.

Бұл бойынша Грузия қылмыстық-процестік құқығындағы банктік шоттарды бақылау бойынша нормаларды, тым болмаса айтарлықтай зиян келтірген ауыр, аса ауыр қылмыстар бойынша қолдануға болады. Грузияның ҚК

124-бабы бойынша прокурор, тұлға қылмыстық әрекеттерді банктік шоттар көмегімен жасайды деген болжам болғанда немесе (және) тәркіленуге жататын мүлікті анықтау және теңдестіру мақсатында Грузияның Бас прокуроры немесе оның орынбасары келісімімен сотқа банктік шоттарды бақылау туралы ұйғарым шығару туралы өтінішхатпен жүгінуге құқылы. Ол бойынша банк тергеумен қызметтесіп, ағымдағы уақытта бір немесе бірнеше банктік шоттарда жүзеге асып жатқан операциялар туралы мәліметтерді дереу беріп отыру қажет [80].

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында өзге мемлекеттік органдардың жұмысындағыдай кейде қажетсіз және мағынасыз құжаттар жасау, электронды іс материалдарын жазбаша нысанда растау талаптары қойылып жатады. Қ.К.Тоқаевпен негізгі ақпараттық жүйелерді интеграциялауына қарамастан, мемлекеттік органдар макулатура өндіріп мағынасыз хат алмасуын және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің мәліметтері ресми және қағаз қайта растауды қажет етпейтіндігі айтылған [100]. Оның сөзін басшылыққа ала отырып, барлық салалардың сандық технологияға өтуіне байланысты қудалау органдары мен тергеу судьялары, банктер мен сараптама органдары арасындағы әрекеттер де сәйкесінше сандық жүйеге ауыстыру мүмкіндігі қарастырылуы қажет деп санаймыз. Бұл олардың арасындағы жұмыстарды жеделдетер еді.

Құқық қорғау органдары қызметінде көрсеткіштер ұғымы барын білеміз. Ол органдардың және оның қызметкерлерінің негізгі көрсеткіштерге бас назар аудартуға, «көрсеткіштерді қулауға» жағдай жасайды. Алайда, заңсыз алынған мүлікті тәркілеу бойынша қызмет бұл көрсеткіштерге енбейді. Бұдан бөлек өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі сот үкіміне дейін заңсыз алынған мүлікті тәркілеу бойынша мәліметтер СДТТБТ енді ғана еніп, ол туралы ақпараттар жоқтың қасы. Ол үшін СДТТБТ өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары туралы мәліметтерді енгізу, оны қудалау органдары қызметін бағалауға қосуымыз қажет.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам заңсыз алынғын мүлікті тәркілеу бойынша шаралар қолдануға жеткілікті түрде

ынталандырылмаған. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның көңілі мен уақыты, әрекеттері кінәліні анықтау, оның кінәсін дәлелдеуге бағытталған. Тәркіленуге жататын мүлікті анықтау және тәркілеу бойынша шаралар – бар ыждағатты салуды қажет ететін көлемді жұмыс. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам негізгі қылмыстық істер бойынша жүктемесі, тәркілеу туралы іс жүргізу үшін қажетті білім мен дағдылардың болмауы да бұл институттың жүзеге аспауын практикалық жағынан түсіндіреді.

Бірқатар мемлекеттерде (АҚШ, Ұлыбритания, Ирландия, Литва, Молдова, т.б.) тәркілеу мүлікке, қаржыларға қатысты жүргізілетіндіктен, қылмыстық табыс алынуы мүмкін қылмыстық іспен қатар жеке қаржылық тергеу жүзеге асырылады [103]. Қылмыстық істі тәркілеу барысында арнайы мамандырылған тергеушілерге тәркіленетін мүлікті анықтау, параллельді қаржылық тергеуді жүзеге асыру қажеттілігі ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау академиясының зерттеуінде де көрсетілген болатын [104].

Бірқатар авторлар біздің мемлекетте қылмыстық табыстарды жылыстату бойынша реттеуші, бақылау уәкілеттілігі ҚР Қаржы мониторингы агенттігіне берілгенімен, оның қудалау органы болып табылмауы қараңғы экономикамен күрестің тиімділігін төмендеткендігін пайымдайды.

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу институтын нығайту мақсатында тәркіленетін мүлікті анықтау және тәркілеуді қажетті дәлелдемелерді жинауды арнайы маман немесе арнайы мамандырылған орган өндірісіне өткізу керек деп есептейміз. Қудалау органдары қызметкерлерінің барлығын мүлікті тәркілеу бойынша қажетті дағдыларға үйрету не арнайы жеке орган құру қаражат және уақыт жағынан тиімсіз болғандықтан, оларға көмек көрсететін арнайы тергеушілерді дайындау орынды.

Бұдан басқа халықаралық нормативтік құжаттармен ұсынылған, халықаралық тәжірибеде оң нәтижелер көрсеткен тұлғаға тәркіленуге жататын болжамды заңсыз алынған мүліктің шығу тегін көрсету, дәлелдеу міндетін жүктеу мәселесі назар аударарлық. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету

шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеуді қылмыстық істен тыс тәркілеудің түрі және «in rem» тәркілеу белгілерін қамтиды дей отырып, соңғы институтқа қарай кеңейтуге, яғни кеңейтілген мүлікті тәркілеуді енгізуге болады.

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу жоғарыда аталғандай біршама шектеулі жағдайларда ғана жүзеге асырыла алады. Оның өзінде оны қолдану үшін жеткілікті заңнамалық, тәжірибелік база жоқ. Кезегінше мұның бәрі қылмыстық істі тергеу барысында анықталған заңсыз алынған мүліктің нақты қылмыспен байланысын дәлелдеу жағдайында (ал бұл өте күрделі және тіпті кей жағдайларда мүмкін емес) оның жосықсыз тұлға иелігінде қалып, қылмыстылықтың тіршілік айналамын қамтамасыз етуге жол береді.

Біздің қылмыстық-процестік құқық қағидалары және заңсыз алынған мүлікті сот үкіміне дейін тәркілеу талаптары бойынша айыптаушы тараптың мән-жайларды «ақылға қонымды күмәнсіз», яғни сенімнің ең жоғары мүмкін деңгейі, дұрыстығына дәлелдер жиынтығымен ақылға қонымды күмәндар тумауы тиіс. Қылмыстық іс бойынша мұндай принциптің дұрыстығы дау тудырмайды, сондықтан ол қылмыстық құқықта кең тараған принцип. Бірақ заңсыз мүлікті қудалау барысында шетелдік тәжірибеде дәлелдемелердің басымдылығы, негізделген болжам, ықтималдылықтың арақатынасы, жоғары ықтималдылық дәлелдеу стандарттары қолданылады. Оның ішінде қудалау барысында мүлікті дәлелдеу критерийі «орта» болып саналатын болжамдарды салыстыру немесе дәлелдемелердің басымдылығы принциптері тиімді деп білеміз, себебі мемлекеттік органдарға мәндеттелген дәлелдеу ауыртпалығын жеңілдетеді, бірақ тұлғаға да толықтай ауыртпалықты ауыстырмайды. Ол азаматтық процеске тән болғандықтан, РФ сияқты мемлекеттер мүлікті тәркілеуді азаматтық процес аясында жүзеге асырады.

Дәлелдеу ауыртпалығын даулы меншік иесіне аудару практикалық қажеттіліктен туындайды, тиімді әрі әлемдік қоғамдастықта адам құқықтарын қорғау тұрғысынан рұқсат етілген деп танылады. Пайдакүнемдік қылмыс

жасаған тұлға активтерін кеңейтілген тәркілеу отандық заңнамаға да қажет.

Ұлттық заңнама мен ділін ескере, дәлелдеу ауыртпалығын меншік иесіне аударуды келесіндей шектей отырып, ҚР ҚК 48-бабының 2-1 бөлігін келесідей толықтырған абзал:

«Сот, егер тұлға 5 жылдан астам бас бостандығынан айыру және мүлікті тәркілеу түріндегі жазаны көздейтін, оның нәтижесінде материалдық пайда табуы мүмкін қылмыстар бойынша, күдікті, айыпталушы, сотталғанның, оның отбасы мүшелері, бақылауындағы заңды тұлға, үшінші тұлғалар 5 жыл ішінде алған, заңды тапқан табыстарынан құны едәуір асатын мүлікті тәркілейді.

Заңды табыс құнынан аспайтын не заңды шығу тегі дәлелденген мүлікті тәркілеуге жол берілмейді».

Бұл тек ауыр, аса ауыр қасақана қылмыстардан жүйелі түрде табыс тапқан жағдайларда ғана күдікті, айыпталушы, сотталғанның заңды табыстарынан көрінеу асатын мүліктердің шығу көзін көрсету, дәлелдеуді міндеттейді. Ол тек тікелей осы қылмысқа ғана емес, өзге де онымен байланысты не анықталмаған қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде алынған мүлікті тәркілеуге жол береді, бұл әсіресе бір ғана қылмыспен шектелмейтін күрделі және ұйымдасқан қылмыстар барысында аса қолайлы.

Бұл процесс қудалау органымен сотқа тұлғаның мүлкінің заңды шығу тегіне күдік келтіретін дәлелдемелерді ұсынуы, ал тұлғаның бұл күдіктерді теріске шығаратын дәлелдемелерді ұсынуы арқылы жүзеге асуы тиіс деп есепейтміз. Тұлға тәркіленуге жататын мүлік заңды жолмен табылса, кез келген уақытта оның шығу тегін көрсету және негіздеу қиындыққа соқпайды деп білеміз. Ал өзге тұлғаның (күдікті, айыпталушы, сотталушы) мүлкін іздестіру, оның ішінде қылмыстық жолмен табылғандарын теңдестіру, нақты қай қылмыспен қай мүліктің байланысы бар екендігін дәлелдеу әрқашан күрделі.

Тәркілеуге жататын мүліктің қылмыспен байланысының болуы құқық бұзушының «түсініксіз байлығына» дейін мүлікті кеңейту халықаралық-құқықтық беталысын есепке алуымыз қажет. Мұндай дәлелдеу стандарттары

БҰҰ Сыбайлас жеморлыққа қарсы конвенцияның 31-бабының 8-тармағында, Варшава конвенциясының 3-бабының 4-тармағында, ФАТФ «Қырық ұсынысының» №3 ұсынысында, Еуропалық Кеңестің 2014/42 директивасының 21-тармағында ұсынылғанның өзінде, мүліктің шығу тегін дәлелдеу ауыртпалығын ауыстыруды кінәсіздік презумпциясына қарсы келеді деп таниды.

Алайда заңсыз мүлікті тәркілеу бойынша іс жүргізу күдікті, айыпталушы, сотталушыға бағытталмаған, тұлғаны жазаға тартуды мақсат етпейді. Іс жүргізу тұлғаның қызығушылығын қозғағанымен, мүлікке қарсы жүзеге асады. Заңсыз мүлікті тәркілеу туралы шешім тұлғаның кінәлі деп танылуымен ұштаспаған. Қылмыстық іс жүргізумен салыстырғанда ол нақты қылмыс бойынша кінәні анықтауға емес, қылмыстық жолмен алынған мүлікті қайтаруға бағытталған. Презумпциялардың қолданылуы бойынша Адам құқықтары жөніндегі Еуропа соты «Егер Конституциядағы кінәсіздік презумпциясының тұжырымдамасы шектеулі, теріске шығарылатын және негізделген болса, құқықтық презумпцияларды қолдану әрқашан кінәсіздік презумпциясына қайшы келмейді» деген түсіндірме берген. АҚШ (Жоғары Соты), Ирландия (Жоғарғы Соты), Канада (Жоғарғы Соты) мемлекеттерінде де бұл дәлелдеу стандарттары кінәсіздік презумпциясына қайшы келмейді деп тапқан [103]. Шындығында, адал меншік иесі мүліктің заңды алынғанын көрсете алады. Оның өзіне қарсы айғақтар бермеуі негізінде мүліктің шығу тегін көрсетпеуі де оның қылмыстық әрекетті жасағанын емес, заңды жолмен алынуын негізделмеуі салдарынан күдік келтірілетін мүліктің тәркіленуіне әкеледі. Н.А.Голованованың: «Мүлікті тәркілеу қылмыстық қудалауды алмастырмауы қажет болғанымен, көп жағдайда (әсіресе мемлекет басшылығының жоғары эшелонындағы сыбайлас жемқорлық туралы сөз болғанда) – бұл криминалды табыстарды алудың және әділеттілікті қалыпқа келтірудің жалғыз әдісі» деген пікірін жөнді [105].

Халықаралық соттар мен құжаттар, шет мемлекеттерінің оңды тәжірибесі кеңейтілген мүлікті тәркілеуді алға тартады, оны өзіміздің тәжірибемізде қолдануға мүмкіндік тудыртады. Оның қажеттілігі 2022 жылдың қаңтар

оқиғасынан кейінгі лауазымды тұлғаларға қатысты басталған қылмыстық қудалаулар нәтижесінде анықталған заңсыз мүліктердің тәркіленуі көрсетуде.

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеудің қолданылмаудың тағы бір себебі жалпы мүлікт тәркілеу бойынша соттардың ұстанымы деп білеміз.

Алдымен қылмыстық заңнамаға тоқталсақ, қылмыстық теріс қылық үшін мүлікті тәркілеу түріндегі жаза 365 баптың тек үш бабында қарастырылған: экономикалық контрабанда (ҚР ҚК 234-бабының бірінші бөлігі), ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау (ҚР ҚК 234-бабының бірінші, екінші, үшінші бөлігі), ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін бұзу (342-баптың бірінші бөлігі). Мұнда көбінесе пайдакүнемдік мақсатта жасалатын экономикалық контрабанда үшін мүлікті тәркілеу не онсыз, ал қалған екі қылмыстық теріс қылық бойынша міндетті түрде көзделгені орынсыз. Сол сияқты көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену немесе өткізу (ҚР ҚПК 196-бабының бірінші және екінші бөліктері) сияқты түріндегі қылмыстық теріс қылықтар үшін ешқандай мүлікті тәркілеу қарастырылмаған.

ҚР Жоғарғы Сотының «Жазаларды тағайындаудың кейбір мәселелері» туралы нормативтік-құқықтық актінің 19-бөлігінде мүлікті тәркілеу түріндегі қосымша жазаны тағайындау ҚР ҚК 48-бабының талаптарына ғана сай жүргізілетіндігін белгілейді. Тәркілеуге тек сотталушы және (немесе) үшінші тұлғалардың меншігіндегі, қылмыстық жолмен табылған не қылмыстық жолмен алынған, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлік жатады [106].

Жоғарғы сот жазаларды тағайындау барысында формализмнен алшақтау мақсатында іс бойынша мүліктің қылмыстық шығу тегі туралы мәліметтер болмаған немесе мүлік анықталмаған жағдайда мүлікті тәркілеу тағайындалмайтындығын анықтаған. Ол ҚР ҚК Ерекше бөлімінде міндетті түрде тәркілеу көзделген қылмыстарға да таралады. Екінші жағынан осы актіде тәркілеу қолданылмағанда (мысалы кәметелке толмаған), сот үкімде заттай

дәлелдемелер туралы мәселені шешкен кезде сотталғандардың дәлелдемелер деп танылған, қылмыстық жолмен табылғаны анықталған мүлкі ҚР ҚПК-нің 118-бабының үшінші бөлігі тәртібімен мемлекет кірісіне алынатындығын көрсетеді. Сондай-ақ ҚР ҚК Ерекше бөлімінде баптың санкциясында мүлікті тәркілеу түрінде жаза тағайындау көзделмесе, бірақ іс жүргізу барысында ҚР ҚК 48-бабының бірінші және екінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша қылмыспен байланысты мүлік анықталса, әселелер осындай тәртіппен шешіледі делінген. Бұл мүлікті тәркілеу жаза ретінде емес, алдын алу шарасы қырын ашады, заңнаманың қайшылығын және жоғарыда баяндалған ескертуді негіздейді.

Оның негізінде міндетті мүлікті тәркілеу қосымша жазасын тағайындау санкциямен қарастырғанымен, аталған бастаулармен қылмыстық әрекетпен келтірілген зиянның ауқымдылығына қарамастан, сотпен мүлікті тәркілеу қолданылмаған жағдайлар жетерлік.

Бір жағынан соттың ҚР ҚК қылмыстық жолмен ғана алынған мүлікті тәркілеу бойынша нормаларын жүзеге асырмауы сот үкімін апелляция, кассация, қылмыстық процесс қатысушылары шағымы бойынша қадағалау тәртібімен қайта қарауға негіз болып табылады [107].

Екінші жағынан, мұндай өз қалауы бойынша тағайындау мүмкіндігі сыбайлас жемқорлыққа тәуекел болуы мүмкін. Себебі, тәжірибе көрсететіндей, тұлғалар қылмыстық жолмен алынған көлемді сомадағы қаражаттарынан айырылғанша, бас бостандығынан айырылуды жөн көреді. Кезегінше тәркілеу тек заңсыз мүлікті алуды ғана емес, мемлекет бюджетін көбейту, жәбірленушілер мен азаматтық талапкерлерге келтірілген зиян орнын толтыруға жол береді. Сондықтан мүлікті тәркілеу бойынша мұндай ыңғай жөнсіз деп есептейміз.

Қорытындылай келе, жаппай жаһандану мен цифрлану заманында қылмыстық қудалау органдары қылмыскерлерден бірнеше қадамға артта келуде. Құқық қорғау органдарын тиімсіз және істемейтін механизмдерден арылтып, жан-жақты жетілдіру жүргізу қажет. Оның ішінде өзге де қылмыстық-құқықтық

ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеуді кеңейту, тәркілеу туралы сотқа дейінгі іс жүргізу барысындағы механизмдерді оңтайландыру қажет. Ол үшін:

Заңсыз мүлік пен қаражаттар бойынша паралельді сотқа дейінгі тергеп-тексеруді мамандандырылған, дайындалған арнайы тергеушілердің өндірісіне беру.

Грузия ҚР ҚПК тәжірибесі бойынша «Қаржылық мониторингті» енгізу. Оны күрделі қылмыстар бойынша Бас прокурордың келісімі негізінде жүргізу.

ҚР ҚК 48-бабының 2-1 бөлігін келесідей толықтырған абзал: «Сот, егер тұлға 5 жылдан астам бас бостандығынан айыру және мүлікті тәркілеу түріндегі жазаны көздейтін, оның нәтижесінде материалдық пайда табуы мүмкін қылмыстар бойынша күдікті, айыпталушы, сотталғанның, оның отбасы мүшелері, бақылауындағы заңды тұлға, үшінші тұлғалар 5 жыл ішінде алған, заңды тапқан табыстарынан құны едәуір асатын мүлікті тәркілейді. Заңды табыс құнынан аспайтын не заңды шығу тегі дәлелденген мүлікті тәркілеуге жол берілмейді».

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттелетін объектінің, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасының қажетті белгілері мен байланыстарын зерделей, жүзеге асуы мен дамуы бағынатын оның жеке заңдылықтарын анықтай келе, білім мен мәліметтерді біртұтастыққа жинақтау қажеттілігі туындайды. Бұл жұмыста біз өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу мәселелерін терең зерттеуге тырыстық.

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу әр мемлекетте түрліше сипат алуының айырмашылықтарына қарамастан, қылмыстылыққа қарсы күрестің тиімді құралы болып табылатынын көрсетті. Оның мақсаты мен міндеттері заңнамалық тұрғыдан анықталмаса да, мақсатын анықтау қажеттілігін көрсете отырып, зерттеу нәтижесінде оның негізгі мазмұны кез келген мемлекет қылмыстық құқығында: қылмыстық құқық бұзушылық жасау қару және құралдарды, қылмыстық құқық бұзушылық жасауға арналған, пайдаланылған не ондай әрекеттер нәтижесінде алынған ақша мен өзге мүліктерді өтеусіз мәжбүрлі алу және мемлекеттің пайдасына айналдыру арқылы әділеттілікті қалыпқа келтіру, қылмыстылыққа және қылмыстық мүлікке қарсы күресу, қылмыстық әрекеттің жолын кесуге, қылмыспен келтірілген залалды өтеуге, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау – деген пайымдауға келдік.

Диссертациялық зерттеу барысында өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының және жалпы мүлікті тәркілеудің құрамдас бөлігі болып табылатындықтан, сондай-ақ қосымша жаза ретіндегі мүлікті тәркілеумен бір нормамен реттелетіндіктен, аталған институттарға да көңіл бөлінді.

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу жіктемесін, белгілерін анықтау, салыстырмалы талдау жасау арқылы өзге мүлік тәркілеу институттарынан ерекшеліктері анықталды. Мүлікті тәркілеудің қылмыстық құқық уақыт кеңістігі бойынша ретроспективті талдау жүргізілді, оң

және теріс тұстары, даму бағытын анықтауға әрекет жасалды. Оны арнайы, ішінара, қылмыстық істен тыс мүлікті тәркілеу сипатын алады деген қорытындыға келіп, ҚР ҚК 48-бабының бірінші бөлігінде мүлікті тәркілеуге оны қосымша жаза ретінде ғана емес, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіне тануға мүмкіндік беретін икемді анықтама берілді. Сондай-ақ қосымша жаза ретіндегі мүлікті тәркілеудің отандық заңнамалық регламентациясы мен қолдану практикасы негізінде оны өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде тануымызға болады деген тұжырымға келдік. Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары мақсаты мен мазмұнын анықтағын арнайы норма редакциясы ұсынылды. Ол адамды жазаға тартудан не қылмыстық жазадан немесе жауаптылықтан босатудан тәуелсіз тағайындалуы қажет деп есептейміз.

Тәркіленуге жататын мүліктердің сипаты, меншік иесі бойынша саралау жүргізіліп, бірқатар мәселелер анықталды. Ратификацияланған халықаралық шарттарға сәйкес оларды тәркілеуді қамтамассыз ету мақсатында теңдестіру, анықтау мүмкін емес жағдайларда құнына тең ақша не өзге мүлікті тәркілеуді, үшінші тұлғаларға ресімдеу арқылы қылмыстық мүлікті жасыру фактілері бойынша тәркілеуге нақты талаптар енгізу қажет.

Мүлікті тәркілеу, сәйкесінше өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеуге қылмыстық теріс қылық туралы қылмыстық істер негіз бола алатындықтан, ҚР ҚПК 667-бабының екінші бөлігі, 668-бабының бөліктеріндегі «қылмыс» сөзін «қылмыстық құқық бұзушылық» сөзімен алмастыру қажет.

Өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеу институтын оның жүзеге асыру процедурасы мен оны ұйымдастырудан тыс зерттеу мүмкін емес. Кез келген институттың жүзеге асу, практикалық жағдайы оның өзге қырларынан көруге және проблемалық сұрақтарды анықтауға жол береді. Аталған ҚР ҚПК 15-бөліміне келетін болсақ, ол өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеуді жүзеге асыру

процессуалдық негіздерін және тәркілеу туралы іс жүргізу механизмін қамтиды. Зерттеліп отырған институт сот үкіміне дейін заңсыз жолмен алынған мүлікті тәркілеу бола отырып, күдікті, айыпталушының халықаралық іздестіруге жариялануы немесе ҚР ҚПК 35-бабының 3), 4) және 11) тармақтары бойынша қылмысты қудалау тоқтатылған жағдайларда заңсыз жолмен алынған мүлік бойынша мәліметтер болған жағдайда іс жүргізу басталып, ҚР ҚПК 113-бабының бірінші, үшінші бөлігіндегі мән-жайлар және ҚР ҚПК 668-бабының екінші бөлігіндегі мән-жайлар дәлелденген жағдайда ғана сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталады.

Тәркілеу туралы іс қылмыстық істің тоқтату жөніндегі шешімді қажет ететіндіктен, ал ол қылмыстық іспен танысу барысында тұлғаға тәркіленуге жататын мүлік бойынша қудалау органдарының мәліметтермен танысуы оны жасыруға мүмкіндік береді. Мүлікке қатысты әрекеттердің көбінесе санкциялауды, сұрау салуды және өзге де жеделдетілмеген әрекеттестікті қажет етуі қудалау органдарын бірнеше қадамға артта қалуына әкеледі. Одан басқа, тәркілеу туралы іс жүргізу барысында дәлелденуге жататын мән-жайлардың үлкен көлемі, тәркілеу туралы іс жүргізу жеткілікті дағды мен арнайы білімі, қажетті жұмыс жағдайлары жоқ (әсіресе уақыт пен жүктеме) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға міндеттелуі, тергеу барысындағы қудалау органдарының өзге де әлсіз тұстары, сот органдарының мүлікті тәркілеуді қолданудағы таңдаулы тәсіл сияқты институттың толыққанды қолданбауын түсіндіретін себептер анықталып, автормен оны шешудің практикалық және заңнамалық жолдары ұсынылды.

Мысалы, ҚР ҚПК 668-бабына сәйкес тәркілеу туралы іс жүргізу барысында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның жасайтын қорытындысы мен прокурордың дайындайтын тәркілеу туралы өтінішхаты негізінен бір мазмұнды құжаттар. Оның ішінде көшірмелерді растау, мазмұндық талаптарындағы өзге көмескіліктер анықталды.

Сондай-ақ аталған баптың жетінші бөлігіне сәйкес өтінішхатпен сотқа

жүгінуге негіздер жоқ деп тани отырып прокурордың қорытынды мен материалдарды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға қайтару уәкілеттілігі берілген. Мұнда қосымша дәлелдемелер жинау қажеттілігі не тәркілеу туралы іс жүргізуді тоқтату туралы тапсырмасы қандай құжатта көрсетілетіндігі анықталмаған, прокурордің шешімін уәждеу міндеті қойылмаған. Бұл өз алдына сыбайлас жемқорлық тәуекелін тудырады деп есептейміз.

Аталған себептермен, артық қағазбастылықтан арылу және қудалау органдарының жұмысын тиімді ету мақсатында бұлтартпау шараларын қолдану тәртібі негізінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адаммен тәркілеу туралы өтінішхатты қозғау туралы қаулыны жасап прокурорға жолдау, ал соңғысының оған келісім беріп сотқа жүгіну не уәжді қаулымен бас тарту ұсынылады.

Тәркіленуге жататын мүлік үшінші тұлғалардың иелігінде болған жағдайда қызығушылығы бар тұлғалар ретінде тәркілеу туралы іс бойынша хабарландыру алу, сот отырысына қатысу және айғақтар келтіру құқықтарын қарастыру алға тартылды. Сондай-ақ хабарландыруды тергеу мақсаттарына сәйкес кейінге қалдыру мүмкіншілігі қарастырылуы қажет.

Мүлікті тәркілеу туралы мәселе шешуде сот ең алдымен жәбірленушілерге келтірілген зиян орнын толтыру сұрағын шешу қажеттілігін көрсететін норма қабылдану қажеттілігін заңнамалық бекіту ұсынылды.

Шет мемлекеттердің өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары үлгілері талданып және бағаланып, ұсыным дайындау барысында отандық заңнамаға үйлесімді тәжірибелері ескеріліп отырды. Олардың ішінде параллельді қаржылық тергеу жүргізу және оны мамандандырылған тергеушілерге тапсыру, оларды ынталандыру мақсатында тәркілеу бойынша жұмысты статистикалық көрсеткіштерге енгізу не сандық критерийлерден толық бас тарту, өзге ұйымдармен өзара байланысты нығайту, реалды уақытта шоттарды бақылау тәжірибелері белгіленді. Сондай-ақ өзге де қылмыстық-

құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеуді кеңейту мәселесі назардан тыс қалмай, оны отандық заңнамада қолдану үшін икемдеуге әрекет жасалып, материалдық пайда табуы мүмкін қылмыстар бойынша кінәлі тұлға және оның туыстары, бақылауындағы заңды тұлға, үшінші тұлғамен 5 жыл ішінде алынған, заңды табыстарынан құны едәуір асатын мүлікті тәркілеуді моделі ұсынылды.

Диссертациялық тақырып аясында зерттеу нәтижесінде алға қойылған мақсатқа барлық белгіленген міндеттерді шешу арқылы толық қол жеткізілді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. «Қазақстан – 2050 стратегиясы» - 2012 ж.// akorda.kz: Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты.
URL:https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs
2. Г. Мамырбекова. Қазақ тілідегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі.– Алматы, 2017 ж., 658 б.
3. Г. А. Жаналиева, Ш. А. Алиев. Азаматтық құқықтық пәндер бойынша терминологиялық сөздік/– Қарағанды, 2013 ж., 193 б.
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІ.
5. Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі/Нұрғали Р. шығармалары. Т8. Мақалалар, сөздіктер және библиографиялық көрсеткіш.Астана: Фолиант, 2013 – 320 б.
6. Б. Қалиев. Қазақ тілі түсіндірме сөздігі - Алматы, 2014 ж., 728 б.
7. К. Қайыржан. Сөз-сандық; Қазақтың көне сөздері. – Алматы, «Өнер» баспасы, 2013 жыл – 480 б.
8. Р. С. Мухитдинов. Діни терминдерінің сөздігі. – Алматы, 2012 ж.
9. А. Н. Чудинов. Словарь иностранных слов, вошедших в состав русского языка – 1910 ж.
10. Б. Құсбекова. Орысша-қазақша терминологиялық сөздік – Алматы. Мемлекеттік тілді дамыту институты. 2010 ж. – 316 б.
11. ҚР қолданыстағы заңдарының заң терминдері мен ұғымдарының сөздігі – Астана: «Қазақстан Республикасы Заң шығару институты» ЖШС, 2007 ж., 1000 б.
12. О. И. Давыдова «Правовая природа и значение конфискации имущества»: научная статья // Журнал «Законность и порядок» - Новгород қ., 2018 ж. - №4 (20)-54-57 бб. Қолжетім режимі: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=37368995> (жүктелген уақыт: 14.02.2021 ж.)

13. Ю. Борченко. «Конфискация имущества как мера уголовно-правового характера: понятие, природа, социальное предназначение и порядок применения»: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата юридических наук - Казань к., 2007 ж. - 6-7 бб.

14. О. А. Кузнецова, В. В. Степанов Межотраслевая правовая природа конфискации имущества // Журнал российского права. 2018. №2 (254). // «КиберЛенинка» ғылыми электронды кітапханасы Қолжетім режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/mezhotraslevaya-pravovaya-priroda-konfiskatsii-imuschestva> (жүктелген уақыт: 20.02.2021 ж.) – 36 б.

15. 1990 жылғы 8 қарашада Страсбург конвенциясына жасалған Қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы конвенциясы // adilet.kz: Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі - электронды ақпарат. Қолжетім режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000431> (жүктелген уақыт: 14.02.2021 ж.)

16. Еуропа Қауіпсіздігі Кеңесінің Қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу және терроризмді қаржыландыру туралы Конвенциясы. 2005 жылғы 16 мамыр №198, Варшава// eurasiangroup.org: Қылмыстық жолмен табылған табысты жылыстату және терроризмді қаржыландыруға қарсы Еуразия Қауіпсіздігі Кеңесінің ресми сайты. Қолжетім режимі: <https://eurasiangroup.org/ru/conventions> (жүктелген уақыт: 14.02.2021 ж.)

17. Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 маусымдағы №40-IV Заңы // adilet.kz: Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі - электронды ақпарат. Қолжетім режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000040> (жүктелген уақыт: 14.02.2021 ж.)

18. Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы №31 Заңы // adilet.kz: Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі - электронды ақпарат. Қолжетім режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000031> (жүктелген уақыт: 15.02.2021 ж.)

19. 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы// adilet.kz: Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі - электронды ақпарат. Қолжетім режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (жүктелген уақыт: 10.03.2020 ж.)

20. Қазақтың ата заңдары : Құжаттар, деректер және зерттеулер он томдық = Материалы, документы и исследования в десяти томах, С.З. Зиманов ; том жетекшісі С. З. Зиманов; ред. алқасы: С. З. Зиманов [ж. б.] .- Алматы : Жеті жарғы, 2008 .– (Мәдени мұра. = Культурное наследие. – 9965-11-293-2(Т.9)(мұқ), 9965-11-141-3 - мәтіні қазақ, орыс, түрік және ағылшын тілдерінде . 9 том .– 211 б

21. Н. Д. Сергеевский. Русское уголовное право. - СПб., 1910 ж. 264 б.

22. И. Я. Козаченко. Курс советского уголовного права: Лекции. Часть Общая. - М., 1960. 324 б.

23. Декрет СНК о реквизициях и конфискациях. 16.4.1920 г. Қолжетім режимі:<http://www.consultant.ru/cons/cgi/online.cgi?req=doc&base=ESU&n=8067#oBERBySygDfpFI9W>

24. Декрет СНК о реквизициях и конфискациях. 3.1.1921 г. Қолжетім режимі:<http://www.consultant.ru/cons/cgi/online.cgi?req=doc&base=ESU&n=17293#zNsQBySzNx8GFBFK> (жүктелген уақыт: 27.08.2021 ж.)

25. 1922 жылғы 01 маусымдағы РКФСР Қылмыстық кодексі. Жалпыресейлік орталық атқарушы комитетінің қаулысымен күшіне енген //

«Кодекс» құқықтық және нормативті-техникалық құжаттардың электронды қоры;
<https://docs.cntd.ru/document/901757375>

26. О. В. Тюшнякова. Анализ конфискации имущества: история и современность // Вестник ВУиТ. 2010. №72. Қолжетім режимі:
<https://cyberleninka.ru/article/n/analiz-konfiskatsii-imuschestva-istoriya-i-sovremennost> (жүктелген уақыт: 14.02.2021 ж.)

27. А. А. Пропостин и др. Конфискация имущества: прошлое, настоящее, будущее. – 2011. 22-23 б.

28. РСФСР Қылмыстық кодексі. 1926 жылдың 22 қарашасында Жалпыресейлік орталық атқарушы комитетінің қаулысымен күшіне енген // «Кодекс» құқықтық және нормативті-техникалық құжаттардың электронды қоры; Қолжетім режимі: <https://docs.cntd.ru/document/901757374> (жүктелген уақыт: 03.09.2021 ж.)

29. М. Авдеева. Виды наказаний в действующем уголовном законодательстве и в проекте Уголовного кодекса Союза ССР // Советская юстиция. 1939. № 7. 26 б.

30. Ведомости Верховного Совета СССР. 1972. № 22. Ст. 176. 71
 Ведомости Верховного Совета СССР. 1973. № 11. 157 б.

31. 1959 жылғы 22 шілдедегі Қазақ КСР Қылмыстық кодексі // online.zakon.kz: құқықтық-ақпарат жүйесі - электронды ақпарат. Қолжетім режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1004273#pos=3;-120 (жүктелген уақыт: 03.09.2021 ж.)

32. 1997 жылғы алғашқы басылымдағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі// adilet.kz: Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі - электронды ақпарат. Қолжетім режимі: https://adilet.zan.kz/rus/archive/docs/K970000167_/16.07.1997 . (жүктелген уақыт: 04.09.2021 ж.)

33. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру

мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 9 қарашадағы 490-IV Заңы// adilet.kz: Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі - электронды ақпарат. Қолжетім режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/K970000167_/09.11.2011(жүктелген уақыт: 03.09.2021 ж.)

34. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 308 Заңы// adilet.kz: Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі - электронды ақпарат. Қолжетім режимі: https://adilet.zan.kz/rus/archive/docs/K970000167_/05.07.2008 (жүктелген уақыт: 04.09.2021 ж.)

35. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұйымдасқан қылмысқа, террористік және экстремистік қызметке қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 29 қарашадағы № 502-IV Заңы// adilet.kz: Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі - электронды ақпарат. Қолжетім режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/K970000167_/28.06.2012 (жүктелген уақыт: 15.09.2021 ж.)

36. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 10 маусымдағы № 206-V ҚРЗ// adilet.kz: Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі - электронды ақпарат. Қолжетім режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/K970000167_/03.07.2014 (жүктелген уақыт: 18.08.2021 ж.)

37. Ф. К. Набиуллин. Некарательные меры уголовно-правового характера: природа, система и социально-правовое значение :автореф. дис. канд. юрид. наук. – Казань, 2008. –22 б.

38. Б. Т. Разгильдиев. Глобальны ли иные меры уголовно-правового характера? // Научные основы уголовного права и процессы глобализации: материалы V Российского конгресса уголовного права (27–28 мая 2010 г.). – Мәскеу, 2010 ж. – 796 б.

39. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ // adilet.kz: Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі - электронды ақпарат. Қолжетім режимі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231/k14231_.html (жүктелген уақыт: 19.02.2021 ж.)

40. В. Н. Додонов. Сравнительное уголовное право. Общая часть / под общ. ред. С. П. Щербы. — М.: Юрлитинформ, 2009. —270 б.

41. Ф. Б. Гребенкин. Понятие, признаки и виды иных мер уголовно-правового характера // Системность в уголовном праве. Материалы II Российского Конгресса уголовного права, состоявшегося 31 мая-1 июня 2007 г. — М.: ТК Велби, Проспект, 2007 ж., 127 б.

42. А. С. Пунигов. Иные меры уголовно - правового характера (понятие, виды, общая характеристика). Мәскеу, 2009 ж., 31 бет.

43. А. А. Кузнецов. Применение норм Уголовного кодекса Российской Федерации, регламентирующих конфискацию имущества / А. А. Кузнецов, К. Н. Карпов // Законодательство и практика. – 2015. – № 2(35). –29-36 бб.

44. Н. А. Лопашенко. Конфискация имущества. М., 2012 ж., 107 бет.

45. К. Д. Николаев. Виды конфискации имущества // Научный вестник Омской академии МВД России. 2016. №3 (62). Қолжетім режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/vidy-konfiskatsii-imuschestva> (жүктелген уақыт: 21.02.2021 ж.)

46. А. Л. Цветинович. Дополнительные наказания: функции, система, виды. Саратов, 1989ж., 116–117 бб.

47. И. М. Гальперин, Ю. Б. Мельникова. Дополнительные наказания // Юридическая литература – Москва, 1981. 56–57 бб.

48. А. И. Васильев, А. Н. Павлухин. Исполнение уголовных наказаний, не связанных с мерами исправительно-трудового воздействия на осужденных. Рязань, 1988 ж. 52–53, 55–56 бб.

49. Ж. Құмарбекқызы. Сыбайлас жемқорлық және экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар үшін тағайындалатын айыппұл мен мүлікті тәркілеу түріндегі жазаларды қолдануды жетілдіру мәселелері. Монография // Алматы, 2018 ж., 85 б.

50. Полный курс уголовного права : в 5 т. / под ред. А. И. Коробеева. Т. I : Преступление и наказание. 117 бб.

51. Д. И. Самгина. Конфискация имущества // Наказания, не связанные с лишением свободы / под ред. И. М. Гальперина. М., 1972 ж. 95 б.

52. Ю.А. Пономаренко. Конфискация имущества в уголовном праве и законодательстве //Противодействие преступности: уголовно-правовые, криминологические и уголовноисполнительные аспекты: мат-лы III российского конгресса уголовного права, состоявшегося 29–30 мая 2008 г. – М., 2008. – 651-652 бб.

53. Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының «Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жасау қарулары, құралдары мен одан түскен табыстарды тәркілеу» тақырыптық зерттеуі – 2018 жыл, 59 б.

54. С. В. Землюков, А. В. Коняев. Конфискация: сравнительно-правовой анализ по странам Европы // Институт конфискации имущества в законодательстве государств-членов Совета Европы и в российском законодательстве: материалы международного семинара. Барнаул, 2008 ж., 48 б.

55. Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының «Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жасау қарулары, құралдары мен одан түскен табыстарды тәркілеу» тақырыптық зерттеуі – 2018 ж, 83 б.

56. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуіріндегі №480-V заңы// adilet.kz: Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі - электронды ақпарат. Қолжетім режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480#z24> (жүктелген уақыт: 10.06.2021 ж.)

57. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы N 191-IV Заңы // adilet.kz: Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі - электронды ақпарат. Қолжетім режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000191> (жүктелген уақыт: 12.06.2021 ж.)

58. «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі №6 Нормативтік қаулысы // adilet.kz: Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі - электронды ақпарат. Қолжетім режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P160000006S/compare> (жүктелген уақыт: 14.06.2021 ж.)

59. Сборник действующих договоров, соглашений и конвенций, заключенных СССР с иностранными государствами. Вып. IX. М., 1938. С. 100–107., Бюллетень международных договоров. 2000. № 8. С. 15–50, Сборник действующих договоров, соглашений и конвенций, заключенных СССР с иностранными государствами. Вып. XXXV. Мәскеу, 1981 ж., 416–434 бб.

60. Римский статут Международного уголовного суда // Қолжетім режимі: [https://www.un.org/ru/law/icc/rome_statute\(r\).pdf](https://www.un.org/ru/law/icc/rome_statute(r).pdf) (жүктелген уақыт: 18.06.2021 ж.)

61. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы N 54 Заңы // adilet.kz: Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі - электронды ақпарат. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000054>

62. Қазақстан Республикасының Терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес туралы халықаралық конвенцияға қосылуы туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 2 қазан N 347-II // adilet.kz: Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі - электронды ақпарат. Қолжетім режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000347> (жүктелген уақыт: 24.06.2021 ж.)

63. Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы конвенциясына қосылуы туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы № 246 Заңы // adilet.kz: Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі - электронды ақпарат. Қолжетім режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z980000246> (жүктелген уақыт: 24.06.2021 ж.)

64. 2005 жылғы 16 мамырда Варшава қаласында қабылданған Еуропа Кеңесінің «Қылмыстық әрекеттен табылған табыстарды жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы және терроризмді қаржыландыру туралы» Конвенция. Қолжетім режимі: <https://eurasiangroup.org/ru/conventions> (жүктелген уақыт: 24.06.2021 ж.)

65. Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржы шараларын әзірлеу тобы (Financial Action Task Force on Money Laundering - FATF) ТҚЖ/ТҚ саласындағы 40 ұсынымдың үшінші ұсынымы. Қолжетім режимі: <https://www.fatf-gafi.org/media/fatf/documents/recommendations/pdfs/FATF-40-Rec-2012-Russian.pdf> (жүктелген уақыт: 22.06.2021 ж.)

66. Данилов Андрей Петрович Конфискация: международные, российские, казахстанские уголовно-правовые нормы и требования жизни // Криминология:

вчера, сегодня, завтра. 2013. №2 (29). Қолжетім режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/konfiskatsiya-mezhdunarodnye-rossiyskie-kazahstanskije-ugolovno-pravovye-normy-i-trebovaniya-zhizni> (жүктелген уақыт: 12.11.2021 ж.)

67. Президент Қ. К. Тоқаевтың 2022 жылдың 21 қаңтарда ірі бизнес өкілдерімен кездесу көзінде сөйлеген сөзі // Азаттық радиосы веб-сайты. «Тоқаев Қазақстанда бай мен кедей арасындағы алшақтық ұлғайып кеткенін айтты». Қолжетім режимі: <https://www.azattyq.org/a/31664511.html> (жүктелген уақыт: 12.02.2022 ж.)

68. А.Ф. Каюмова. Практика применения в развитых зарубежных странах конфискации имущества в порядке in rem / А.Ф. Каюмова // Научная электронная библиотека Elibrary.ru. – Қолжетім режимі: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=36899821&> . – (жүктелген уақыт: 06.10.2021 ж.)

69. Қылмыстық жолмен алынған табыстар туралы 2002 жылғы Заң (Ұлыбритания Корольдігі) the Proceeds of Crime Act (POCA) 2002 // legislation.gov.uk - Ұлыбритания ұлттық мұрағатының арнайы сайты. Қолжетім режимі: <https://www.legislation.gov.uk/ukpga/2002/29/contents> (жүктелген уақыт: 06.10.2021 ж.)

70. The Financial Challenge to Crime and Terrorism (London: HM Treasury, 2007), pp. 10–11

71. А. Абылайұлы, Анализ зарубежного законодательства: закон Великобритании "о криминальных финансах" / А. Абылайұлы // Вестник Института законодательства Республики Казахстан. – 2018. – № 1(50). – С. 100-105.

72 А. Касенова, Б. Курманов. О повышении эффективности конфискации преступных доходов за рубежом// Заң және Заман, 5(233), 2021 ж. – 26-27 бб.

73. Т. А. Соловьева, П. А. Паулов. Противодействие коррупции в Итальянской Республике // Журнал «Вестник современных исследований» - 2019

- №29 – 53-55 бб. Қолжетім режимі:
https://elibrary.ru/download/elibrary_37088445_77300546.pdf (жүктелген уақыт:
 14.10.2021 ж.)

74. Доклад Московского бюро по правам человека Исп. «Докажи, что живешь на законные». Как Гонконг победил коррупцию. 6 июля 2010 21:44, «Пра-во.РУ» сайты. Қолжетім режимі:
<https://pravo.ru/interpravo/news/view/33469/> (жүктелген уақыт: 25.09.2021 ж.)

75. А. Ю. Ключников. Расширенная конфискация во Франции и Англии // Научный вестник Омской академии МВД России – 2017 ж. – №4 (67) – 30-33 бб. Қолжетім режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/rasshirennaya-konfiskatsiya-vo-frantsii-i-anglii> (жүктелген уақыт: 06.10.2021 ж.)

76. Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексі. 1996 жылғы 13 маусым №63 ФЗ ҚРЗ // online.zakon.kz: құқықтық-ақпарат жүйесі - электронды ақпарат. Қолжетім режимі: https://online.zakon.kz/m/document/?doc_id=30397073 (жүктелген уақыт: 17.02.2021 ж.)

77. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының (әрі қарай – ҰҚШҰ) ҰҚШҰ мүше мемлекеттерінің сыбайлас жемқорлық, терроризмді қаржыландыру және өзге қылмыс түрлеріне қарсы әрекет ету мақсатында мүлікті тәркілеу бойынша заңнамаларын жақындату бойынша Ұсыным жобасы туралы 2019 жылдың 5 қарашасындағы қаулысы №12-4.3, Ереван// Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы ресми парақшасы Қолжетім режимі: <https://odkb-csto.org/> (жүктелген уақыт: 16.02.2021 ж.) -7 б.

78. Данияның Қылмыстық кодексі. 1930 жылғы 15 сәуіріндегі №126 ДЗ // Уголовный кодекс Дании. Перевод с датского и английского С.С.Беляева, А.Н.Рычевой – СПб. «Юридический центр Пресс», - 2001 ж.

79. Н. Э. Мартыненко, Э. В. Мартыненко. Конфискация имущества по уголовному законодательству зарубежных стран // Международное уголовное право и международная юстиция №6 – Мәскеу, 2018 жыл - 20-23 бб.

80. Грузия Қылмыстық кодексі. 1999 жылдың 22 шілдесіндегі №2287 З.// matsne.gov.ge: «Законодательный Вестник Грузии» құқықтық-ақпараттық жүйесі - Қолжетім режимі:<https://matsne.gov.ge/ru/document/view/16426?publication=229> (жүктелген уақыт: 17.02.2021 ж.)

81. Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексі. 1996 жылғы 13 маусым №63 ФЗ // online.zakon.kz: құқықтық-ақпарат жүйесі - электронды ақпарат. Қолжетім режимі: https://online.zakon.kz/m/document/?doc_id=30397073 (жүктелген уақыт: 17.02.2021 ж.)

82. Швейцария Қылмыстық кодексі. 2021 жылдың 4 шілдесіндегі редакциясы// www.legislationline.org заңнамалық мәліметтер базасы. Қолжетім режимі:https://www.legislationline.org/download/id/9949/file/SWITZ_Criminal%20Code_as%20of%202021-07-01.pdf (жүктелген уақыт: 07.10.2021 ж.)

83. Criminal Code of Montenegro Official Gazette of the Republic Montenegro 70/2003, 13/2004, 47/2006 and Official Gazette of Montenegro 40/2008, 25/2010, 32/2011, 64/2011, 40/2013, 56/2013, 14/2015, 42/2015, 58/2015, 44/2017 and 49/2018

84. Technical paper on Comparative analysis between the provisions on forfeiture in the Albanian criminal code and the new Albanian Anti-Mafia Law provisions on civil forfeiture, and their applicability with regard to offences of money laundering and the financing of terrorism, Project against corruption in Albania (PACA), ECD/04/2010, 12-14, 18-20 бб.

85. ОЭСР, WGB (2014), Отчет Фазы 3 по Словении, с. 25, Қолжетім режимі: <https://www.oecd.org/daf/antibribery/SloveniaPhase3ReportEN.pdf> (жүктелген уақыт: 13.10.2021 ж.)

86. Forfeiture of Illegal Assets: Challenges and Perspectives of the Bulgarian Approach. National Report for Bulgaria. Executive summary, Transparency International Bulgaria, 2014, 6 б.

87 Қырғызстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2021 жылдың 28 қазан №127 // online.zakon.kz: құқықтық-ақпарат жүйесі - электронды ақпарат. Қолжетім режимі:

https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36675065&pos=911;375#pos=911;375

(жүктелген уақыт: 05.04.2022 ж.)

88. Особенности международного розыска (А.Ахметова, судья суда № 2 г. Семей)// online.zakon.kz: құқықтық-ақпарат жүйесі - электронды ақпарат. Қолжетім режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36386153 (жүктелген уақыт: 24.01.2022 ж.)

89. А. Агыбаев. Уголовное право Республики Казахстан: Учебник. Общая часть. Алматы Жеті жарғы. 2004 – 221 б.

90. Словарь по правам человека. — М., 2005. 478 б.

91. Судебная практика Верховного Суда Республики Казахстан по уголовным делам (1995–1997 гг.). – Алматы : Борки, 1998. – 72 б.

92. Е. Жумагулов. Власти Казахстана законно отмыли теневые капиталы. —Қолжетім режимі: http://burana.by.ru/2001/_kaz/kaz_07_24.html (жүктелген уақыт: 13.02.2022 ж.)

93. Бұғыбай Д.Б. Қылмыстық құқық: Оқулық. «Заң әдебиеті» баспасы. Алматы, 2006 - 78 б.) // Научная электронная библиотека Elibrary.ru. – Қолжетім режимі: <http://lib-ekb.kz/upload/iblock/f10/f102be4460bd2838a9834c71bb7440ef.pdf> (жүктелген уақыт: 25.11.2021 ж.)

94. А. Е. Якубов Сроки давности в уголовном праве // Законность. 2010. № 8. 43-46 бб.

95. А. Н. Ақпанов, Ф. М. Рахмитов. Ақталмайтын негіздемелер бойынша қылмыстық істі тоқтату туралы процестік шешім қабылдайтын субъектілерге қатысты // «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы» - Астана, 2018 ж. - №4 (125) Лукашевич В., Шимановский В. О праве прокурора и следователя прекращать уголовные дела по нереабилитирующим основаниям / В. Лукашевич // «Социальная законность» - 1991. - № 10. - 36–38 бб.

96 Максимихина Ю.О. Особенности производства по уголовному делу в отношении умершего // Юридический аналитический журнал. 2014. Т. 1-2. С.81-90В

97. А. Ж. Рахимжанов. Общие проблемы производства конфискации имущества до вынесения приговора. Заң ғылымдары магистрі дәрежесін алуға арналған магистрлік диссертация // Қосшы, 2019 ж. 48 б.

98. К. Б. Аджибаев. Об институте «конфискация «in rem» в проекте Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан // online.zakon.kz: құқықтық-ақпарат жүйесі - электронды ақпарат. Қолжетім режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31410904&pos=4;-113#pos=4;-113 (жүктелген уақыт: 24.01.2022 ж.)

99. М. Ч. Когамов. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан // «Жеті жарғы», 2020 г. – 998 б.

100. Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзі. «Қасіретті қаңтар» сабағы: Қоғам тұтастығы – тәуелсіздік кепілі // Akorda.kz: Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты – Қолжетім режимі: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kk-tokaevty-n-kazakstan-respublikasynyn-parlamenti-mazhilisinin-otyrysynda-soylegen-sozi-1105319> (жүктелген уақыт: 01.03.2022 ж.)

101. Фигуранты дела OLIMP KZ осуждены в Алматы https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/figurantyi-dela-olimp-kz-osujdenyi-v-almaty-i-441632/ Дело «OLIMP KZ»: суд еще не вынес приговор, но личное имущество фигурантов уже конфискуют. Судебный репортаж. Қолжетім режимі: <https://sotreport.kz/news/delo-olimp-kz-sud-eshhe-ne-vynes-prigovor-no-lichnoe-imushhestvo-figurantov-uzhe-konfiskuyut/>

102. Жедел-іздістіру қызметі туралы 1994 жылғы 15 қыркүйектегі №154-ХІІІ Заңы. // adilet.kz: Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі - электронды ақпарат. Қолжетім

режимі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z940004000_compare (жүктелген уақыт: 25.02.2022 ж.)

103. Т. Гринберг, Л. Сэмюэль, В. Грант, Л. Грей «Возврат похищенных активов» -//Альпина Паблишерр – Мәскеу – 2010 ж. - 127-129 бб.

104. Справка о результатах анализа практики конфискации имущества, добытого преступным путем. Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре // 2017 ж.

105. Н.А.Голованова «Конфискация VS коррупции (зарубежный опыт). // Журнал зарубежного законодательства и сравнительного правоведения при Правительстве РФ – Мәскеу, 2015 - №3 – 496-503 бб.

106 Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысы // adilet.kz: Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі - электронды ақпарат. Қолжетім режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P150000004S> (жүктелген уақыт: 25.01.2022 ж.)

107 А.Когамов. При доказанности незаконного происхождения.// https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39122478&pos=6;-113#pos=6;-113

